АРАБША-ҚАЗАҚША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

АРАБША-ҚАЗАҚША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Құрастырған *Н. Д. Оңдасынов*

Жалпы редакциясын басқарған
Е. Б. Бекмұхаметов

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
Алматы 1969

КІРІСПЕ СӨЗ

Тілдің қасиетін айтып жеткізу қиын. Тіл — адамға ғана біткен ырыс. Тілсіз адамзат қоғамы өмір сүре алмаған болар еді. Тіл адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын, пікір алысатын, өзара түсіністің құралы. В. И. Лениннің тіл — адамзат қатынасының ең маңызды құралы дейтіні де сондықтан. Солай болса, тілдің дамуына, оны жетілдіруге жан-жақты назар аударып отыру бәрімізге ортақ міндет. Біз осы тұрғыдан қарағанда бұл шағын еңбекті тіл игілігіне қосқан үлес дер едік.

Совет Одағының басқа халықтарының тілдеріндей қазақ тілі де Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде адам айтқысыз дамыды. Сөйтіп, бұрын өзінің жазу емлесі болмаған қазақ тілі енді әлемдегі бай тілдердің біріне айналды. Бұл өзінен-өзі бола қойған жоқ, бұл Ұлы Октябрь Социалистік революциясы жеңісінің, ұлы Абайдың орыс тілін үйреніп, білім ал, өнер тап деген өсиеттерін жүзеге асырудың жемісі. Біз кемеліне келген ұшан-теңіз қоры бар, бай орыс тілін оқып-үйрену арқылы, жаңа салған бақтай құлпырып, көсегеміз көгеріп келеді. Тіліміздің елеусіз жатқан бай қоры, саналуан асылдары жаңа дәуірдің талабына сай іске асырылып, қазір үлкен

мемлекеттік тілге айналып отыр. Мұны ешуақытта ұмытуға болмайды. Сондықтан да біз ұлы Лениннің тілін аса құрметтейміз, халқымыздың игілігі үшін келешекте де оны үйрене береміз. Бұл — елімізде сәулетті коммунизм сарайын орнатудағы, күрделі құралдарымыздың бірі.

Халықтардың әр түрлі себептермен бір-бірімен үнемі араласып келгені баршаға адамзаттың сонау көне тарихынан белгілі. Мұның өзі олардың тіл байлықтарын арттыра түсуге үлкен әсер етіп отырады.

Бұған қазақ тілі куә. Демек, «таза» тіл деген жоқ. Қазақтың ескі дәуірінде оның тіліне әсіресе әсерін тигізген араб пен парсы тілдері деуге әбден болады. Бұл — заңды қорытынды. Олай дейтініміз, алдымен, көршілес отырған мәдениетті елдер — бір жағынан Орта Азияға, екінші жағынан татар және башқұрт тілдеріне, олардан қазақ тіліне әсерін тигізді.

Парсы, тәжік, өзбек, татар және басқа да халықтардың тілдері арқылы қазақ тіліне, әсіресе әдеби-рухани, әлеумет хұқықы тарауларынан арабтың көп сөздері енген. Әрине барлық сөздерді қамтып әр қайсысының мағынасын айтып түсіндіру оңай емес. Алайда, осы шағын еңбегіміз қазақ тілімен шұғылданушыларға, атап айтқанда, оқытушылар мен оқушыларға, жазушылар мен журналистерге, үгітшілер мен насихатшыларға, жалпы интеллигенцияға азды-көпті көмегі тиер деген үмітіміз зор. Кейінгі жылдары Совет Одағының араб елдерімен қарым-қатынасы, достығы күшейіп келеді, келешекте одан да әрі күшейе бермек.

Сөздікті құрастырғанда мүмкіндігінше оқырмандардың пайдалануын жеңілдету жағы көзделді. Сондықтан реестр сөздері араб нұсқасымен және араб алфавитімен жазылды да, оның жанына қазақ алфавитімен транскрипциясы берілді. Қазақ тіліне әбден сіңген, қалың бұқараға таныс, көп қолданылатын сөздердің қазақшасы қазақ тілінің жаңа орфографиясымен жазылды. Әдетте түрліше айтылатын кейбір сөздердің араб тіліндегі бірнеше мәндері берілді. Қазақ тіліне енбеген, бірақ әдебиетімізде сирек болса да кездесетін араб сөздері мен Құран сурелерінің аттарын мүмкіндігінше арабша нұсқасына жақындатып жазуға тырыстық. Орыс тілі арқылы келген араб сөздері орысша түрімен жазылды.

Араб әріптерінің бәрі дерлік дауыссыз болады, дауысты дыбыстар жазылмайды, олар оқығанда айтылып, сөйлегенде ғана естіледі. Дауысты дыбыстар дауыссыз әріптердің астына я үстіне қосымша қойылған диакритикалық белгілер (харекелер) арқылы анықталады. Амал не, бұл харекелерді Алматыдағы баспаханаларда болмағандықтан бере алмадық. Әдетте арабша оқуға, жазуға төселген тәжрибелі адам араб жазуын харекесіз-ақ дұрыс оқи береді. Араб алфавитінде әріптердің жазылу және оқылу тәсілі көрсетілді. Жазбада араб әріптері үш я төрт түрге өзгереді де, тек олардың нүктелері ғана сақталады. Бұл араб жазуы мен оқуының аса бір ерекшелігі оның күрделі өзгеруінде. Араб алфавитінде әріптердің жазылу тәртібі көрсетілді. Оларға үңіле қарап, жақ-

сы танысқан кісі әріптердің өзгеру мәнін дұрыс аңғара алады.

Сөздер реестріне енбесе де араб тілінен алынған кісі аттары (ономастика) қосымша түрінде жеке берілді. Мұндағы мақсат, біріншіден, ол сөздердің мағынасын білу арабша мағлұматымызды арттырады, екіншіден, біздің болашағымыз — жаңа ұрпаққа ат қойғанда жақсы, әдемі аттарды талғап қоюға мүмкіндік жасайды.

Балаларға ат қою ата-ана үшін жауапты да, құрметті де міндет. Аты әдемі, өзіне жарасымды болуы керек. Елдің қалыптанған әдетінде ат қоюдың бірнеше түрлері мен жолдары бар. Көпшілікке мағынасы түсініксіз болса да ерте кезде араб аттарын кітаптан алып қоя берген. Кейбіреулер нәрестенің жарық дүниеге пайда болған қуанышы үстіне кездейсоқ қонағының, тәуір көрген адамының, тамыр-танысының атын перзентке қоя салады. Бейсембай, Дүйсембай, Жұмагүл және т. с. с. деп сәбидің туған күнін, немесе Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай және т. б. деп әкесінің жасын ат етіп қоя береді. Шынын айтқанда, құдай елемесін, адамның көзі тимесін деген ниетпен дүниеге жаңа келген гүл шешегіне, нәрестесіне ырым етіп Итбай, Итаяқ, Күшікбай және т. б. деп, тіпті ұят, адамға жараспайтын атты бере салушылар да ел арасында бұрын болған.

Енді жаңа заманда жаңа аттар қойылатын болды. Әлбетте, бұл заңды. Тарихпен санаспауға болмайды. Бірақ елдің бойына сіңген ескі аттардың бәрі бірдей жойылмайды, олардың ішінде сөздің мағынасына қарағанда

Абай, Азат, Асқар, Әнуар, Сабыр, Сафи, Садық, Бақыт, Болат, Мұрат, Мұхтар, Фазыл, Хакім, Хафиз, Хикмет, Ырыс сияқты ер аттары; Айнагүл, Гүлжан, Гүлжаһан, Әлима, Ғалия, Дина, Жауһар, Жәмила, Зарифа, Инаят, Қамила, Қатира, Ләйла, Разия, Сәлима, Сәуле, Үміт, Урия, Фарида, Жамал сияқты адамға өте жарасты, лайықты көптеген әсем қыз аттары аз емес. «Жақсы сөз — жарым ырыс» деп халық айтқандай, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, бақытты өмір шаттығына үнемі серік боларлық, адамның аты да лайықты, әбден ойланып, үлкен жауапкершілікпен, саналылықпен берілсе деген мақсат.

Осымен қатар, қазақ әдебиетінде, әсіресе ескі әдебиетте көп кездесетін арабтан келген кейбір жер-су аттары (топонимдер) 2-қосымшада берілді.

Зияны болмас деп, сөздікке қосымша ретінде арабтың екінші түрлі цифрлары мен әбжәд 3-қосымшада және құран сурелерінің атауларын 4-қосымшада бердік.

Қазір өзіміз қолданып жүрген цифрлардан (1, 2, 3, 4, 5...) басқа араб және бірқатар мұсылман елдерінде осы уақытқа дейін арабтың екінші түрлі цифрларын пайдаланады. Бұл цифрлармен біз де арабтан латын алфавитіне көшкенше пайдаланып келгенбіз. Араб әріптерімен жазылған қазақ тіліндегі кітаптарда, өткен заманнан қалған ескерткіштердің, бейіттердің, ғимараттардың жазуларында арабтың ескі цифры кездеседі. Сондықтан мұны білудің керек екені өзінен-өзі түсінікті сияқты. Оның жазу тәртібі және оқу ережелері 3-қосымшада көрсетілді.

Төртінші қосымшада Құранның 114 сурелерінің арабша аттары мен қазақша аудармасы берілді. Бұлай етудегі көздеген мақсатымыз дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу ісіне жәрдемі болар деген үміт. Қожа-молдалар, алдамшылар жаратылыс танудан ғылыми түсінігі жоқтарды, құдайға сенушілерді — Құранның сөзі — құдайдікі, хадис сөзі — пайғамбардікі, оны орындамасаң, қайыр-садақа бермесең, ақыретте күнәң үшін отқа жанасың деп қорқытатындар, халықты алдап, азғырып, оның дүниесін бекерге талан-таражға ұшырататындар әлі де бар. «Сиыр», «Құмырсқалар», «Үңгір», «Өрмекші», «Түтін», «Жын», «Ширатылу», «Жапқыш», «Піл» деген сияқты сурелері аттарынан-ақ Құранның ғажайыптық, құдайлық еш нәрсесінің жоқ екенін әр кімнің де байқауына болады. Құран көктен түскен жоқ. Ол ерте замандағы арабтың өмірімен байланысты және халықтың аңызынан алынған ертегілердің жинағы, одан басқа оның түк те қасиеті жоқ. Кейбір сурелердің атаулары қазақ тіліне сіңбесе де, пайдалы болар деген пікірмен олардың аудармасын сөздікке қосымша ретінде беруді лайық көрдік.

* * *

Орта ғасырларда Шығыс ойшылдары мен ақындары, ғалымдары мен саяхатшылары араб алфавитімен дүние жүзілік маңызы бар, қаншама құнды шығармалар жазды. Олардың ішінде әлемге әйгілі Әбунасыр Әл-Фараби, Баласағұни Юсуп, Махмуд Қашқари, Әбурайхан Биру-

ни, тағы басқалар бар еді. Тіпті алысқа сілтемей-ақ, өзіміздің халықты ғана алатын болсақ, ол ұзақ уақыт араб алфавитімен пайдаланып келді.

Қазіргі совет азаматтары жан-жақты мағлұматты болулары керек, олай болуға барлық жағдай бар. Сондықтан да арабтың тілін оқып-үйренудің жаттығы жоқ. Бұған машықтанған адам араб әріптерімен жазылған шығыстың алуан түрлі әдеби бұлағынан сусындап, құмардан шығар еді. Осы тұрғыдан қарағанда алғашқы еңбегімнің халық игілігіне иненің жасуындай себі тисе, өзімді бақыттымын деп білер едім. Мұны жұртшылықтың тезі біледі. Бұл кітаптың кемшілігін айтып, келелі пікірлерін жазып жіберген қымбатты оқырмандардан алдын ала кешірім сұрап, күні бұрын алғыс айтамын.

Осы сөздіктің жарыққа шығуына ғылми тұрғыдан достық, жолдастық ақыл-кеңес берген Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ. Ә. Мұсабаев, ғылым кандидаттары Е. Б. Бекмұхаметов, Ө. Есназаров, А. Құсайынов жолдастарға шын жүректен алғыс айтамын.

Құрастырушы.

СӨЗДІКТІ ПАЙДАЛАНҒАНДА МЫНАЛАРДЫ ЕСКЕРУ КЕРЕК

1. Сөздікке енген реестр сөздер араб алфавитімен жазылды, оның транскрипциясы қазақ алфавитімен берілді деп жоғарыда айттық. Ол сөздердің мағынасын анықтағысы келгендерге араб тілі сөздігінен карауларына болады.

2. Қазақ тіліне енген арабтың төл сөздерінің көпшілігі форма жағынан ұлт ерекшелігіне қарай аз да болса өзгеруі заңды сияқты. Мысалы, арабша ихтияр, қазақша ықтияр, арабша әлифба, қазақша әліппе, арабша ғақыл, қазақша ақыл, арабша мағқұл, қазақша мақұл, т. б.

Арабтың кейбір кірме сөздері қазақ тіліне өзгермей сіңгендігі байқалады. Мысалы, адам, құрбан, сыр, тарих, тарихи, т. б.

3. Бұдан кейін реестр сөздің арабша мағынасы қазақша берілді. Түсінікті болу үшін кейде мысалдар келтірілді. Мысалы, ырыс деген сөзге: «ырыс—ауыс, білім—жұғыс» *(мақал)*. Қазақ тіліне енген араб сөздерінің түбірі оқырмандарға айқын болу үшін сөздердің араб ұғымындағы мағынасы мен мәндері толық берілді. Егер

олар көп мағыналы болса, ондай сөздер араб цифрымен 1), 2) делініп, тұйық жақшада жеке-жеке берілді.

4. Бұл айтылғандар жеткіліксіз болса, сөз мағынасын анықтау үшін жақша ішінде синонимдері көрсетілді. Мысалы: аза тұту (қайғыру) деп түсінік берілді. Мысалы, тауарих (тарихтың көпше түрі).

АРАБ АЛФАВИТІ

Катар саны	Әріптердің аты	Транскрипция	Әріптердің жазылу түрі: сөздің аяғында	сөздің ортасында	сөздің басында	жеке түрі	Араб сөздерін қазақша айту ықпалымен кейбір әріптер төменгіше өзгеріп айтылуы мүмкін
1	Әлиф	а	ـا	—	ا	ا	
2	Би	б	ـب	ـبـ	بـ	ب	п
3	Ти	т	ـت	ـتـ	تـ	ت	
4	Си	с	ـث	ـثـ	ثـ	ث	с
5	Жем	дж	ـج	ـجـ	جـ	ج	дж
6	Ха	х	ـح	ـحـ	حـ	ح	а, ә
7	Хи	х	ـخ	ـخـ	خـ	خ	қ
8	Дәл	д	ـد	—	د	د	
9	Зәл	з	ـذ	—	ذ	ذ	з
10	Ре	р	ـر	—	ر	ر	
11	Зи	з	ـز	—	ز	ز	
12	Сын	с	ـس	ـسـ	سـ	س	
13	Шын	ш	ـش	ـشـ	شـ	ش	
14	Сат	с	ـص	ـصـ	صـ	ص	с
15	Зат	з	ـض	ـضـ	ضـ	ض	з
16	Тай	т	ـط	ـطـ	طـ	ط	т
17	Зай	з	ـظ	ـظـ	ظـ	ظ	з
18	Ғәйін	ғ	ـع	ـعـ	عـ	ع	а, ә
19	Ғайын	ғ	ـغ	ـغـ	غـ	غ	қ
20	Фи	ф	ـف	ـفـ	فـ	ف	б, п
21	Каф	қ	ـق	ـقـ	قـ	ق	
22	Кәф	к	ـك	ـكـ	كـ	ك	

АРАБ АЛФАВИТІ

Катар саны	Әріптердің аты	Транскрипция	Әріптерінің жазылу түрі: сөздің аяғында	сөздің ортасында	сөздің басында	жеке түрі	Араб сөздерін қазақша айту ықпалымен кейбір әріптер төменгіше өзгеріп айтылуы мүмкін
23	Ләм	л	ـل	ـلـ	لـ	ل	
24	Мим	м	ـم	ـمـ	مـ	م	
25	Нұн	н	ـن	ـنـ	نـ	ن	
26	Уау	о	ـو	—	و	و	ұ, ү
27	Һи	h	ـه	ـهـ	هـ	ه	х, ә, е, ү
28	Иә	я	ـي	ـيـ	يـ	ي	ж, и, ы, і, й.

ا

ا **әлиф** а — араб алфавитінде бірінші әріп.

ابجد **әбжәд** Сонау еврей халқынан арабқа ауысқан сандық мәні бар алфавит (үшінші қосымшаны қара).

Сен-ақ оқы әліп пен *әбжәтті,*
Мұрным әліп болғанда, қасым мәт-ті...

(Ұлбике).

ابليس **ибліс** ілібіліс — дін ұғымында шайтан.

ابن **ибн** Ұл, ұлы, баласы. Мысалы, Ілияс *ибн* Омар.

ابيات **әбият** Өлеңдер (бәйіттің көпше түрі).

اتفاق **иттифақ** Ынтымақ, бірлік, одақ, келісім, татулық. Совет Одағы мен араб халықтарының *ынтымағы* (иттифағы) арта берсін!

اثر **әсәр** 1) әсер, ықпал, ырық; 2) әдеби, ғылыми шығарма; 3) ескерткіш, із, белгі.

اجازت **иджазәт** — Рұқсат, ырзалық.

اجل **әджәл** 1) ажал, өлім; 2) өмір, ақыры, жантәсілім; 3) шек, шекара, мерзім,

Қызықты, тәтті өмір бітесің-ау,
Алдынан *ажал* тосып күтесің-ау...

(С. Торайғыров).

اجتهاد **иджтиһад** Иждаһат, тырысу, ынта, жігер, ықылас.

...Әнуар онан сайын қылды *иждаһат,*
Үміттің көргеннен соң жылы жүзін

(С. Торайғыров).

اختلال **ихтилал** 1) бүлік, бүліншілік, көтеріліс; 2) даудамай, лаң салу, жұртты құтырту.

احتمال **ихтимал** Ықтимал, мүмкін, бәлкім, болжал, шама, жорамал, ниет. ...Өзі айтқандай ойға алған мақсатына жетсе де, сүйегі сол жақта қалып қоюы *ықтимал* емес пе еді?— деп ойлады ішінен Скориков... *(Нурпейісов).*

احتياط **ихтият** Ықтият — сақтық.

احرام **ихрам** (қажылардың мекедегі «әулие» саналатын қасиетті жеріне баруы және онда киетін киімі).

احرام **әхрам** (харамның көпше түрі).

احزاب **әхзаб** 1) партиялар, топтар (хизбтің көпше түрі); 2) құранның алпыстан бір бөлігі; 3) әл-Әхзаб (Құранның отыз үшінші сүресінің аты).

احقاف **әхқаф** 1) құм, төбелер; 2) әл-Әхқаф (Құранның қырық алтыншы сүресінің аты).

احمر **әхмәр** Қызыл.

احمق **әхмәқ** Ақмақ, ақылсыз. ...Саған ақылдасқан

мен де *ақымақ* деп, сонан жаман сақалын жұлды *(С. Торайғыров)*.

احوال **әхуал** Ахуал (халдың көпше түрі). 1) хал, жағдай; 2) әл-ауқат, күш-қуат, жай-күй.

اخبار **әхбар** Ақпар (хабардың көпше түрі).

...*Ақпарына* жеткізген
«Найзағайды» алған соң,
Табуға тез бастықты
Таптыруға астықты,
Жасауға бір «перелом»
(І. Жансүгіров).

اختيار **ихтияр** Ықтияр, ерік.

Амал жоқ, *ықтиярсыз* құл қыласың,
Маған салса, қасыма келме жуық
(С. Торайғыров).

آخر **ахир** Ақыр, соңы, ақыры.
Жүйрік уақыт шаршатпай коймас *ақыр*.
Ғылым туын қолға алып шықса біреу,
Бұзық келді, болды-ау заман *ақыр* дейді.
(С. Торайғыров).

آخر زمان **ахир зәман** Ақыр заман; *дни;* ақырғы, ең соңғы дүние. *Ақыр заман* боларда тажал деген шығып, дүниені жалмайды, адамды сол апаттан жер астынан шыққан Мәді ғана құтқарады,— дейді араб ертегісі *(С. Мұқанов)*.

آخرت **ахирәт** Ақирет — ол дүние. ...Не білімге, *ахи-*

ретке, не дүниеге жарамды, күнді өзің өкінбестей қылықпен өткізінсің? (Абай).

اخروى **ұхрәуи** Ақыретшіл — о дүниешіл (сопы адам). Бірақ ұхрауи пайдасын ғана күзетті *(Абай)*.

اخلاص **ихлас** 1) Ықылас, пейіл, ниет, берілу; 2) әл-Ихлас (Құранның жүз он екінші сүресінің аты).

Ақтармын оқып-жетіп адам атын,
Басқаға жоқ *ықылас* бөлуге мен
(С. Торайғыров).

اخلاق **әхлақ** Ахлақ (құлықтың көпшесі). Адамның мінез құлқын, пікірін, тәртібін білдіретін психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы.

ادب **әдәб** Әдеп (тәрбие, әдептілік, сыпайылылық, көргенділік, құлықтылық). Совет балалары тәртіпті, *әдепті* келеді.

Сөйлесер күндіз болса жүрмес қашып,
Сонда *әдепсіз* сөз кетсе араласып...
(С. Торайғыров).

ادبى **әдеби** Әдеби — әдепті, сыпайы, көргендік, мәдениетті. Халықтың *әдеби* тілінің дамуы — баршаға ортақ іс. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса... Сипаты өзіндей қадім, һәм әзәли, әһм *әдеби... (Абай)*.

ادبيات **әдәбият** Әдебиет жалпы жазба және көркем шығармалар. «Евгений Онегин» — орыс *әдебиетінің* Пушкин дәуірін суреттейтін көрнекті кітап болуымен бір-

ге, жазушының ақындық пішінін түгел көрсететін шығарма *(І. Жансүгіров).*

آدم **адам** Діншілдердің ұғымынша, тұңғыш адам, адам ата.

...Кім *адам,* кім айуандық істегенін,
Кімнің дос, кімнің қасын анық білер
(С. Торайғыров).

اذان **азан** 1) мұсылмандарды намазға шақыру; 2) таңғы мезгіл. ...Ишанның шатып-бұтып айтқан түпсіз өтірік ертегісі мен қиратып, сындырып айтқан *азанын* есітпекші *(С. Торайғыров).*

اذى **әза** Аза 1) ауру, зәбір, реніш; 2) зиян, залал; 3) аза тұту (қайғыру), аза салу — қайғылы жақынға жәрдем ету.

ايذا **иза** Ыза, азап, қасрет туғызу, ызасын келтіру.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл...
(Абай).

ارادە **ирадә** 1) тілек, ниет, ой, ықылас; 2) қалау, ерік, ықтияр; 3) ол *ирада* — ғылымның бір сипаты *(Абай)*

...Екі шал атастырған немересін,
Артқыны жақын қылмақ *ірәдасы*
(С. Торайғыров).

ارواح **әруах** Аруақ (рухтың көпше түрі). 1) рух; 2) жан; 3) елес; (халықтың ар-намысы).

Бір кісі бір табағын лақтырды итке.
«Байбол», сірә, аруақты қорлап бүйтпе
(С. Торайғыров).

استخراج **истихрадж** Бір заттың ішінен шығару, табу. Фиғыл пәнденің қазығы — осы жақсы хакимдер, әр нәрсе дүниеде солардың *истихраджы* бірлән рауаж табады *(Абай).*

استغفر الله **әстәгфируллаһ** Астапыралла! *Діни;* Құдайдан кешірім сұрау, я таңдану мағынасын беретін сөз. Астапыр-алла! Тәуба, Құдай сақтай гөр!.. *(С. Торайғыров).*

استاز **ұстаз** Ұстаз, мұғалім, жетекші, профессор.

استاد **ұстад** Ұста, шебер.

اسرا **исра** Түнгі сапар, (діни әл-Исра — Мұхамедтің түнгі сапары туралы (Құранның он жетінші сүресінің аты).

اسراف **исраф** Ысырап 1) дүние шашушылық; 2) мөлшерден шығу.

...*Ысырап* қайта малын шашып жүрген,
Мақтама дәулетке мас адамдарды
(Ақсұлу).

اسرافيل **исрафил** Ысырапыл; *діни,* мұсылмандардың ұғымынша ақырзаманның болғанын керней тартып ха-

барлаушының және қатты сұрапыл дауылмен өлген адамдарды қайта тірілтетін періштенің аты.

Ысырапыл сүрін үріп тұрғандай-ақ
Бұркырап самал тұрса шаң қаптайды

(Мансұр).

اسقاط **Искат** Ысқат 1) шегеру, кеміту; 2) құлату; 3) дін түсінігінде молдаларға шариғат тәртібі бойынша берілетін төлем мен өлген адамның күнәсін сату деген сөз.

اسلام **ислам** 1) ислам — VII ғасырда аравияда Мұхаммед «пайғамбар» негізін салған дін, мұсылман діні; 2) мұсылмандар.

Бұхара баратұғын базарымыз,
Жақын боп дін *исламға* таза жүрміз...

(Дәме қыз).

اسلامی **ислами** 1) мұсылмандық; 2) мұсылман дәуіріне тиісті.

اسلاميات **исламият** Исламдық 1) мұсылмандық, мұсылмандар; 2) мұсылмандық өзгелігі, айырмашылығы.

اسم **исм** Есім 1) ат, аты, атақ; 2) басы, басталуы (кітаптың). Бұл сөзіме наклия дәлелім — жоғарыдағы жазылмыш есімдер *(Абай).*

...Колхозының *есімін* «Жаңа тұрмыс» қойыпты *(І. Жансүгіров).*

اشاره **ишарә** Ишара 1) нұсқау, ым; 2) кеңес; 3) белгі, дабыл, тұспал.

اشارات **ишарат** Ишарат (ишараның көпше түрі). Аяғы екі аяққа мәсіх пенен бітуші еді, бұлар хәммасы болмаса көбі *ишарат* еді *(Абай)*.

اشهال **әшһәлә** Әшһала, организм дамуы, әшһала болуы, жылдамдату, тездету, дамыту.

اصحاب **әсхаб** Асқап (сахибтің көпше түрі). 1) серік, 2) жолдас, дос, тамыр; 3) қожа, ие. Мұхаммедтің серіктері, асқаптары.

اصيل **әсил** Асыл 1) текті тұқымы, бекзада; 2) асыл тұқым; 3) дұрысы, нағыз; 4) табиғи. Асыл — тастан, ақыл — жастан (мақал).

اصناف **әснаф** Әснап — түркі елдерінің рулары.

اطراف **әтраф** Атрап (тараптың көпше түрі). 1) Жақ, жан-жақ; 2) беталыс; 3) ұш, шет, шеткі жер, түкпір.

اطاعت **итағат** Итағат, сөзге итағат ету, құлақ асу керек. 1) Тыңдау, құлақ салу, тіл алу; 2) бойсұну, ырыққа көну, бағыну.

اطلس **әтләс** Атлас (географиялық атлас).

اطلس **әтләс** Атлас (матаның бір түрі).

Қадаған бітеу үкі, шым кестелі,
Тұскиіз түрлентіп тұр керегені.
Құс мамық, *атлас* көрпе, шайы жастық,
Жолбарыс, аю жатқан іргелері

(І. Жансүгіров).

اعتقاد **иғтиқад** Ықтиқат 1) илану, нану, сену, бойсұну; 2) *діни*, діншілдік сенім.

Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі иманның *еғтиқатын* махкемлемек керек... *(Абай)*.

اعراف **әғраф** 1) *діни*, діншілдердің ұғымы бойынша, о дүниеде ұжмаққа кіру үшін күнәдан тазартатын орын; 2) бөгет, тосқауыл, кедергі; 3) әл-Әғраф (Құранның жетпісінші сүресінің аты).

اعضا **әғза** Ағза — бір ұйымға мүше, ағза болу. ...һәм көзге көрінбейтін *ағзаларымды* да пак етемін, бұл пактінің үстінде... дұға айтамын деп әзірленесіз *(Абай)*.

اعظم **әғзәм** Ағзам 1) ұлы, ең зор; 2) ең үлкен; 3) ең маңызды.

Я пірім, ғайып иран қаусыл *ағзам!*
Шадияр масайықтар, имам ағзам! —

деп шуласты мүридтер *(С. Торайғыров)*.

اعلم **әғләм** Ағлам барлығынан хабары бар, барлығын білетін. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән *ағламланған* фиғыл... фиғылымызды ерітпек не бірлән табылады... *(Абай)*.

اعلى **әғла** Ағла 1) асқар, ең биік, ең жоғары; 2) аса ұлы, ең зор; 3) әл-ағла (Құранның сексен жетінші сүресінің аты).

Ойланса, сөз табылар, *ақыл-ағла*
Берейін тапсам жауап сауалыңа.
(Кете Жүсіп)

اعوذ **әғузү** Сыйынамын, сақтанамын, сақтауды сұраймын.

...Қылқиып мойындары шарт жүгініп,
Мықшита «ағуызын» «құран» оқыр
(С. Торайғыров).

اعوذبالله **ағузубиллаһи** Ағузубіллә — құдай сақтасын деген мағынада.

آفت **афәт** Апат 1) апат, ойран; 2) ауру, кесел, күйреу, құру.

...Күн бұрын келтірмейтін жолын тапсам,
Шаруаны түрлі *апаттар* жеңбес болса.
(С. Торайғыров).

افضل **әфзәл** Апзал, онысы өте жақсы, апзал болған екен, 1) адамгершілік, ізет, құрмет, қызмет, еңбек; 2) жақсылық ету; 3) артықшылық, басымдылық.

...Ат біліп, жүз танымақ бір ғанибет,
Абзалдұр сөйлеспекке, атың білдір.
(Жарылғасын қожа).

افیون **әфион** Апиын, апиын жасау.

Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлмамбет неменеден сайтандайды?
(Жамбыл).

اقبال **икбал** Ықпал, ырық, әсер. Мысалы, орыс әдебиетінің ықпалы басқа халықтардың әдебиетіне әрдайым тиюде. 1) алға басу; 2) жақындауындай, тәсіл, амал; 3) мақұлдау, ұнату, қалау, тілеу, тілек.

Басыңа *ықпал* арнап, бақыт қонса,
Қайырсыз катарыңа болма онша.

(Тұрмағамбет).

اقرار **икрар** Ықырар 1) жорамал, долбар; 2) орнату, белгілеу, заң күшін беру, дәлелдеу, анықтау; 3) мойындау, мойынға алу; 4) тану; 5) сана, түсінік. Онан соң қиямда тұрып бағламақ... Қадирлігіне өзінің ғажиздығына *ықрарының* беріктігін көрсеткен ишараты *(Абай).*

اقليم **иқлим** Ықылым, материк. Мысалы, жеті *ықылымға* даңқым жеткен *(Ақан сері).* 1) уәлаят, өлке; 2) ауа райы, климат.

اقوام **әкуам** (қауымның көпше түрі) — халық, ұлт, жұрт, қоғам; 2) кісілер, адамдар.

اكبر **әкбәр** Әкбар 1) өте үлкен, өте зор, (алла эпитеті); 2) аса маңызды; 3) аға, үлкен аға.

اكثر **әксәр** Әксар 1) үлкен, көп; 2) аса көп, өте үлкен.

آل **ал семья** Жұрағат, ұрпақ, әулет, ру, династия. Ал-Ғұмран (Құранның үшінші суресінің аты).

الهی **илаһи** 1) құдай, тәңірі, құдайдың; 2) құдайшыл, діни; илаһи құдай деп жөнелді.

التفات **илтифат** Ілтифат 1) үндеу, 2) назар, ықылас, қызық, игі ниеттілік: 3) көзқарас, жүз аудару.

Елтипат ешбіріне қылмаған соң,
Құр іштен қапа болып жанын қинар

(С. Торайғыров).

الجبر **әлджәбр** Алгебра (математиканың бір бөлімі).

الحمد لله **әлхамдулиләһи** *Діни.* Әлхамдулла (құдайды мақтау). «Құдайдың даңқы арта берсін», «Құдайға шүкір» деу.

Білмесе де *әлхамның* ғибратын,
Жемтік көрсе молдамын деп тістей қату
(С. Торайғыров).

الذى **әлләзи** Әлләзи 1) қай, қайсы, кім; 2) былжыр кісі, езілген адам.

الذين **әлләзинә** (әлләзидің көпше түрі).

السلام عليكم **әссәламуғәләйкум** Ассаламағалайкум, бұл сәлем берудің мағынасы: сізге бейбітшілік, тыныштық болсын (орнасын) деген сөз.

...*Ассалаумағалайкум,* молда тақсыр!
Ауырып қалыпсың-ау жолда тақсыр?
(І. Жансүгіров).

السموت **әс-сүмут** Азимут 1) бағыт, беталыс; 2) *астр.* азимут, аспан сферасының белгілі бір нүктесі арқылы өтетін меридиан жазықтығы мен тік жазықтық сызығының бұрышы.

الشرقيات **әш-шәрқият** Әш-шарқият (шарқиятты қара) 1911 жылы орыс тілінде бірінші рет шыққан Абайдың бірер өлеңдер жинағының аты.

الغية **әлғийя** Алғия — алдамшы, **әлғия** жан; 1) бір нәрсеге әуестену, еліккен кәсіп; 2) дәме, орынсыз тілек.

الف **әлиф** Әліп — араб алфавитінің бірінші әрпі.

Дүние үшін оқығандар қызын алып,
Қыздары білмесе де жалғыз *әліп*...
(С. Торайғыров).

الفبا **әлифба** Әліппе, алфавит (жазу жүйесіне арналған әріптер жинағы).

Бірге оқып ең әуелі *әліп-биді*...
Қосылып әнге салып «жұм» мен «сиді»
(С. Торайғыров).

الفه **илфә** 1) дос, құрбы, жолдас; 2) тұрақты, келіпкетуші.

الفت **үлфәт** Ұлпат 1) ризалық, татулық, ынтымақшылық, пікірлестік; 2) сүйкімділік, достық, махаббаттық, *Ұлпат* болсын.

القلى **әл-қали** Қалий (сода, сілті, сақар).

القلوز **әл-қәлуз** Алқалоз (қанда, дененің тарамдарында сақалдың көбеюі).

القلويات **әл-қалуият** Алколоид азот текті химиялық заттар.

الكحول **әл-құхул** Алкаголь — спирт, спиртты елтіткіш ішімдіктер

الكيميا **әл-кимиа** Алхимия — орта ғасырда жай металды табиғатта болмаған «фәлсәфә тасы» арқылы алтынға айналдыру жолын іздеу әрекеті.

الله **әллаһ** Алла — құдай.

Оллахи! Ант етемін *алла* атымен,
Орыс тілін білемін һәм қатымен
(С. Торайғыров).

المـاس **әлмас** Алмас, алмаз (алмас қылыш). Алмастың жауы — қорғасын *(мақал).*

الوان **әлуан** Алуан 1) түс, сыр; 2) бояу; 3) ас, тамақ; 4) сорт.

Отаны азаттықтың, адамзаттың!
Бай жерім, бақытты елім — Ұлы Одағым;
Табысқан туысқандай *алуан* халық
(І. Жансүгіров).

الهام **илһам** Шабыт, рух, ұйыту, сендіру. Тыңдаңдар илһам сөздерін ақындардың!

امام **имам** Имам *діни* — молда, дін басы, жетекші, көсем.

...Түбің қожа болғанмен ұшқалақсың,
Сабырсыз жан *имамға* қосылмайды.
(Ұлбике).

امت **үммәт** Үмбет 1) Ұлт, халық; 2) қауым; 3) Мұхаммедтің *үмметтері;* мұсылмандар, ислам дініне бағынушылар

Мен сенен өлең алған бар ма жерім?
Алғанға менен өлең мал бердік! — деп
Дулаттың тия кепсің *үмбеттерін*
(Мықан қыз).

امتحان **имтихан** Емтихат — байқау, сынау, сынақ.

امر **әмр** Әмір 1) бұйрық, жарлық, жарлық беру; 2) нұсқау, директива. Қожа-молдалар алдау үшін құдайдың әмірін орындамағандар «о дүниеде» жауапты болады-мыс деп халықты қорқытады. Құнанбай қысқа-қысқа *әмірді* ауыл бас сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан *(М. Әуезов)*.

امكان **имкан** Мүмкіншілдік, мүмкіндік, қабілеттілік, алғырлық.

امكانيت **имканият** Мүмкіншілдік, мүмкіндік.

امن **әмән** Аман 1) қауіпсіздік, тыныштық; 2) алушылық, ескерту.

Білмейді тұрарында, қашарын да,
Қайтсе *аман* еркіндікпен жасарын да
(С. Торайғыров).

امانت **әманәт** Аманат 1) сенімдік, дәлелдік, адалдық; 2) сақтау үшін берілген зат, сенімділік, мүлік; 3) ауыспалы мағынада сый, мұра; 4) секретариат. Отанның аманатын орындау — ер міндеті.

...Әнуардың *аманатын* орындаған,
Сөксе де өз шешесі бұл жұмысын
(С. Торайғыров).

املا **имла** Емле 1) жатқа жазу; 2) емле ережесі, дұрыс жазу ережесі. 1940 жылы орфографиялық ережелерде күрделі сын есімдердің *емлесі* нақты айтылмаған-

дықтан, бұлар біресе бөлек, біресе бірге жазылып келеді. *(Лен. жас).*

امين **әмин** Аумин 1) шын берілген, сенімді, адал, ең анық; 2) қауіпсіз; 3) сәтті; 4) *діни* — аумин! Әкесі баласына *«аумин»* деп батасын берді. Нұрым да *«омин-омин»* деп, аузын толтырып, ...құр-құр етеді... *(С. Торайғыров).* — *Амин!* деді малға бата қылдық *(І. Жансүгіров).*

اميرال **әмирал** Адмирал (теңіз әміршісі деген араб сөзінен алынған); Совет Одағының Теңіз флотының адмиралы (теңіз флотында ең жоғары шен).

انبيا **әнбия** *Діни.* Әнбие (нәбидің көпше түрі) пайғамбарлар. Әл-Әнбия (Құранның жиырма бірінші суресінің аты).

انتظار **интизар** Ынтызар. 1) зарығып күту, тосу; 2) кейінге қалдыру. Ол ақырында көп күткен құштарымен, ынтызарымен қосылып, мұрадына жетті.

Ал енді Әжібай мырза көрсе қызар,
Аузымен Аппақайға бек *ынтызар*
(С. Торайғыров).

انجيل **инджил** Інжіл (христиандардың негізгі діни кітабы — Евангелие).

Алланың анық сырын бүркей сөйлеп,
Алдады тексеруші тағы *інжілді!..*
(А. Пушкин).

انسان **инсан** Енсан — адам; әл-Енсани (Құранның жетпіс алтыншы суресінің аты). Жансыз жаратқандары-

нан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан ақылды *инсанды* жаратыпты (Абай).

انسانيت **инсаният** 1) адамзат, адам баласы; 2) адамгершілік, шыншылдық; 3) сыпайылық, әдептілік, көргенділік; 4) адам табиғаты. Сен де бұл ғылым, рахим, ғадаләт үш сипатпенен... шарт еттің... *инсаниятың* бар болды *(Абай)*.

انشا الله **инша алла** *Діни.* Еншалла, құдай қаласа. Енша 1) құру, құрылыс, түзу, негіздеу; 2) жарату, жасау; 3) құрастыру, шығарма.

Келгенше осыларды отыз жасқа,
Іншалла бәрін түгел ұғам басқа
(С. Торайғыров).

انشراح **иншірах** 1) қуаныш, шаттық, молшылық; 2) әл-Инширах (Құранның тоқсан төртінші сүресінің аты).

انشقاق **иншиқақ** 1) бөліну, жырылу, келіспеушілік; 2) әл-Иншиқақ (Құранның сексен төртінші сүресінің аты).

انصاف **инсаф** Нысап 1) әділеттік, әділдік, туралық; 2) әділ сот, тартпаушылық.

...Жазып па құдай бізге сасық шалды?
Құдай тұрсын *нысапты* пендесі де
Қоса ма қу ағашқа өрім талды?
(С. Торайғыров).

انعام **ингам** 1) наград, сыйлық, шарапаттық, жақсылық; 2) назар, ілтипат, ықылас, ынта. Әл-Әнгам (Құранның алтыншы сүресінің аты).

انفال **әнфал** 1) тарту, сый, сыйлық; 2) табыс; 3) әл-Әнфал (Құранның сегізінші сүресінің аты).

انفطار **инфәтар** 1) жарылу, бөліну, жару; 2) әл-Инфатар (Құранның сексен екінші сүресінің аты).

انقلاب **инкилаб** Еңкилап 1) өзгеріс; 2) төңкеріс, революция.

اوان **әуан** Ауан, уақыт, маусым, мезгіл, мерзім.

اول **әууәл** Әуел 1) бірінші, тұңғыш; 2) басы, басталуы.

Әуелде кірдің түсіме, ортақтасып өміріме,
Толғау салып ішіме,
Сол күнде-ақ жақтың көңіліме...

(*Абай*).

اولاد **әулад** Әулет 1) балалар; 2) туыс, жамағат, ұрпақ.

«...Жәпек пенен төртеуі
Бәрі ерлер *әулетті»*

(*Жамбыл*).

اولى **әууәлі** Әуелі 1) алғашқы, бастапқы, бастауыш; 2) негізгі, басты, ең басты, ең маңызды.

اوليا **әулия** Әулие (уәлидің көпше түрі). 1) жақын, туысқан; 2) қозғаушы, қамқоршы, сүйеуші.

Төре келсе жалаңбас шұлғып, билеп,
Бәйек боп, *әулиедей* ізін сүймек...

(*С. Торайғыров*).

اهل **әһл** Әһіл 1) туыс, туысқан, ағайын, зайып, семья; 2) халық, тұрғындар; 3) адамдар.

اهلی **әһли** 1) үйлік, семьялық; 2) жергілікті, отандық; 3) халықтық, ұлттық, азаматтық.

Күллі мақлұқ өзгерер, алла өзгермес.
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес...
(Абай).

آيات **Аят** 1) белгі; 2) ғажап, тамаша, керемет; 3) Құранның аяты — өлеңі.

...*Аятпен* арамдайтын қан ішкем жоқ,
Ит пенен молдадай мен ет жеп пе едім,—

деді шошқа. *(І. Жансүгіров).*

آيةالكرسی **Аяту-л-күрсі** Құдайдың тағы, оның кереметтері туралы нанымсыз *аяты*, өлеңі.

ايمان **иман** 1) құдайға сену, илану, діншілдік наным; 2) сауап; 3) иман айту. Сауапты көп істеген «о дүниеде» жарылқанатын мұсылман деген алдау.

Шынымен сол Нұрымға қиғаның ба?
Бес қара сатып алған *иманың* ба?
(С. Торайғыров).

ب

ب **би** б — араб алфавитінде екінші әріп.

باب **баб** 1) есік, кіріс; 2) тарау, бөлім; 3) көз, бұ-

лақ; 4) бір түрі, тек, сорт. Кітаптың екінші *бабы,* статьяның төртінші *бабында.*

باقى **бақи** 1) қалдық, сақталған; созылушы, ұзақ жасаушы; 2) мәңгі, әл-хат *бақи* — хат мәңгілік.

Жалғанда мәңгі-*бақи* тұрған бар ма.
Дүниеден ажал жетіп өтпейсің бе?...

(Нұралы).

بالله **биллаһи** Білдә — алла атымен ант ету; Құдай ұрсын деу. Бұл ант мұсылмандарда үш түрлі: 1) биллаһи; 2) таллаһи; 3) уаллаһи.

...Тартсам мен жарты тиын тамағыма,
Ырзамын *олда-білдә* жоғалт көзім

(С. Торайғыров).

بحث **бәхс** Бақас 1) бір мәселені талқылау; *діни,* айтыс-тартыс; 2) келісім сөздер жүргізу.

Жабыстық көрінгеннің етегіне,
Бір *бақас* жаттап алып шала-шарпы

(С. Торайғыров).

بخيل **бәхил** Бақыл 1) саран; 2) аш көз, тастай қатты.

بدوى **бәдәуи** Көшпелі, көшпелі арабтар.

براءت **бәраәт** Баракат 1) ақтау; 2) күмәнсіздік, қатысы жоқтық; 3) рұқсат, грамота, аттестат, патент.

بربريس **бәрбәрис** Барбарис 1) тікенекті бұта; 2) сол бұтаға шығатын қышқыл қызыл жидек.

بروج **Бұрудж** 1) мұнаралар, күмбездер; 2) қорған,

бекініс, қамал; 3) әл-Бұруджи (Құранның сексен бесінші сүресінің аты).

بركة **бәрәкә** Береке 1) бата, бата беру; 2) *діни;* рақаттық, көктің жарылқауы, сый тартуы. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер *берекелесе* алмаған соң, ...еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр *(Абай).*

بركات **бәрәкат** Берекет (берекенің көпше түрі). 1) бата, бата беру; 2) *діни;* ракаттық; көктің жарылқауы, сый, тарту.

Бірлік жоқ, әрекет жоқ, *берекет* жоқ,
Бытырап шыл б... дай еріп жүрсің!..
(Нұралы).

برنس **бүрнүс** 1) арабтардың ақ жүнді матадан істеген башлықты шекпені; 2) әйелдердің ертеде киген киімдерінің бір түрі.

بسم الله **бесмиллаһ** Діни. Бісмілла, пісмілда «Рақымды, мейірімді алланың атымен» деген діни формуланың бастапқы сөзі. Байғұстың асын *пісмелла* тауысар (*мақал).*

بصر **бәсар** 1) көру; 2) айыру, ажырату; 3) қабылдау, түсіну, ұғыну; 4) ұғу, аңғару, оңдау, 5) білім. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және *басар,* сәмиғ яғни көруші, естуші деген *(Абай).*

بصير **басир** 1) жақсы көруші, айыра білуші, көргіш, байқағыш, көреген; 2) ақылды, есті.

بطل **бәтал** 1) батыл, жүректі, батыр, қаһарман; 2) чемпион.

Батыл, қайсар халқым бар,
Үлгі үйренген орыстан... *(Жамбыл).*

بطن **бәтн** 1) іш, қарын, асқазан; 2) ішкі жақ, орта; 3)жер қойыны — кен. Сіздің *батиныңыздың* таза болмағы... парыз болған... *(Абай).*

بعض **бәғз** Баз кейбіреулер, баз біреулер. 1) белгілі; 2) кейбіреулер.

Сөзіңе айтқаныңмен, мен күмәнде,
Жұмысы *бағзылардың* дем гүмән де

(Қадиша).

بغاز **бұғаз** Қылы.

بغى **бәғ** (юн) 1) әділсіздік, қысымшылық; 2) бұзықтық, азғындық.

بقال **бәққал** Бақалшы, ұсақ саудегер.

Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: Түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, *«бакалшік»* ноғай деп *(Абай).*

بقاليه **бәққалийя** Бакалея — тәтті тағамдар сататын дүкен.

بقره **бәқарә** 1) Сиыр, өгіз; әл-Бәқәрә (Құранның екінші сүресінің аты).

بلا **бәла** Бәле: 1) байқау, сынау; 2) бәле, қырсық, қайғы; 3) бақытсыздық.

Жау болып бір-біріне күнде шапқан,
Жасы, карты — бәрі де *бәле* баккан
(*С. Торайгыров*).

بلبل **бұлбұл** Бұлбұл.

بلد **бәләд** 1) жақ, ел; 2) облыс; 3) қала әл-Бәләду (Құранның тоқсанышы сүресінің аты).

بلسم **бәлсәм** Бальзам

بلکی **бәлки** Бәлки — солай болуы мүмкін. Онда, *бәлкім*, таныс жеңгетай салып, бауырсағын баптады ма? (*Х. Ерғалиев*).

بن **бен** Бин—ұл, ұлы, баласы. ...Ғұсман, Абдурахман *бин* Ғафур уа Гағид *бин* Әбдуқас үшеуі де үлкен байлар еді (*Абай*).

بنا **бина** Құрылыс, ғимарат.

بيان **бәян** Баян 1) айқындық; 2) түсінік беру, ұғындыру; 3) хабарлау, жариялау; 4) арыз, деклатация; 5) үндеу, манифест; 6) көркем жазу, сөйлесу; 7) Баяндама. Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір *баянсыз*, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екендағы, күнінде өкінген пайда болмайды екен. (*Абай*).

بيت **бәйт** Өлең. ...Гомерге *бәйітшілікті̇гі* себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспестік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын,— деп жауап берді (*Абай*).

بيت **бейт** 1) бейіт, үй, пәтер-үй; 2) шатыр; 3) бөлім; 4) қалта, қыны.

Жыртық шекпен, көк тымақ;
Келді-дағы күңк етті,
Көрсетіп бір *бейітті...*

(І. Жансүгіров).

بيّنه **бәйинә** 1) ашык, анык, айқын, дәлелдеу; 2) әл-Бәйинә (Құранның токсан сегізінші суресінің аты).

ت

ت **ти** т — араб алфавитінде үшінші әріп.

تالله **таллаһи** Талла — Алла атымен ант ету, құдай ұрсын деу.

تابع **табиғ** Біреуге еруші, шәкірт, біреудің жолын қуушы, жәрдемші. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі — *тәбиғ,* бірі — мәтбуғ болады ғой *(Абай).*

تابوت **табут** Табыт 1) өлген кісіні салатын ашық жәшік, қауашақ; 2) діни, тәуратша, Нух кемесі. Табыт қағу — адам өлімі болмай, підия, садақадан мал түспесе молдалар *табыт* қағып, халыққа өлім тілейді.

Мінеки, келіп қалдық атар таңға,
Жарқырап күн де шығар тірі жанға,
Табытқа салып алып, әлде нені,
Апарар сырын білмек бір далаңға

(Абай).

تاريخ **тарих** Тарих 1) сан; 2) уақыт, дәуір.

Ел үшін еңбек етсең, халық сүймек.
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп.

Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес,
Неше мың жыл өтсе де *тарих* білмек!
(С. Торайғыров).

تاريخى **тарихи** Тарихи дәуір.

Біз цензурасыз баспасөз маңызы туралы *тарихи* сабақтарды ұмытпаймыз *(Ленин).*

تأويل **Тәәуил** 1) түсінік беру, түсіндіру, мәлімдеу; 2) сөзді, пікірді дұрыс түсінбеушілік. ...Таәуиліне жетерлік ғылымың шақ *(Абай).*

تبديل **тәбдил** 1) ауыстыру, алмастыру, орнына қою; 2) өзгеріс, өзгерту, ауысу, алмасу, тағдырға *тәбдил* жоқ деу — құдайдың тағдырын өзгерту жоқ деген ұғым.

...Тағдырға *тәбділ* бола ма,
Сабырлық қылсаң керекті
(Абай).

تبرك **тәбәррүк** Тәбәрік 1) бата сұрау; 2) сауға (олжадан үлес сұрау). Бір күні Сократ хаким бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне құдай *табрака* уатағалаға құлшылық қылмақ турасында айтқан сөзі... *(Абай).*

تبريك **тәбрик** Құттықтау, тәбірік ету.

تجربه **тәджрибә** 1) Тәжірибе, байқау, сынау; 2) дағды, әдет; 3) арбау, алдау, еліктіру; 4) даярлық. Оқытушы үшін *тәжірибе* мен педагогикалық ғылымды ұштастыра білуде, өз пәнін ойдағыдай меңгеру кажетті шарт болып табылады *(Көбеев).*

تحريم **тәхрим** 1) Тыйым, тыйым салу; 2) әл-Тахрим (Құранның алпыс алтыншы сүресінің аты).

تحقيق **тахқиқ** 1) орындау, атқару, жүзеге асыру; 2) тексеру; 3) зерттеу, үйрену; 4) шындығын, ақиқаттығын анықтау.

...Ішін түгел көрген соң өз көзіңмен,
Тақиқ мені күнәкар, қу демесең
(Абай).

تراويخ **тәрауих** Тарауық 1) дем алу, тынығу; 2) *діни,* ораза айында кешкі құптан намазынан кейін оқылатын қосымша намаз.

تحويل **тәхуил** 1) көшіру; 2) айналдыру; 3) айырбастау; 4) өзгерту.

تحيات **тәхият** 1) құттықтау; 2) сәлем, тәжім, бас ию; 3) сыйлық. Қағадат ул-ахир — дұғаның ақырында... *тахият,* одан тәшәһһуд, одан салауат... ең ақырғы сәлемменен тауысасыз... *(Абай).*

تخمين **тәхмин** 1) бағалау, баға кесу; 2) болжау, жорамал, шамалау; болжал. Ғылымның бір аты екендігі, бұлар әр адамның бойында... *тәхмин* қылып жаратқан. *(Абай).*

تذكار **тәзкар** 1) еске түсіру, еске салу; 2) естелік.

تربية **тәрбия** Тәрбие 1) егу, өсіру; 2) арту, даму, өсу; 3) білім; 4) әдептілік, сыпайылық.

Тәрбие жоқ қой қазақ арасында
Солайша өскен ата-бабасы да
(С. Торайғыров).

ترتيب **тәртиб** Тәртіп 1) даярлық, әзірлік; орналастыру, ұйым; 2) ықыластық, жоспар.

Қойғандай бір *тәртіпке* қолмен тізіп,
Жайраңдап жалт-жұлт етіп қандай қызық
(С. Торайғыров)

ترحيب **тәрхиб** 1) құттықтау; 2) қуану.

ترك **тәрк** Тәрік, қалдырып кету, тастап кету, дүние жимаушылық.

Тыныштықты, шын достықты *тәрк* етті,
Оны тастап жат дүниеден нені күтті.
(І. Жансүгіров).

ترحه **тәрха** Тара 1) ыдыс; 2) ыдыстың салмағы.

تسبيح **тәсбих** Тәсбиқ, тәспі, дәріптеу, мақтау, даңқын шығару. Тәсбиғы қолында, сәлдесі басында, діндарларды алдауға кірісті молда. Оның ішінде кітап аштыратыны бар, қақтырып, соқтырып, үшкіртіп түкіретіні бар, *тәсбі* аламын, балалы боламын деп жүрген сопылар да бар... *(С. Торайғыров).*

تسليم **тәслим** Тәсілім 1) құттықтау; 2) көну, мойындау, тану; 3) тапсыру, қайтару; 4) қылмыстыларды ұстап беру; 5) жауға берілу, тұтқынға түсу.

Өзіне... Мүсілім ат қойып, *тәслим* болғанына раст боласын да *(Абай).*

تصديق **тәсдик** 1) сену; 2) нығайту, қуәландыру; 3) бекіту, мақұлдау, қабылдау.

Дін де осы шын ойласаң, тағат осы,
Екі дүние бұл *тасдиқ* — хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуеской — онан шошы.

(Абай).

تصنيف **тәсниф** 1) таңдап, іріктеп алу, жіктеу; 2) шығарма, әдеби шығарма.

تعريف **тәгриф** 1) таныстыру, танысу, түсіндіру, түсіну, ұғыну, тану; 2) көз алдына келтіру, түсінік; 3) анықтау, анықтама.

Ақылға симас ол алла,
Тағрипқа тілім қысқа аh!..

(Абай).

تعريفه **тәгрифә** Тариф 1) тариф; 2) баға, нарық көрсеткіші.

...Жазып тұрам жұмысты,
«Табель менен *тарифқа»*

(І. Жансүгіров).

تعظيم **тәғзим** Тағзым, тәжім, иіліп сәлем беру, мәртебелеу, құттықтау.

...Шырағым, айтқанымды жаңылма,— деп,
Барынша қылып жатыр шал да *тағзым.*

(Абай).

تعليم **тәғлим** Тағлым, тәлім 1) оқу, оқыту; 2) үйрету, білім.

Ел ішіне сау келсең,
Тағлым айтпас ер ме едің?..

(Абай).

...Жаста білген, басқа сіңген *тәлімің*
Өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас.

(І. Жансүгіров).

تعالى **тәғалә** Тағала — өте жоғары, өте биік, өте ұлы алланың теңеуі.

Жаратқан бәрімізді хақ *тағалам,*
Қолында молдалардың дәуіт қалам...

(І. Жансүгіров).

تعيين **тәгйін** Тағайын, белгілеу, тағайындау, сыбаға. Комитет секретарьлығына тағайындалғанына жыл жарымнан аса уақыт болса да, Ережептің алғашқы жасаған қыры сияқты. *(Оразалин).*

تعابن **тәғабүн** 1) бірін-бірі алдау; 2) әт-Тәғабүн (Құранның алпыс төртінші сүресінің аты).

تفسير **тәфсир** Тәпсір 1) түсіндіру, түсінік беру, ұғындыру; 2) мән, мағына. Ғабитханның *тәпсіріне* қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды. *(М. Әуезов).*

تفصيل **тәфсил** Айырып-айырып айту, толық баяндау.

تقريب **тәкриб** Жақындау, жақын шешу, жуықтау. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғынды берік бастың... *Тақырып* хасил болып хас езгу... Үміті бар, өзге жолда не үміт бар. *(Абай).*

تقرير **такрир** 1) шешім, қаулы, қорытынды; 2) түсінік; 3) ауызша баяндама, есеп.

تقليد **тақлид** 1) еліктеу; 2) әшкерелеу, өкімет тарапынан; 3) тағайындау (мансапқа); 4) боямалау, алдау, имитация; 5) беру, тарту, тапсыру; 6) дәстүр, салт-сана.

تقليدى **тақлиуи** Дәстүрлі, әдеттегі, дағдылы. Біреу өлтіремін деп қорқытса да... Көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман *тақлида* дейміз *(Абай)*.

تقى **тақый** 1) құдайшыл, діншіл, тақуа; 2) ізгі, әділ, шыншыл.

تكبر **тәкәббүр** Тәкәппар, астамшылық, менмеңділік.

...Жүзінде рахымы бар жан екенсің,
Жоқ шығар көңіліңізде *тақаппарлық?*
(Айқын қыз).

تمثيل **тәмсил** 1) ұқсату, салыстыру; 2) мысал етіп келтіру; 3) мысал (басня); 4) сіңісіп кету (ассимиляция).

تكاثر **тәкасүр** 1) көбейту, көбею; ұлғаю, арту, сан жағынан өсу; 2) әт-Тәкәсүр (Құранның жүз екінші сүресінің аты).

تكميل **тәкмил** 1) қосымша, үстеме; 2) аяқтау, аяқтау.

تكور **тәкәуәр** 1) домалану, жұмырлану; 2) ширатылу, бұралу; 3) әт-Тәкәуир (Құранның сексен бірінші сүресінің аты).

تكوين **тәкуин** 1) жоқтан бар болу, жаратылу; 2) форма, пішін. Бірі *тәкуин,* яғни барлыққа келтіруші деген сөз *(Абай)*.

تلمود **тәлмуд** Талмуд (яһудилердің әдет-ғұрыпы мен заңдарының діни негізінде жазылған көне жинағы), киіз кітап.

تمام **тәмам** Тамам 1) толық, жетілген; 2) толық жетілгендік, кәмелет; 3) аяғы, соңы, ақыры.

Айыпсыз ата-ананың сіз баласы,
Түбінде *тамам* жұрттың сіз анасы.
(С. Торайғыров)

تنور **тәннур** Тандыр нан пісіретін пеш.

Күн нұр төкті, қырға қызыл шырайын,
Жер-көкке атты, желіні *тандыр* бұлағын...
(І. Жансүгіров).

تواب **тәуаб** 1) өкінуші, опық жеуші; 2) кешіруші, ғапу етуші; тәубені қабыл етуші (алланың, құдайдың теңеуі).

توبه **тәубә** Тәубе 1) өкіну, опық жеу, өткендегі қатесін дұрыстау, түзелу; 2) кешірім сұрау, тәубе ету; 3) әт-Тәубе. (Құранның тоғызыншы сүресінің аты).

...Көкке жетсе, өз жынысын қорламасқа,
Бек мықтап *тәубе* қылған өгіз батыр.
(С. Торайғыров).

توت **тұт** Тұт ағашы, тұт жемісі. Мұнан соң сол құртқа назар салып қарап жүрсе, *тұт* деген ағаштың жапырағын жеп күн көреді екен *(Ы. Алтынсарин).*

تورات **тәурат** Библия (арғы заманда айтылған, жазылған ертегілер мен аңызды «құдайдың сөзі» деп дәлел-

дейтін көне еврейлердің діни кітабы). ...*Тәурат*, забур, инжіл, кәлем шарифтей кітаптар келеді дейміз (*М. Әуезов*).

توفيق **тәуфиқ** Таупық 1) табысқа жету, бақыт; 2) әдептілік, сыпайылық; 3) көмектесу, жәрдем.

Мурит болып ишанға бас июге.
Жас басымнан *таупықты* сопы болып,
Сол есіммен тоқты-торым жиюға.
(*С. Торайғыров*).

Қайда сіздің мақтаулы, алланыз!
Неге ол көрмейді, көзі көр болған ба?
Қайда сіздің *таупиғыңыз*.
(*Міртемір*).

توقيع **тауқиғ** 1) жаза салу; 2) қол қою.

توكل **тәуәккәл** Тәуекел 1) батылдық, бел байлағандық, қайраткерлік; 2) өзіне сенушілік; 3) діни құдайға сенушілік. Молданың Қамар сұлуға айтқаны:

— *Тәуекел*, бекем байла беліңізді!
Түсірме бүлгіндікке еліңізді!..
(*С. Торайғыров*).

تين **тин** 1) інжір жеміс беретін тұт ағаштарының бір түрі; 2) әт-Тин (Құранның тоқсан бесінші сүресінің аты).

ث

ث **си** с — араб алфавитінде төртінші әріп.

ثانى **сани** Екінші.

ثبوتيه **субутия** 1) қаттылық, беріктік, сенімдік, табандылық, тыянақтылық; 2) орнықтылық, тұрақтылық; 3) қимылсыздық, қозғалмастық; 4) дұрыстық, анықтық. Ол... кітаптарда сегіз *субутия* сипаттары бірлән, тоқсан тоғыз Әсман хұсналар бірлән білдірген *(Абай)*.

ثنا **сәна** 1) құттықтау; 2) мақтау, мақтан, мадақтау; 3) алғыс айту.

ثواب **сәуаб** Сауап 1) сыйлық; 2) жақсылық іс.
Меккеге әлің келсе қылғын тауап.
Болады-ау бір жанына үлкен *сауап... (Айқын қыз)*.

ثور **сәуір** Өгіз, торпақ *(астр.)* Торпақ шоқжұлдызы, арабша апрель айының аты.

Сәуірде күн күркірер,
Күн күркіресе көк дүркірер
(Мақал).

ج

ج **жем** дж — араб алфавитінде бесінші әріп.

جامع التواريخ **Джәмиғ-Әт-Тауарих** жамиғаттауарих (толық тарих) — Ұлы жүздің жалайыр деген руынан шыққан Жалайри деген кісінің жазған тарихи кітабының аты; шежіре.

جامعات **джамиғат** (жамиғаның көпше түрі). 1) жалпылық, ортақтық; 2) бірлік, ұйымшылдық; 3) байланыс; 4) одақ, біріктіру, бірлестіру; 5) университет. «Сайлауда Әжібай болыс болды» деген естілді құлақ түрген *жамиғатқа (С. Торайғыров)*.

جانب **джанеб** Жақ, фланг (әскердің екі жақ қанаты).

جاهل **джаһіл** 1) надан, білімсіз; 2) ақымақ, есалаң. Бұл заманның молдалары Хәким атына дұспан болады... Булардың көбі әншейін *жаһил (Абай)*.

جبار, **джәббар** Жаппар 1) алып, құдіретті құдайдың бір аты; 2) балуан, батыр; 3) мейірімсіздік, қаһарлы, қатал.

جناب **джәнаб** Жақ, беті, ірге; мырза (негізінде шетелдік ресми кісілерге үн қатқанда айтылады).

Ал мықтап сөз сөйлейтін *жәнәбыңа*.
Парқы бар інінің де, ағаның да *(Нұралы)*.

جبر **джәбір** 1) еріксіз көндіру; 2) зорлық қылу, күштеу.

Тұп-тура Байбол болыс өз ісінде
Асқан әділ, *жәбірсіз* еш кісіге.
(С. Торайғыров).

جبرائيل **джібраил** *Діни*, жебрейіл (періштенің аты), орысша архангел Гавреел.

Ұнатып тұр Мария барлық түрін...
Түсті көз, жалғыз-ақ қыз көңілінде!
Ал мақтан, мақтан енді, *Жебірейілім!*
(А. Пушкин).

جبل **джәбәл** Тау.

جبلی **джебелли** 1) туысынан, жаратылысынан, табиғи; 2) өте маңызды, елеулі, мәнді, татымды.

جدی **джәди** 1) лақ; 2) *астр.* ешкі мүйіз шоқ жұлдыздың аты; 3) арабша декабрьге сәйкес келетін айдың аты (күн календарымен); 4) «Темірқазық».

جديد **джәдид** Жәдит 1) жаңа, өте жаңа; 2) жақында болған, ең соңғы, ақырғы.

Анау жерде *жадиттер,*
Одан біздер үміткер,
Олардан тәлім алмасаң,
Көрген күнің болар тар

(С. Торайғыров).

جراحت **джәрахәт** Жарақат, жара.

Құлайды бір үлкен тас тисе қатты.
Онсыз да үсті-басы *жарақатты.*

(Т. Жароков).

جزاء **джәзаә** Жаза 1) күн; 2) жаза; 3) жазалау. ...Міне, сол *жазасынан* ағайындарының бірін де ұстай алмай жалғыз үй шошайып қалды. *(С. Торайғыров).*

جزيره **джәзирә** Жазира, арал, шөл жазира «шөл арал».

Жазираны гүлстан ету үшін,
Төбені ойға аударып тастаған ер

(халық ақындары).

جسم **джісм** Жысым дене, тұлға, тұрпат, тұла бой.

جفا **джәфа** Жапа 1) рақымсыздық, мейірімсіздік, дөрекілік; 2) қаталдық, қатаңдық.

Құп болсын, олай болса апаларым,
Дүниенің тартып жүрмін *жапаларын*
(Абай).

جفره **джефрә** Шифр (құпия жазу үшін пайдаланатын шартты әліппе).

جغرافيا **джүграфия** Жаграфия, география.

جلاب **джәллаб** Жәлдеп 1) сатушы, саудегер; 2) құл алып сатушы. Бұларды (моряктарды) келемеж ғып әурелейді, кемедегі *жалдаптар* асып-тасып *(Бейбітшілік даусы).*

جلب **джәлб** Жәліп 1) әкелу, жеткізу; 2) келтіру; 3) табу, тауып алу; 4) импорт — шетелден товарларды алып келу. Сонан соң ғана... өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана *жәліб* мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмалық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. *(Абай).*

جمادى الاول **джүмәл-әл-әуәл** — арабша ай календарымен 5 айдың аты (июль).

جمادى الاخر **джүдәл-әл-ахир** — арабша ай календарымен 6 айдың аты (август).

جامعه **джамиғә** Университет, институт.

جماعت **джамағат** 1) біріктіру, бірлестіру; карпорация; 2) қоғам; 3) топ.

Құлшылыққа жиылған көп *жамағат*
Сыбдыр қағып тосып тұр, сол-ақ қымбат...

(*Абай*).

جمال **джәмал** Жамал 1) сұлулық; көркемдік; 2) сүйкімді. Жамалың жалны әлемді таңырқатып. (*Науаи*).

جمالية **джәмалия** Жамалия — көркем өнерге көзқарастықтың жүйесі (*эстетика*).

جمعة **джұмға** Жұма 1) апта; 2) жұма (күн); 3) әл-жұмағат (Құранның алпыс екінші суресінің аты).

...Көп болса бір *жұмалық* өмірім бар,
Байқашы, мына менің шамам қалай

(*С. Торайғыров*).

جموع **джұмуғ** (джәмғ-дың көпше түрі). Жұмық, жию, жиыстыру, қосу (есепте), жұмықтау; жиналыс.

جملة **джумлә** Жүмле 1) жиынтық, бәрі, жинақ; 2) сөйлем (грам.)

...Әр рахман ол атын
Үйреткен *жүмлеге*.
Сөйлем, дұрыс жазу,
Үйреткен *жүмлеге*.

(*Абай*).

جمهورية **джұмһурият** Жамһурият — республика.

جن **джін** 1) жын; 2) әл-Джінин (Құранның жетпіс екінші суресінің аты); 3) жалған наным. Дертінің иесі жеңілейіп бара жатса... Бәрін қылдыратын *жыны*, аурудың иесі,— деді ишан (*С. Торайғыров*).

جنازه **джәнәзә** Жаназа 1) өлікті жуу, үйден шығару, жерлеу т. б. процессиясы; 2) көму зембілі, катафалк (өлік салатын арба).

Басында *жаназаның* қызғыш көрдім,
Сырты — қой, іші — қасқыр бұзғыш көрдім...
(*С. Торайғыров*).

جنت **джәннәт** Жаннат, бау, бақ, ұжмақ бағы.

Көктөбе, үшқарада — жер *жаннатын.*
Өзінің өлкесіне қосады іле...
(*І. Жансүгіров*).

جنت الفردوس **джәннәту-л-фердауси** Жаннатулфирдаус *діни,* жәннәттің (ұжмақ) аты.

جنوب **джәнуб** Оңтүстік, оңтүстік жел.

جنزير **джензир** Шынжыр. Қақпаны ашса екі қара арғымақ шынжырмен байлаулы тұр екен (*Байзақов*).

جنس **дженс** Жыныс 1) тек; 2) сорт, тап; 3) жыныс; 4) тұқым, тайпа, нәсіл.

...Қарағай қапталдағы, *жыныс* арша,
Қыдырлы малдың құтты келесіндей.
(*І. Жансүгіров*).

جنسی **дженси** Жынысы 1) нәсілі, тегі, 2) ұлты, жынысы.

جنی **джінни** Жынды, ауысқан. Керемет адам нанғысыз, ғажайып, жын-шайтандай.

جهاد **джиһад** Күрес, «қасиетті» діни соғыс.

جهاز **джиһаз** 1) барлық керекті заттар; жабдықтар;

2) қыздың жасауы, жасау мүлкі; 3) аппарат, аспап, құрал, қондырғыш; 4) жүйе.

...Жылатып жиған *жиһазым,*
Жауға алдырдым, жайнатып,
Қайнаман, қалай күйінбен
(*І. Жансүгіров*).

جهنم **джәһәннәм** *Діни.* Жаһаннам, тамұқ, тозақ.
Мен көрдім соқыр ағаш басын иген,
Жаһаннамға кетеді оған тиген...
(*С. Торайғыров*).

جواب **джәуап** Жауап. Қамар сұлудың молдаға айтқаны:

— Күнә емес кемге бармау, сауап шығар,
Қарның үшін қайтарған *жауап* шығар
(*С. Торайғыров*).

جيد **джәйид** 1) жақсы, өте жақсы, тіпті жақсы; 2) жомарт, мырза, қолы ашық.

جوزا **джәуза** Зауза 1) *астр.* егіздер шокжұлдызы; 2) арабша май айының аты (күн календарымен).

جوهر **жәуһәр** Жауһар 1) істің мәні, мән; 2) зат, нәрсе материя; 3) қымбаттылар, құндылар, асылдар, қымбатты тастар.

...Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат,
Жауһардай күншығар деп бізге балқып
(*С. Торайғыров*).

جيش **джәйш** Армия, әскер, қол.

ح

ح **ха** х — араб алфавитінде алтыншы әріп.

حابى **хаба** 1) кіші пейілді болу; 2) әуес болу.

حاج **хадж** Қажы (меккеге тәжім етіп барып, қайтқан кісі). Зәкірбай мойнындағы күналәрын жою үшін Меккеге барып, *қажы* атанып келген. *(Абай).*

حاجت **хаджәт** Қажет, қажетті зат.

...Чердағімнің түбінен,
Белгілі *қажет* өтеуге,
Жүз саржанға жүгірем. *(I. Жансүгіров).*

حاصل **хасил** 1) қорытынды, нәтиже, салдар; 2) мән, мағына; 3) өнім, түсім; жинау, жию; 4) кіру, түсу, табу; 5) қамба.

...Өзі үлкен, өзі оңай, артық өнер,
Аз жұмыспен көп алтын *хасіл* етсе
(Абай).

حاضر **хәзір** Әзір (дайындық жөнінде) даяр, барлығы, бары, қолдағы; 1) отырықшы, қала халқы; 2) қатысушы.

Кеселді жалқау, қылжақпас,
Әзір тамақ, *әзір* ас...
(Абай).

حاضر **хазір** 1) Қазір (уақыт бойынша) бүгінгі, кезекті; 2) отырықты, қала халқы; 3) қатысушы.

Болғанмен Әжібайдың жасы кіші,
Жек көрер Жәмиләні *қазір* де іші...
(С. Торайғыров).

حاكم **хакім** Әкім 1) басқарушы; 2) судья; арбитр.

...Онан бақыт таппасын жүрек сезді.
«*Әкімшілік* бақыт» деп жұрт айтады.
Осы қалай екен деп ойым кезді
(С. Торайғыров).

حال **хал** Хал 1) жағдай, оқиға; 2) ахуал, күш, күй; 3) осы шақ.

Ең шыны, енді *хал* жоқ таласарға,
Жөн бар ма татуласып жарасарға
(С. Торайғыров).

حال-احوال **хал-ахуал** Хал-ахуал, (хал мен ахуалдан қосылған сөз) жағдай, оқиға; күш, күй, құдірет.

حالة **халәт** 1) жағдай, жай, күй, хал; 2) оқиға. Көзіңіз күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не *халәтте* екендіктерін, оған дәлел керек емес *(Абай).*

حب **хуб** 1) сүйіспеншілік, махаббат; 2) әуестік, құштарлық; 3) жақсы көрушілік.

حبى **хүбби** Сүйіспеншілік, жақындық, достық, тату.

حبس **хәбс** Қапас 1) түрме, зындан; 2) түрмеге қамау, тұтқындау.

حبيس **хәбис** 1) тұтқын; 2) дүниеден безген, сопы, дуана, тақуа.

حتم **хәтім** Хатым 1) ақырғы, соңғы, ақтық, тоқтам, ақырғы қаулы; 2) үзінді-кесінді қарар, шешім.

حج **хәдж** 1) қаж, қажылық, Меккеге тәжім етуге бару; 2) әл-Хәджж (Құранның жиырма екінші сүресінің аты).

...*Қажыға* Тасболатпен бірге барған,
Басталған содан барып құда болыс.
(С. Торайғыров).

حجر **хеджр** Тыйым 1) мекке мешітіндегі Қағбаның солтүстік-батыс жағында кіруге тыйым салынған бір белгісі; 2) әл-Хиджр (Құранның он бесінші сүресінің аты).

حجرات **хүджүрат** (құжырдың көпше түрі). әл-Хужурати (Құранның қырық тоғызыншы сүресінің аты).

حجرة **хүджрә** Құжыра, бөлме (медресе жанында шәкірттер тұратын бөлмелер).

حد **хәдд** Әдді 1) шек, шеті, ақыры; 2) шекара; 3) дүз (қылыштың, пышақтың).

... Әлдімен алпарысар *әдді* қайсы,
Құлады жымдай болып жерге шөгіп
(С. Торайғыров).

حدس **хәдс** 1) тапқырлық, аңғарғыштық; 2) көргіштік; болжалдау.

حديث **хәдис** Қадис 1) әңгіме, кеңес, аңыз, сөз; 2) интервью; 3) Мұхаммед пайғамбарлардың өмірінен, әдетғұрпынан әңгіме аңыз.

Хадисте қарашамен қаймақшыда,
Шілде тоқсан айында дария қатар
(Күдеріқожа).

حديد **хәдид** 1) темір; 2) әл-Хадид (Құранның елу жетінші суресінің аты).

حرام **хәрам** Арам 1) тыйым салынған; 2) ардақты, қадірлі «әулие» орын (қағба сияқты); 3) заңсыз; 4) күнә. Дүниедегі қызықтың бәрі де *арам* мен үшін *(С. Торайғыров).*

حرب **хәрб** 1) соғыс, жорық; 2) қырғын, қырғын соғыс.

حربى **хәрби** 1) соғыс, соғыстық, әскери, хәрби медресесі; 2) ержүрек, батыл, батыр.

حربيه **хәрбия** 1) соғысқа, әскерге қатысты; 2) әскери мектеп. Соған қарай Ғұсманияда мектеп *харбия,* мектеп рүшдиялар салынып, жаңа низамға айналған *(Абай).*

حرص **Херс** 1) бірдемеге аса құштарлық, қызбалық; 2) ашкөздік, дүние қорлық; 3) сақтық, қор сақтау, қор жинау, құнттылық, абайлағыштық; 4) назар, ілтипат. Бахас — өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған *хірслану* жарамайды *(Абай).*

حرف **хәрф** Әріп 1) әріп, дауыссыз әріп; 2) демеулік шылау.

Бір сарай нұрланады жалғыз «мим» мен
«Ра» мен «нұн», «хи» менен «зи» оған ерген.

Бұл бес *әріп* бес сөздің бесеуінде,
Білдің бе мағынасын қайдан келген
(Ырысжан).

حرفى **хәрфи** Әрпі 1) әріптік; 2) сөзбе-сөз, дәлме-дәл.

حركت **хәрәкәт** Әрекет, карекет, харекет. 1) Қимыл, қозғалыс; 2) қызмет, әрекетшілдік; 3) ағу, жүріс; 4) ым; 5) ықылас, 6) дауысты дыбыс.

Қылып жүрген өнері:
Харакеті — әрекет.
Өзі оңбаған антұрған
Кімге ойлайды берекет?
(Абай).

حرم **хәрәм** 1) тыйым. Әйелдер сарайы; 2) «әулие», қасиетті, құрметті жер (Мекке, Медине сықылды); 4) храм; 5) зайып.

حرمة **хурмәт** Құрмет 1) тыйым салынған; 2) «әулие», «киелік», «әулиелік»; 3) өзіне тән дербес праволық; 4) зайып; 5) әйел.

Шай жасап, табақ-табақ тартылған ет,
Бұл келген қонақтарды қылып *құрмет*
(С. Торайғыров).

حرمل **хәрмәл** Гармала (қазақша адраспан) — сары жапырақты, эфир майлы, түстікте өсетін, улы өсімдік; оның тұқымдарынан бояу жасалады.

حريم **хәрим** Гарем 1) зайып әйелдер; 2) үйдің әйелдер бөлмесі.

حزن **хәзән** 1) қайғы, қасірет, күйініш; 2) қаралы, азалы киім жамылу.

حساب **хисаб** Есеп, қисап; 1) есептеу; 2) есебін шығару.

Тағы да бір лаулаған отты көрдім,
Қап-қара *қисабы* жоқ топты көрдім.
(С. Торайғыров).

حسد **хәсәд** Қызғаныш, күндеу.

حسرت **Хәсрәт** Қасірет 1) қасірет, қайғы, уайым; 2) ауыру, сыздау, қақсау; 3) шаршау, қажу; 4) зарығу, сағыну.

Он тоғызда жасыма,
Қасірет түсті басыма *(С. Торайғыров).*

حسود **хәсуд** Қызғаншақ, күншіл.

حسنى **хұсна** Ең жақсы, өте әдемі, асқан сұлу, тамаша. Ол... Кітаптарда сегіз сүбутия сипаттары бірлән, тоқсан тоғыз. Әсмаи *хұсналар* бірлән білдірген *(Абай).*

حسير **хәсир** 1) шаршаған, қалжыраған, қажыған, болдырған; 2) әлсіз, күшсіз.

حشر **хәшір** 1) жиналыс, жиналу; 2) қоспа, енгізу; 3) әл-Хәшри (Құранның елу тоғызыншы сүресінің аты).

حصه **хиссә** Есе 1) бөлшек, сыбаға, үлес; 2) сабақ сағаты, пайда, кіріс бөлегі.

Телміріп жүріп әркайда,
Талайға кетті *есеміз*
(Орманов).

حصيله **хəсилə** 1) кіріс, түсу, жинау; 2) пайда.

حضر **хəзəр** 1) отырықшы, қала өмірі; 2) қала халқы; 3) мəдениет.

حضرت **хəзрəт** Əзірет, қазірет — мырза, ханум, бəйбіше (беделді) адам атының немесе титулының алдында айтылатын я жазылатын атағы; мысалы, қазірет Əлі, əзірет Ахмет Яссауи.

Үшкіртті тұз, мейіздің талайларын,
«Ақтыққа» *қазірет* алды талай малын
(С. Торайғыров).

حطيم **хəтим** Қəғба айналасындағы кабырғаның бір бөлегінің аты.

حق **хақ** Ақ, қақ 1) нағыз, ақиқат, дəл өзі; 2) шын; дұрыс; 3) құдайдың көп аттарының бірі.

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сəулесі,...
(Абай).

حق **хақ** Ақ, қақ (право).
Əйел-тату тұрса ғана əйел. Кетемін десе, ешбір еркектің зорлап ұстауға *хақы* жоқ, өйткені əйел еркектің меншікті мүлкі емес *(С. Торайғыров).*

حقوق **хұқук** Хұқық (хақтың көпше түрі). Кəне, жолдастар, осы ауылдағы *құқықы* жойылатындарды атаңдар... деді ол *(І. Жансүгіров).*

حقوقى **хұқуқи** Хұқуқи 1) юристік, заңдылық, праволық; 2) юрист, заңшыл.

حقيق **хәқиқ** 1) тұрарлық, лайықты, беделді, қадірлі, құрметті; 2) еңбегі сіңген, мақтауға тұрарлық.

حقيقت **хәқиқат** Ақикат 1) шындық, растық; 2) реальдық, ақиқаттық; 3) дәл өзі, мән, маңыз.

Үндемесе, қақай бас неткен жан деп,
Тағы айтса ашуланар *ақиқатын*
(С. Торайғыров).

حقيقى **хәқиқи** Ақиқи 1) шындық, рас, шын; 2) анық, нағыз, дәл өзі, іске асатын.

حكايه **хикая** 1) әңгіме, повесть, хикая; 2) тарих. Мұндай босқа өмір өткізетін *хикая* (әңгіме) кітаптың баланы көк ми қылып, шатастырудан басқа пайдасы болмайды. *(С. Торайғыров).*

حكايت **хикаят** (хикаяның көпше түрі).

...Тасболат не себепті ашуланған,
Бұрайық сол тураға *хикаятты*
(С. Торайғыров).

حكم **хүкім** Үкім 1) үстемдік; 2) өкімет, басқару; 3) режим, құрылыс; 4) қаулы, қарар шешім, тоқтам, әмір, жарлық, парыз; 5) пікірлесу, ұғым, анықтау.

...Қазақша барып тұрған жуан тұқым,
Үкімі жүріп тұрды оң мен солға
(С. Торайғыров).

حكمت **хикмәт** Хикмет 1) даналық; 2) даналық нақыл, мақал; 3) медицина, емдеуді білу. Не *химмәт*? Қа-

мармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып қызара бастаушы еді *(С. Торайғыров).*

حكومت **хүкумәт** Үкімет 1) басқару; 2) үкімет, кабинет; 3) мемлекет.

...Тергетті оны бірақ приставка:
«*Үкіметті* жамандап жүр,— деп,— ұнатпай»
(С. Торайғыров).

حكومت **хүкумәт** Өкімет 1) басқару; 2) билік, өкімет; 3) мемлекет.

...*Өкіметке* орасан жазықты боп,
Патшаның полициясын кесіп қаштың
(Ақсұлу).

حكيم **хәким** 1) дана, данышпан, ақылды, есті; 2) философ; 3) доктор.

Аристотель *хакімге* патша келді:
— Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді...
(Абай).

حلال **хәлал** Адал — рұқсат етілген, заңды, толық, ажырамайтын.

Қара көңіл *адалға* сене алмайды,
Ақты қара қашанда жеңе алмайды
(С. Торайғыров).

Уақытша жан қонақ біздің тәнге,
Алал, арам жегізер азық менде
(І. Жансүгіров).

حلف **хәлф** Халіп — ант, серт.

حلقه **хәлқа** Алқа 1) шығыршық, жүзік, сырға; 2) звено, топ, үзбе, түйін; 3) алқа, топ (адамдар); 4) серия; 5) үйірме.

Арқаның *алқа* қорған даласында,
Ауылдай таулар отыр жарасымда.
(І. Жансүгіров).

حلقوم **хұлкум** Алқым, тамақ, құлқын.

Жарылқамыс Жанту ұлысын,
Ерегіспе менімен —
— Езіледі *алқымың,*
(Сарбас)

Арақ десе жымындар,
К[illegible]қыны құрып қылмындар,
Ішпесе басы ауырар
(Досмағамбет).

حلوا **хәлуа** Алуа 1) тәттілік, шырындық; 2) тәтті тағам.

Келсең кел шындап қасыма,
Шай мамығым басыңа.
Алуа, шекер беремін,
Ішетұғын асыңа
(Қыз Жібек).

حمام **Хәммам** Монша, ванна (шомылатын орын).

حمل **хамал** Амал *астр.* токты шоқжұлдызды, арабша март айының аты.

حنا **хна** Қына — өсімдік және одан істелетін бояу. Қына — таска бітеді, білім — баска бітеді *(мақал)*.

حنيف **хәниф** *Діни.* Нағыз, ақиқат, дәл, шын.

حوا **хәууа** *Діни.* Хауа ана (христианша Ева).

Ол рас, *Хауаға* бұрын барған әзірет, Адам,
Бұл шекті байқамайды қай бір надан
Хауа ана Адамменен сүйтіпті деп,
Бұл іске етпеу керек көңілді алаң.

(Манат қыз).

حواس **хәууас** (хассәнің көпше түрі). Дене сезімдері.

Ақыл мен *хауас* барлығын
Білмейдір жүрек сезедүр...

(Абай).

حوت **хұт** Хұт, ұт 1) үлкен, алып балық, кит; 2) *астр.* балықтар шоқжұлдызы. Ол мұсылмандарша февраль айының аты. Ұт туды — февраль айы туды.

حور **хүр** Үр, Хор — қаракөз сұлу қыздар, *діни.* ұғымша ұжмақ қыздары.

Үстіне малы менен жанын үйген,
Хор қызын аламын деп алтынды үйден...

(С. Торайғыров).

حوض **хауыз** 1) бассейн, су коймасы, су алабы, резервуар; 2) шелек, дағара, күбі.

Кірсе аржағы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір *қауыз* бар ернеуі тас

(*Абай*).

حيله **хилә** Айла 1) құлық, амал, әдіс; 2) ойлап шығарылған, ептілік, бұлтарыс; 3) нәтиже, қорытынды.

...Орынын немен болсын толтыруға
Жұмсады барлық ақыл, *айла*-күшін

(*С. Торайғыров*).

حيا **хәя** Ұят, ұялшақтық, сыпайылық, жұпынылық, кіші пейілдік, өзін төмен ұстаушылық.

حيات **хаят** Өмір, өмір сүру, тұрмыс, тіршілік, күн көру. Ол алтауының бірі — *хаят,* яғни, тірлік (*Абай*).

حيران **хайран** Қайран 1) таңырқаған, аң-таң болған; сасқан, сасқалақтаған; 2) Қайран қалу, таңырқау.

...Оспан деген жұтқышы тағы шықты.
Бара-бара қайтерсің, *қайран* күнім...

(*С. Торайғыров*).

حيوان **Хәйуан** Хайуан, айуан, жәндік.

Бермесін бұл азапты тірі жанға,
Адамзат, пері, шайтан, *хайуан,* малға

(*С. Торайғыров*).

حيوانات **хәйуанат** (хайуанның көпше түрі).
...Алты мың жан несі *хайуанаттар*,
Олардың қандай адам қойған атын

(*Ырысжан*).

خ

خ **хи** х — араб алфавитінде жетінші әріп.

خاص **хас** 1) ерекше; 2) арнаулы; 3) жеке, өзінің, меншік; 4) тиісті; оған ғана *хас* — тек соған ғана тиісті. Менің қаупім бар, олар *хас* осы ғибадат екен... *(Абай)*.

خاصيت **хасийят** Қасиет — өзгешілік, ерекше белгісі.

Қанжүректі қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау
Қам көңілдің тынбаған

(Абай).

خاطر **хатер** 1) ой, идея, пікір, долбар, түсінік, ойлау, ұғыныс; 2) ақыл, ес; 3) жан; 4) тілек, ықылас.

خافيه **хафия** Құпия жасырын.

Қаша алмай *қапияда* қалғандығы,
Сол үшін ол байғұстың жанғандығы

(С. Торайғыров).

خالص **халіс** Қалыс 1) таза, жасанды емес, шын, адал; 2) ерікті, азат.

...Үйренген жерім демей, тілін алды,
Болған соң ниеттерінің *қалыстығы?*

(С. Торайғыров).

خليفة **халифат** Халифалар басқарған мемлекет.

خبر **хәбәр** 1) хабар, хабарлау; жаңалық; 3) ұзынқұлақ, есіту.

Күн *хабар* сонда берді нұрын шашып,
Бір күлді жүзіменен амандасып...
(*С. Торайғыров*).

ختم **хәтм** 1) мөр, мөр басу, мөрлеу; 2) жабу; 3) аяқтау, құранды қатым ету, бір рет оқып шығу, бастан-аяқ жатқа білу. Оқуды бүгін бітіріп, ілімді *хатим* қилсаң да, бір тиын шығарып эперетін кітабым жоқ,— деді ол (*С. Торайғыров*).

خداعات **хәдәғат** Алдау, шеберлік әдіс, қулық.

خدمت **хедмәт** Қызмет, қызмет ету, жұмыс.

Не үшін кім берді екен шенді шекпен,
Қандайлық *қызметі* үшін халыққа еткен?
(*С. Торайғыров*).

خراب **хәраб** Харап 1) қирату, бүлдіру, жою; 2) талқандаушылық; 3) опат болу; 4) бүлініп, қирап қалған орын.

Туғаныңа екі жыл, ойна да ойла, талап қыл.
Ай санап өс, күн санап, надандықты *харап* қыл
(*С. Торайғыров*).

خراج **харадж** Ықыраж 1) жер салығы; 2) *діни*, ықыраж — зекетін төлеу.

خرج **хардж** Қаржы 1) шығын; 2) шығынға жұмсалатын ақша; 3) сыбаға, рацион; 4) алым-салық. Сералин *қаржы* жинады, өкметтен рұхсат сұрады, баспахана ашуды қарастырады. (*Б. Кенжебаев*).

خرف **хәреф** Қарып, алжыған, балалыққа айналған.

Бұл Момынбай асқан жуас, өтірік сөйлемейтін *қарып-қасер,* жетім-жесір рақымды, жақсы адам екен *(Қазақ ертегілері).*

خروج **хұрудж** 1) шығу; 2) аттану.

خزينه **хəзинə** Қазына 1) ақша т. б. қымбатты заттар сақталатын жай; 2) қойма, көмбе, байлық; 3) асыл дүние.

Қорасына бір байдың түнде кірді,
Ұрылар *Қазынасы* қайда сондайдың,
Аңдығыш, білгіш құрғырлар

(Абай).

خسر **хұср** Құсыр 1) жоғалту, айырылу; 2) зиянға қалу; 3) ұтылып қалу; 4) жолды жоғалту, адасу; 5) атат алу. Обал-ай, малдың *құсырына* жолығар болар *(Ғ. Мұстафин).*

خصوص **хұсус** 1) ерекшелік, өзгешелік, жекелік, бөлектік; 2) қатынас, байланыс.

خصوصى **хұсуси** 1) ерекше, арнаулы; 2) жеке, өзінікі.

خط **хатт** 1) сызық; 2) қатар; 3) хат.

Оқытқан «әліппесін» надан молда,
...Үш жылда *хат* таныған шала-зорға»

(С. Торайғыров).

خطا **хəта** Қате, терістік, мүлт кету, жаза басу.

...Қалыпқа ешбір адам келтірмейді,
Тап, *қате,* деген сүйдеп, айтылған сөз

(Кете Шегебай).

خطبه **хұтбә** Құтпа 1) сөз айту, сөз сөйлеу; 2) уағыз.

Мешіттің *құтпа оқыған* ғұламасы,
Мұнәжат уәлилердің зар наласы...
(*Абай*).

خطر **хәтер** Қатер (қауіп-қатер), қорқыныш.

...Тіл-сұқтан, *қауіп-қатер* қағас қыл деп,
Қол жайып мен тұрайын бұл жағынан
(*С. Торайғыров*).

خفى **хәфи** Жасырулы, жасырылған, тасаланып тұрған, жасырын, құпия сыры бар, көзге түспейтін, көрінбейтін, байқалмайтын.

...Ауруы күйдіргі еді, докторға айтпай,
«Құдай сақтар өзі» деп, *қапы* кетті.
(*С. Торайғыров*).

خفيه **хұфийя** Құпия 1) жасырын сыр; 2) жасырын жүретін полиция агенті.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
(*Абай*).

خلاص **хәлас** Қалас 1) құтқару, босату; 2) төлеу; әр бәледен қалас, таза болу.

خلاف **хелаф** Қилап 1) қайшылық, талас; 2) айырмашылық.

خلعت **Хілғат** Қылгат, сыйға тартқан киім, тон, шапан, награда. Бұрынғы заманда қылғатқа, шапанға арнап, елін сатқандар болған.

خلايق **хәлаиқ** Халайық 1) жәндік, 2) жаратылған; 3) табиғат. Қазақша халайық деп халық, көпшілік, жұрт ұғымында пайдаланылады.

Әр түрлі хикая мен дастан жазып,
Болмай ма, қатарыңды жалпы жеңсең?!
Атыңды *халайыққа* мәшһүр етіп....

(Омар).

خلف **хәләф** 1) мирасқор, ізін басушы, жолын қуушы; 2) ұрпақ, нәсіл, жас ұрпақ, әулет, жұрт; 3) төлеу, орнын толтыру.

خلفه **хәлфә** Халфе — мұсылман дінінің артына түскен медреседегі аға шәкірт. Жылап егілуі, бір сәтте, медресе діни *халифелері* айтуы бойынша айыптылардың күнәсын өтейтін сияқты, соның кешірімін тілеген сияқты жалбарынудан жасы ма деп еді. Бірақ одан тез түңіліп кетті *(М. Әуезов).*

خلق **хәлқ** 1) жаратылу, жасалу; 2) халық, адамдар, жұрт.

«*Халық* айтса қате айтпайды» деген сөзбен
Таныскалы жазамын естіп жұрттан

(С. Торайғыров).

خلق **хұлқ** Құлық 1) мінез, табиғат; 2) көңіл, көңілді күй; 3) ашу, ыза, қаһар. *Құлқы* солай болған соң ба,

әйтеуір, Дәулетовты студенттердің көбі жек көрді (*Қабдолов*).

خلوت **хәлуәт** Қылует 1) жалғыздық; 2) құпия орын, оңаша тұруға арналған бөлім. Түркстан қаласындағы революцияға дейін діндар кісілер белгілі мерзім ішінде құдайға құлшылық етіп шығатын жер астындағы орын. Діни аңызда Қожа Ахмет Яссауи пайғамбар жасына (63-ке) келгеннен кейін, қалған өмірін *қылуетте* (жер астындағы жасанды үңгірде) өткізіпті-міс.

خليفه **хәлифа** Халифа 1) мирасқор; 2) наместник. Тарихта *халифа* мұсылмандардың әкімшілігін және діни билігін бір өзі сайлаусыз басқарушының титулы.

Сол Масғұт *халифаға* уәзір бопты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы қыдыр шал бір уақытта
Түсінде аян беріп жолығыпты

(*Абай*).

خمر **хәмр** Шарап (арақ)

خمس **хәмс** Хәмсә — бес. «Хәмса» — орта ғасырда жасалған, әлемге белгілі шығыс ақындары Низамидің, Хосровтың, Науаидың бес дастандық шығармаларының аттары. Жә, олай болса, адамды жаратушы хауаси *хамса* заһри бергенде, тахқиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж боларлығын біліп бергендігі әшкере тұр ғой. (*Абай*).

خمير **хәмир** Қамыр, ашытқан нан. Құлмұрат... те-

гешке су мен сүт құйып, үш-төрт уыс ұн салып, *қамыр* илей бастады. *(Айни)*.

خناس **хәннас** Шегінуші. құдайдың атын айтқанда, аллалағанда шегінуші шайтан, ібіліс.

خوجه **ходжа** Қожа *діни*. Қожалар ерте заманда Мұхаммед пайғамбардың, алғашқы халифтердің ұрпағы, мұсылман дінінің уәкілі болған.

خواطر **хауатир** (қатердің көпше түрі).

خوف **хәуф** Қауіп 1) үрей, қорқыныш; 2) қауіптену.

Қойнына қараңғылық енген барып,
Жағалай айналаңның бәрі *қауіп*
(С. Торайғыров).

خيال **хәял** Қиял 1) елестету, елес, арман; 2) құрғақ қиял; 3) көлеңке, кескін, бейне.

Қарасаң бұл уақытта кең далаға,
Әр түрлі *қиял* келіп түсер еске
(С. Торайғыров).

خيالى **хәяли** Фантастикалық 1) керемет, адам айтқысыз қызық; 2) қиялшыл, утопист.

خيانب **хиянәт** Қиянат, опасыздық, қиянаттылық, арамзалық, залымдық.

«Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден...»
(Абай).

خير **хәйр** Қайыр 1) жақсы, мейірман, мейірімді, рақымды, күшті, басым; 2) өте жақсы.

...Сұрасаң *қайыр*, шешетәй,
Мен үшін жемтік жинама!
(С. Торайғыров).

خيرون **хәйирун** 1) Жақсы, мейірман, мейірімді, рахымды, ізгі, адал, қайырымды адамдар; 2) қолдаушылар, жәрдемшілер.

خيريه **хәйрийя** Қолдаушылық, жәрдем берушілік, рақымдылық.

د

د **дәл** д — араб алфавитінде сегізінші әріп.

دائم **даим** Дайым 1) созушы; 2) ұзақ; 3) тұрақты, мәңгі; 4) мезгіл.

Баурында Оқжетпестің бір шоқ қайың,
Жүреді сонда сері келіп *дайым...*
(І. Жансүгіров).

دجال **дәдджал** Дажал, тажал 1) алдамшы, өтірікші, дүмше, алдаушы, опасыз; 2) діни мұсылман дінінше, ақыр заман болғанда шығатын аждаха-мыс.

...Жыланнан сырға салған жолбарыс қыз
Сықылды жын патшасы, *дажал түсті.*
(І. Жансүгіров).

دخان **дүхан** 1) түтін; 2) бу; 3) темекі; 3) әд-Дүжхан (Құранның қырық төртінші суресінің аты).

در **дүр** Інжу, маржан, перламутр, моншақ.

Көзінен нұр төгіліп,
Жерінен *дүр* гүл өніп
Малжыраған бұл қай жақ?
(І. Жансүгіров).

دَرَجه **дәрәжә** 1) Дәреже; 2) ранг, атақ, мамандық; 3) градус; 4) поезд не пароходтағы класс; 5) саты.

Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ,
«Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт.
Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ...
(С. Торайғыров).

درس **дәрс** 1) сабақ; 2) лекция; 3) үйрену. *Дәріс* тамам болмаса да, хазреттің фатихасын алып қайттық,— деді Абай *(М. Әуезов).*

دریه **дүррия** 1) дүрия, матаның аты; 2) жарқыраған, жалтыраған, жалтылдаған, жайнаған, жайнап тұрған зат.

...*Дүрия* кисе, қараман мен ол қызға,
Бай қызының ескісін кимек түгіл.
(С. Торайғыров).

دعا **дұға** 1) жалыну, тілеу, өтініш; 2) намаз оқу, дұға қылу; 3) шақыру; 4) қарғыс.

«Лепес қып өзі бастап, «ақын» бол деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған
(С. Торайғыров).

دعوى **дағуа** 1) талаптану, талап ету; 2) бекіту; 3) шағым, іздену; 4) дау-шар, айтыс-тартыс. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік *дағуасына* кірді, аса арсыздана жалынбайды *(Абай)*.

دف **дәфф** Қағып ойнайтын ішекті аспап, дабыл.

دفتر **дәфтәр** 1) дәптер; 2) жазуға арналған кітап.

Онегинім ашып шкаф:
Тапты расход бір *дәптерін,*
Бірінен мол ішімдікті,
Алма сулы көп шөлмекті...
(А. Пушкин).

دفع **дәфғ** 1) итеру, лақтыру; 2) тойтарыс; 3) қарсылық; 4) айдап, қуып шығару; 5) төлеу, тапсыру. Сонан соң ғана... өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат *дәфғы* мұзаратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады *(Абай)*.

دفن **дәфн** 1) көму; 2) жерлеу, қабірлеу; 3) жасыру, жасырыну, тығу, тығылу.

دقة **диққәт** 1) дәлдік, анықтық; 2) ұқыптылық, ықыластық, зерделік; 3) жинақтылық, мұқияттылық; 4) шеберлік, нәзіктік.

دل **дәлл** 1) көрсету (бірнәрсені); 2) куә болу; 3) сілтеу.

О, Жамбыл бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады *дәл* шын тойың
(Құлмамбет).

دلال **дәллəл** Делдал 1) жаршы, хабаршы; 2) делдал.

...Жете алмай осы жаққа өміріне,
Таусылған талай адам болып *делдал*

(І. Жансүгіров).

دلدول **дүлдүл** Әлінің (Ғалидің) жауға мінетін «алып» жүйрік аты.

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,
Жұртымның жүйрігінің *дүлдүлімін*

(І. Жансүгіров).

دلو **дәлу** 1) шелек, қауға; 2) *астр.* Су құюшы шоқжұлдызы. Ол күн календарымен мұсылмандардың он бірінші айы, біздінше январьға сәйкес келеді.

دليل **дәлил** 1) дәлел; 2) ыспат, айғақ, жақтау; 3) таңба, белгі; 4) бетпе-бет мойындасу.

Сөзім сол мейлің жандыр, мейлің өлтір!
Қисық десең, канеки *дәлел* келтір!

(С. Торайғыров).

دنيا **дүния** Дүние 1) жарық, әлем; 2) татулық, өмір; 3) ауа райы.

...*Дүние* дос махаббатсыз мал секілді,
— Деген сөзін Абайдың есіңізге ал

(С. Торайғыров).

Сен жоқ болсаң қарағым,
Дүние жүзі маған көр

(С. Торайғыров).

دنياوى **дүнияуи** 1) Дүниелік, дүние жүзілік; 2) шын; 3) бұқара.

دهر **дәһр** 1) заман, дәуір, ғасыр; 2) тағдыр, жазмыш.

دهرى **дәһри** 1) атам заманғы, ғасырлар бойы болып келе жатқан; 2) еркін ойлы, дінсіз; 3) материалист.

دهليز **Диһлиз** Коридор, ауыз үй.

دور **Дәур** 1) айналым, айналыс; 2) дәуір; 3) шеңбер; 4) алмасу; 5) кезек; 6) алмастыру; 7) сессия; 8) цикл; 9) роль.

Көр міне Қамар қандай, аға бауыр!
Келе ме қайта айналып, өткен *дәуір?..*
(С. Торайғыров).

دوران **дәуәран** Дәурен 1) айналмалы қозғалыс, айналу, бұрылу; 2) процессия.

Ұйықтамай түн бойынша бірге жүріп,
Жан бірге, дүние бөлек *дәурен* сүріп
(С. Торайғыров).

دولت **дәуләт** Дәулет 1) мемлекет; 2) үстемділік; 3) династия; 4) ауыспалы мағынада — байлық.

...Өмір сүрген кісіге
Дәулет — қызық, бала — бал
(Абай).

دوا **дәуа** Дауа, дәрі-дәрмек.

Дауа тапсам: дене ауру көрмес болса,
Қартайып, тозбай, адам өлмес болса...
(С. Торайғыров).

دوات **дәуат** Дәуіт (сия сауыт). Қолында молдалардың дәуіт қалам... *(Жүсіпбек қожа).*

دین **дин** Дін, наным, сенім, илану.

Дін деген өтірікке нану деген,
Көңілге өнбес қиял алу деген
(С. Торайғыров).

دینار **динар** Ескі алтын ақша (Иранның сомы).

دینی **Дини** Діни, дінге тиісті, дінге қатынасы бар, діншіл.

دیوان **диуан** 1) өлең жинағы; 2) кеңсе, мемлекеттік мекеме.

ذ

ذ **зәл** з — араб алфавитіндегі тоғызыншы әріп.

ذاریات **зарият** 1) шашушылар; 2) әз-Зарият (Құранның елу бірінші сүресінің аты.

ذره **зәррә** Зәрре 1) құмырсқа; 2) кішкентай бөлшек; 3) атом. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз *зәрре* аттас сипатымызды ол... сегіз ұлығ сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақ бірлән біздің атымыз мүсілім бола ала ма? *(Абай).*

ذکر **Зикр** Зікір 1) еске түсіру, еске салу; 2) ес; 3) даңқ; 4) діни топ адам қосылып, құдайдың атын атап,

ұдайы дұға оқу, *зікір* салу. Мұндай фанатиктер әлсіреп құлағанға дейін сарнайды. Сонан соң жеті күн ұдайымен оқып *зікір* салып, басындағы дуасын аламын,— деді ишан *(С. Торайғыров).*

ذليل **зәлил** 1) қор, қол болған; 2) көнгіш, бас июші; момын, жуас.

ذوالجلال **зү-л-джалал** Зұлжалал — құдайдың көп атының бірі. Жеткізбей бұл мұратқа зұлжалалым... *(Ақан сері).*

Зүлзәләлі Абылқайыр, Ақтамберді, Жаратып дүниені дәнекерлі... *(Тезек).*

ر

ر **ре** р — араб алфавитіндегі оныншы әріп.

راحت **рахәт** Рақат 1) тыныштылық, дамыл, демалыс; 2) ыңғайлылық, қолайлылық.

Жазы кеш, жарық айлы, қоңыр самал,
Рақат таза ауасын жұтқандай бол
(С. Торайғыров).

راحت الحلقوم **рахат-үл-хүлкум** 1) Үнға жаңғақ, бадам, қант қосып істелген дәмді, тәтті тағам; 2) рақат және хұлкум, алқым, тамақ деген екі сөздің қосындысы.

راهب **раһіб** Діни, монах, құдайға берілген адам.

رائع **раиғ** 1) қорқыныш, қорқынышты, қауіпті; 2) тамаша, жайнаған, жарқын, жалтыраған, жанып тұрған, ғажап.

رأي **рәэи** 1) көзтастау, пікір; 2) ой, ақыл; 3) дауыс

(сайлауда). Жарықтығым, Айманжаным, қайтты *райдан.* *(М. Әуезов).*

رب **рәббі** 1) құдай; 2) мырза; 3) тақсыр; 4) ие, қожа; 5) басшы, бастық; 6) тәрбиелеу. Бұл болса тариф *раббіге* жараспайды *(Абай).*

ربط **рәбәт** Квартал, мәхәллә, қаланың шеті.

رواج **рәуадж** 1) тарату, өрістету, кеңейту; 2) айналу, ауысып айналу; 3) керек ету, өту (товар жөнінде). Бірақ оған *рәуаж* беріп гүлдендірмек, бәлке адам өз халінше кәмәләтқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. *(Абай).*

رواتب **рәуатиб** немесе **рәуатиб-әл-құран** (Құранның бөлегі) белгілі күнде, сағатта оқылатын намаз, намаз жинағы.

رحمت **рәхмәт** Рақмет 1) қайырымдылық, мейірімділік, шапағаттылық; 2) қайғысына ортақтасу, аяушылық білдіру.

رحمان **рәхман** Құдайдың теңеуі 1) қайырымды, мейірімді, кішіпейілді; 2) әл-Рахмани (Құранның елу бесінші сүресінің аты).

...Әр нешік ғаріптердің ісі мүшкіл,
Я, *рахман,* өзің бір жөн табасың да
(С. Торайғыров).

رحيم **рәхим** Рақым қайырымды, мейірімді, рахымды, кішіпейілді, ізгі ниетті, шапағатты, мархабатты.

Ұзақшыл, *рақымы* кең құдай қалай,
Жазықсыз жапа тартқан қыршын жан-ай!
(С. Торайғыров).

رخصت **рухсәт** 1) Рұқсат, ырзалық; 2) жіберу.

Әйел емес соқпа дерттен,
Сауыға алмас сынған ер.
Мен — көмірмін,
Енді *рұқсат* бізге бер

(Абай).

رزق **ризқ** Рызық 1) күнелту үшін қаражат, тамақтану, асырау, күту, үлес, сыбаға; 2) жалақы.

رسم **рәсм** Ресім 1) сызық, ресім; 2) сурет, көрініс, портрет, келбет; 3) із, белгі; 4) баж салығын жинау, салық; 5) салтанат, ғұрып, салт-сана.

«Аз-көп» деп, бергеніңді молда сөз ғып,
Әуелден *ресім* жоқ ғылым сатқан

(С. Торайғыров).

رسمى **рәсми** 1) ресми, заңды; 2) формалы, арнаулы.

رسول **рәсул** 1) елші, уәкіл; 2) эмиссар (құпия тапсырмалы уәкіл); 3) пайғамбар; 4) алғашқы хабаршы.

Дәл уақыты жетсе жеткенде,
Талайдың гүлі құрайды.
Рәсулді алған бұл өлім,
Кімнен жөнді сұрайды?

(Абай).

رضا **риза** 1) молшылық; қанағаттылық, қанағаттандыру, рахаттылық; 2) ризашылық; 3) мейірбандық, игі ниеттілік.

Тартсам мен жарты тиын тамағыма
Ырзамын олда-білде жоғалт көзін!
(С. Торайғыров).

رضى **рази** 1) разы, қанағаттанған; 2) сүйкімді, жағымды, ұнамды.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда...
(С. Торайғыров).

رعد **рәғыд** 1) Күн күркіреу; *діни,* күн күркірететін періштенің аты-мыс. 2) әр Рәғыд (Құранның он үшінші сүресінің аты).

Жалын мен оттан жаралып,
Жарқылдап *рағит* жайды айдар...
(Абай).

ركعات **рәкәғат** (рекеттің көпшесі), намаз оқығанда тізе бүгу, тәжім ету, сәлем беру, бас ию.

ركعت **рәкғәт** *Діни.* Рекет — намаз оқығанда тізе бүгу, тәжім ету, сәлем беру, бас ию.

ركوع **рүкуғ** *Діни.* Намаз оқығанда тізелеріне қолдарын қойып еңкею. *Рұқұғ* бас ұрмақ... Ол да — ишарат. *(Абай).*

رمضان **рамазан** Ай календарымен арабша тоғызыншы айдың аты; діни ораза айы.

روح **рух** 1) рух; 2) жан; 3) елес; 4) өмір.

Мырзаларға, байларға сәжде қылып құл болған,
Жүректің оты *рух* сөніп жігері сонда құм болған — біз едік.

(С. Сейфуллин).

ريا **рия** 1) монтаналық, екіжүзділік, қара ниеттілік; 2) сиқырлық.

Малға басым имеске,
Рия тонын кимеске...
Кәміл уағда етілді!— дедім

(С. Торайғыров).

روحانى **рухани** Рахани — адамның ой саласына байланысты.

رویة **рәуәйя** 1) ой, ойлану, ой жүргізу, толғану, қарау, қарап шешу; 2) түсіну, ұғыну.

Бірәдар менен арман жүрсең деймін,
Күнінді пиғылыңнан көрсең деймін,
Ешкімге *рауаят* айтар хәл жоқ,
Жөніме енді тыныш өлсем деймін,— деді молда.

(І. Жансүгіров).

ريحان **райхан** Райхан — базилик деп аталатын иісті гүлдің аты.

Баққа қонған бұлбұл құс
Райхан гүлге қарайды

(Жамбыл).

ز

ز **зи** з — араб алфавитінде он бірінші әріп.

زاهد **зәһид** 1) құдайшыл, діншіл; 2) сопы, тақуа.

زبور **зәбур** *Діни* ұғымында құдайдан келген төрт кітаптің бірі. Қирағат салуда және шіркеуде айтылатын, оқылатын діни өлеңдер жинағы.

زحمت **зәхмәт** 1) Қыспақ, сығылу, тығыздану; 2) астан-кестен, абыр-сабыр; 3) қиындық.

زخروف **зұхруф** 1) әдемілеу, безеу, әшекейлеу, жасау; 2) ою; 3) әз-Зухруф (Құранның қырық үшінші сүресінің аты).

زعفران **зәғфәран** Жылы жақта өсетін өсімдіктің кептіріліп, ұнталған гүлі.

زقوم **закқұм** 1) *діни*, тозақ ағашы, ол дүниеде оның улы жемістерімен күнәкарлар күн көреді-міс; 2) ботаникалық жабайы зәйтүн.

زكات **зәкат** Зекет. 1) тазалық; 2) қайыр, садақа; 3) оннан бірі, зекет беру.

Зекет алса молдалар,
Жұмаққа жұртты жолдайды

(Жамбыл).

زلزال **зелзал** Зелзал 1) дірілдеу, сілкіну; 2) жер сілкіну.

زلزله **зелзал** Зелзал 1) дірілдеу, сілкіну; 2) жер сілкіну; 3) әз-Зәлзәлә (Құранның тоқсан тоғызыншы сүресінің аты).

...Түтінін шығаруға шарасы жоқ,
Ішінде *зілзаланың* оты қаулар
(С. Торайғыров).

زلل **зәләл** 1) қате, жаңылыс; 2) мүлт жіберу.

زمان **заман** Уақыт, ғасыр.

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң тез
Келген *заман* — бостандық, жаңбырмен тең
(С. Торайғыров).

زمر **зүмәр** 1) серіктіктер, топтар, сыбайластар тобы; 2) әз-Зүмәр (Құранның отыз тоғызыншы сүресінің аты).

زمزم **зәмзәм** Зәмзем 1) мол, молшылық; 2) Меккедегі Қағба харамының жанындағы құдық (оның суын қасиетті деп барған қажыларға құтыға құйып сатады.

زنا **зина** Зіна 1) тұрақсыздық, неке бұзушылық, бұзықтық, азғындық; 2) жезөкшелік.

زوال **зауал** 1) түс кез (қазақ ұғымында күн батар кез); 2) бату (Күн); 3) жоқ болу, ғайып болу; 4) апатқа ұшырау.

Неміске де сол *зауал.*
Ажал жақын оларға
(Жамбыл).

زياده **зиядә** Зият көп, артық, жақсы.

زيت **зәйіт** 1) зәйтүн майы; 2) майлау.

زيتون **зәйтүн** (олива маслина) Жылы жақта өсетін жемісі бар, сарғыш түсті ағаш (оның бұтағы — бейбітшілік белгісі). Әкем тек *зәйтүн* және көк түсті бояуды

өзі жасай алмағандықтан, мұндай бояуға боялатын жіпті бояушыларға беретін *(Айни)*.

زيتونه **зәйтүнә** Зәйтүн ағашының жемісі.

زيل **зәніл** Зейіл 1) тоқтау; 2) қысқарту, доғару.

زين **зәйін** 1) әдемілік, безеу, 2) сұлулық.

زينت **зинәт** Зейнет 1) әдемілеу әшекейлеу; 2) иллюминация (әр түсті жарықтармен жайнату).

س

س **сын**, с — араб алфавитінде он екінші әріп.

ساعت **сағат** Міне бұл көрініс екі *сағатқа* созылып, тамашаға батамыз деп жиылған желбуаздар кірерге есік, шығарға тесік таппағандай болды. *(С. Торайғыров)*.

سبا **сәба** (Құранның отыз төртінші сүресінің аты).

سبات **сұбат** 1) дамыл, тыныштық; 2) ұйқышылдық; 3) орамсыздық.

سبب **сәбәб** Себеп 1) себеп; 2) жол, тәсіл, құрал; 3) зат, бұйым, нәрсе; 4) жіп; 5) байланыс.

...Мысалы: мал қыратын түрлі аурудан
Себеп тапсам, еш зиян келмес болса.
(С. Торайғыров).

سبحان **сұбхан** Мақтау (құдайды), жасаушы. Сұқан деп те айтылады (сұқаны сүймеу).

سبحان الله **сұбхан-алла** Сұбханалла. *Діни* — құдайды мақтау, оның даңқы арта берсін!— деген мағынада.

Әйда-ай! Бүгін түнде әне жерде шарта жүгінген, жыбыр-жыбыр далайып қайрот, мына жерде сарт-сұрт еткен

таспық пен *субхан-алла* су жағала дей ме немене, көзін жұмып, дамығып кеткен мүридтер. *(С. Торайғыров).*

سجده **сәждә** Сежде 1) тәжім, сәлем, бас ию; 2) бас ұру, тәжім ету; 3) әс-Сәждә (Құранның отыз екінші сүресінің аты).

Басында *сәжде* еткен болып жүріп,
Сөзінен жүре-бара танғандығы...
(С. Торайғыров).

سحر **сәхәр** Сақар, сәрі, таңсәрі.
Адам баласы... өзге хайуандарды... жас күнінде, кішкене уақытында шафхат *сәхәрімен* бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы, бәлки адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік *(Абай).*

سحر **сихр** Сиқыр 1) таңғажайып, таң қаларлық; 2) арбау, көз байлау.

Сиқыры жоқ, сыры ашық,
Мендегі сезім пернесін
Сол жанарың тұр басып
(Қайырбеков Ғ.)

سحور **сүхур** Сәресі мұсылмандардың ораза кезінде таң алдында тамақтану мезгілі.

سخط **сұхт** Ашу, ыза, қаһар, наразылық.

سخی **сәхи** Сақы 1) жомарт, мырза, қолы ашық; 2) ақ көңіл, кең пейіл, қайырымды.

سر **сирр** Сыр 1) құпия; 2) жүрек, жан; 3) *діни* тазалану, 4) сырын білу.

Сырты сұлу, басында ақылы бар,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырын
(*С. Торайғыров*).

سرطان **саратан-Шаян** *Астр.* Шаян шоқ жұлдызы; ол күн календарымен мұсылмандардың төртінші айы, яғни июньге сәйкес келеді.

سرف **сәрәф** 1) ысырапшылдық, дүние шашқыштық; 2) шектен тышқары шығын.

سعد **сәғд** Сәт, бақыт, табыс.

Сәті болып, жазылып қалса,— деді Нұрым,— жанымнан өзге қалағаныңыз сіздікі (*С. Торайғыров*).

سعى **сәғи** 1) жүргізу; 2) талаптану, ұмтылу; 3) тырысу, иждиһат, еңбек.

سفر **сәфәр** Сапар 1) саяхат жасау, жиһан кезу; 2) жорық, жүріс; 3) бару.

Сен *сапарда* бергенсің бейбіт өмір,
Бірақ жан-жақ қалдырған сенен көңіл...
(*І. Жансүгіров*).

سقر **сәқыр** *Діни.* Тозақ, тамұқ жеті тамұқтың түбі деген мағынада.

سكوت **сүкут** 1) үндемеу, ләм демеу; 2) тұйықтық, сөзге сарандық, үндемей қалулық, ұялшақтық.

سكون **сүкүн** Секін 1) дамыл, тыныштық, тыныштық сақтау; 2) грамматикалық — секін, дауыссыз әріп үстіне қойылатын дөңгелек таңба.

Асты жоқ, үсті жоқ, *секіні* жоқ,

Үтірі жоқ... ұзын сирақ, бота тірсек
Әліп-биден әбден жалығып, тойып біттім
(*Ақынжанов*).

سلام **сәлам** Сәлем 1) бейбітшілік, тыныштық, қауіпсіздік, амандық; 2) сәлем беру; 3) гимн, салтанатты өлең.

...Барғаның *сәлем* дегейсің,
Қаралы болған анама
(*С. Торайғыров*).

سلامت **сәләмат** Сәлемет 1) қауіпсіздік, бүтіндік, толықтылық, аман-есендік; 2) құтқару, құтылу; 3) сәлеметтік. Ол дұға қазинасы күллі... Ортақтастырып, оларға да *сәләмәтшілік* тілеп әм рахмет тілеп бітіресіз (*Абай*).

سلطان **сұлтан** 1) өкімет, үстемдік, билеп тұрушылық; 2) сұлтан, тақсыр, патша. Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға *сұлтан* қылғандығына дәлел емес пе? (*Абай*).

سلطانت **сұлтанат** Сұлтанат 1) сұлтан билеген ел; 2) корольдік.

سماح **сәмах** 1) кешіру, кешірім, мархабат; 2) ризалық, рұхсат.

سمت الرأس **сәмт-үр-раәси** Зенит, күннің тас төбеде болуы; Күн тас төбеде, зенитте тұр.

سمعت **сұмғат** Атақ, жақсы атақ, мәртебе, абырой.

سمع **сәмғ** Тыңдау, есіту, есіту қабілеті.

سميع **сәмиғ** Тыңдаушы, естуші. Енді олай болса,

айтқандай қылып білдіретұғын құдреті және басар, *сәмиғ*, яғни көруші, есітуші деген! *(Абай)*.

سنبله **сүнбүлә** Сүнбіле 1) масақ; 2) *астр.* Бикеш шоқжұлдызының аты, ол күн календарымен мұсылмандардың алтыншы айына, яғни август айына сәйкес келеді. *Сумбіле* туса су суыр *(мақал)*.

سنّت **сүннәт** Сүндет 1) әдет-ғұрып, тәжірибе, жаттығу; 2) ескі әңгіме, аңыз; 3) діни ұғымда құдай жарлығы — парыз; Мұхаммед жарлығы — сүндет деп түсіндіріледі, екеуі де бекер. Һәм оның атқа мінер, *сүндет* тойы... *(С. Торайғыров)*.

سنّى **сүнни** сүндеттік (сүннәтті қара).

سنّية **сүнният** Сүндетке тиісті, соған қатысы бар.

سند **сәнәд** 1) Тірек, сүйеніш, таяныш; 2) тау беткейі; 3) тілхат, документ, ақша міндеттемесі, қарыз, бағалы, қымбат қағаздар.

سندال **сендал** Жаңғырық, темір соғатын төстің астындағы ағаш.

Самарқанд барсаң *сандал* бар,
Сандалды көр де тісім көр!..
(Ер Тарғын).

سنه **сәнә** Жыл (1915 сәнәдә — 1915 жылда).

سوره **сурә** Суре (Құранның тарамы, суресі).

Әншейін-ақ қасына *суре* танитын сопысымақ сұмырайларды жиып алған... (*С. Торайғыров*).

سياح **Сайях** Саяхатшы, жиһангез, жолаушы.

...Әлемнің не данышпан *саяқтары*

Өмір жоқ, ол тарапқа жол жоқ деген
(*І. Жансүгіров*).

سياحت **сияхат** Саяхат, саяхат жасау, жиһан кезу, сапар шегу, жол жүру.

Тек бір ғана билеп сезім,
Саяхатта қажытты өзін.
(*А. Пушкин*).

سياست **саясат** Саясат 1) басқарма, басқару; 2) саясат.

Мұнымен тағы да өтті ойын-сауық,
Істесті, *саясаттың* кілтін тауып
(*І. Жансүгіров*).

سياسى **саяси** Саяси 1) саяси, дипломатиялық, дипломатияшыл; 2) мемлекеттік қайраткер, саясатты, саясатшыл. *Саяси* сауатсыз — саясатқа шорқақ адам. *Саяси* сауатсыз кісі социализм ісіне шала түсінеді.
(*С. Мұқанов*).

سيل **сәйл** Сел, тасқын.

Аты жоқ бұт көтерер байғұстардың,
Ішінде жаяу малтып аппақ қардың
— Обалым шөп шаппаған неме — деп,
Қандары *сел* боп жатыр хайуан малдың
(*С. Торайғыров*).

سين **син** Сын — араб әліппесінде он екінші әріптің аты.

ش

ش **шин** ш — араб алфавитінде он үшінші әріп.

شاعر **шағир** Шайыр 1) ақын; 2) әңгіме айтушы.

Ақында *шайыр* ақпанмын,
Аспанға пырақтай.
Сөзінде сенің асыл жоқ,
Құбылып тұрған сынаптай
(*Жамбыл*).

شافعات **шафиғат** (шәфағаттың көпше түрі).

شاكر **Шакир** Сыйлаушы, құрметтеуші, қадірін білуші. *Шәкірліктен* ғибраттың бәрі туады (*Абай*).

شاكرات **шәкират** (Шәкирдің көпше түрі).

شبهه **шүбһа** Шүбә, күмән, күдік.

شجر، شجره **шәджәр** Шәджәрә — Ағаш.

شجر النسب **шәджәр-үн-нәсәб** Шежіре — жазба ескерткіш, ата-баба тарихы.

Мұны ойлап, әкімдіктен көңілім суып,
...Атымды дүние таныр, *шежіре* ұмытпас,
Атақты істер қалса менен туып.
(*С. Торайғыров*).

شراب **шәраб** Шарап 1) ішу, сусын; 2) шарап.

...Құшақтап алдына алып Тамараны,
Мүйізбен *шарап* ішкен князь қайда?
(*І. Жансүгіров*).

شراق **шырақ** 1) бала, шәкірт; 2) тамызық (тез жанатын ағаш); 3) приказчик.

شربات **шәрбат** Тәтті сусын, сироп.

Қыз тұлғасын қарасаң—айдынды елдің туындай.
Айтқан сөздің *шербеті* — Абылхаят суындай
(І. Жансүгіров).

شرح **шәрх** 1) Талдау, түсіндіру, ұғындыру, түсінік беру; 2) аңғару. Сегіз сипаттан қалған алтауы — бұларға *шарх (Абай)*.

شرط **шарт** Шарт — жағдай, күй. Бірақ оның екі *шарты* бар, соны білсе екен *(Абай)*.

شرع **шарғ** Дін заңы, шариғат.

شرعی **шарғи** 1) шариғатқа тиісті, оған қатынасы бар; 2) заңды, ашық, ресми; 3) шариғаттық.

...Өнер өзі де мал, өнерді үйренбек — өзі де ихсан.
Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, *шарғыға* муафих болсын
(Абай).

شروع **шұруғ** 1) бастау, іске асыру, іске кірісу, қамдану, әрекет жасау; талаптану; 2) қастық.

Бұл ғибараттан бір үлкені... Намазға *шұруға* қылмақ...
(Абай).

شرفت **шәрәфәт** Шарапат жарылқаушылық, жақсылық. Жақсынын *шарапаты* тиер тар жерде, жаманның кесапаты тиер әр жерде *(мақал)*.

شرق **шарк** Шығыс, күн шығыс.

شرقی **шарки** Шығыстық.

شرقیت **шаркият** Шығыс тану ғылымы.

شركة **Шіркәт** Шіркет 1) қоғам, серіктік, бірлестік; 2) жалпы мүлік, жалпы дәулет.

شریعت **шариғат** Діни. Заң — дін заңы.

Молда көп, молда деген атын сатқан,
Басалмай, өтірік соққан *шариғаттан*
(*С. Торайғыров*).

شریك **шәрик** Серік 1) жолдас, серіктес, бірге істеуші; 2) сыбайлас.

...Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын *серік*
(*С. Торайғыров*).

شطرنج **шәтрәндж** Шатыраш — дойбы.

الشعراء **шұғәра** Шайырдың көпше түрі. Әш-Шұғара (Құранның жиырма алтыншы сүресінің аты).

شعور **шұғур** 1) сезу; 2) қайғы қасырет, ренжу, төзу; 3) сана, түсінік; 4) сезімдік.

شغل **шұғл** Шұғыл — кәсіп, іс, жұмыс.

Нәсіпті *шұғылдандыр*, жатпа босқа,
Ашуды қой, серік бол ақыл-досқа.
Егер де бетіменен қоя берсең,
Сені ол *шұғылдандырып* қылар шошқа
(*С. Торайғыров*).

شعله **шұғлә** Шұғыла 1) жалын; 2) жарқырау, нұр шашу (солтүстік шұғыла); 3) көсеулі шырақ (факел).

Сеуіп күннің *шұғыласын*,
Келді жайнап апрель *(Мәуленов)*.

شفا **шифа** Шипа 1) Ем болу, сауығу, жазылу; 2) емдік заттары, дәрі-дәрмек. Қамар сорлының құлындағы дауысы құраққа шықса да: «Бишара-ау, дертіңе *шипа* берсін, саған кім болса да қастық қылып отырған жоқ қой» деуден басқа бақсыға қой деуші кісі жоқ еді. *(С. Торайғыров)*.

شفق **шәфәқ** Шапақ, іңір сәулесі; 2) кешкі, ертеңгі күннің бату, шығуындағы сәуле.

Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан,
Артында қызыл *шапақ* нұры қалып.
(С. Торайғыров).

شفائى **шифаи** Ем болатын, шипасы түсетін.

شفاعت **шәфағәт** Шапағат 1) аяу, жаны ашу, есіркеу, қайғысына ортақтасу, көңіл айту. Бұл сөз көбінесе құдай, пайғамбар дегендермен байланыса айтылады. Кейбір жырларда әулие әнбиелерге түнеп, бала солардың *шапағатынан* дүниеге келеді,— дейді *(Жұмағалиев)*.

شك **шәкк** Шек күман, шүбә, күдік, шәк. Ел қуанышында *шек* жоқ *(І. Жансүгіров)*.

شكايت **шикаят** Шағым, айыптау.

شكر **шүкр** 1) мақтау, мақтан; 2) алғыс айту; 3) құрметтеушілік, қадірлеушілік, силаушылық.

...Мың *шүкір*, бүгін өлсем арманым жоқ,
Көрсеттің жаным сүйген жолдасымды.
(С. Торайғыров).

شكران **шукран** Шүкіран құрмет, алғыс, құрметтеушілік, қадірлеушілік, сыйлаушылық.

شلغم **шалғам** Шалқан, қышы, сарбас (майлы өсімдік).

شمال **шимал** 1) солтүстік; 2) сол, сол жақ.

شمس **шәміс** 1) күн, күннің көзі; 2) әш-Шәміш (Құранның тоқсан бірінші суресінің аты).

شمع **шәмғ** Шам 1) балауыз; 2) шырақ. электр *шам* қызғылданып тұр жанып *(І. Жансүгіров).*

شهادت **шәһадәт** 1) Куәлік, айғақ; 2) жазба куәлік, аттестат, диплом; 3) діни азаптанушылық, азап шегушілік; 4) діни уағыз, дін жолының сөздері.

شهر **шәһр** Ай.

شهيد **шәһид** Шейіт 1) дін жолында, дін үшін соғыста құрбан болған, өлген, қайтыс болған; 2) құрбан, азап шеккен.

Жауына еңбекшінің қанымен қас,
Айнымай *шейіт* болған егеу алмас...
(І. Жансүгіров).

شورى **шура** 1) Кеңес, мәслихат, палата; 2) әш-Шури (Құранның қырық екінші суресінің аты).

شوط **шәут** 1) аралық, ара, қашықтық, шалғайлық; 2) жарыс, жарыс аралығы (спорт).

شوكت **шәукәт** 1) тікенек, ине; 2) шанышқы; 3) күш, қуат, құдірет; 4) балық қылтанағы.

شيخ **шәйх** Шайқы 1) қарт, қария; 2) шейхтер палатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх — ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) рухани көсем; 6) ғалым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші.

شيطان **шайтан** Шайтан, сайтан, әзәзіл, жын, пері.

Жол қайсы құдай салған, *шайтан* салған,
Білмеймін, осы жері маған арман.
Мейлі құдай берсін, *шайтан* берсін,
Мақсатым — оқу-оқу көңіліме алған.

(С. Торайғыров).

شيعى **шиғи** Шииттер жігі (шииты) ислам діниндегі негізгі екі жіктің бірі. Бұлар сүннилерге ерте заманнан бері халифалыққа таласып қарсы болғандар, Ғалиды (Алиді) және оның ұрпақтарын дәріптейтіндер. Сүннилерге қарағанда, *шииттер* аз. Бұлар Иранда, Оңтүстік Иракта, Йеменде, Азербайжанда, Тәжікстанда, т. б. мемлекеттерде тұрады.

شيق **шайық** 1) күткен, үміт еткен, сүйікті; 2) әсем, көркем; 3) қызық, қызықты, жағымды, көңілді, таңдаулы, асып түскен.

شين **шин** Шын — араб әліппесіндегі он үшінші әріптің аты.

ص **сат** с — араб алфавитінде он төртінші әріп.

صابون **сабүн** Сабын.

Мен туғанда, табылмай қара *сабын,*
Ол туғанда, иіс *сабын* тәнін жуған.
(С. Торайғыров).

صاد **сад** Сат — араб алфавитінде он төртінші әріптің аты. Сад (Құранның отыз сегізінші сүресінің аты).

صاف **саф** 1) таза, мөлдір, тұнық, анық; 2) нетто (нәрсенің ыдыссыз таза салмағы). Онымен сезімді тазалыққа кіргендігіңізді кәміл ықыласыңды көрсетіп, ішімнің *сафлығының* соңында халық көрер... *(Абай).*

صافات **сафат** Қатарда тұрушылар; әс-Сафати (Құранның отыз жетінші сүресінің аты).

صانع **саниғ** 1) істеуші, жасаушы; шебер, ұста, зергер; 3) қызметкер, даяшы.

صائم **саэм** 1) Ораза тұтушы; 2) жеңіл тамақ ішуші.

صبی **саби** Сәби 1) еркек бала, жас жігіт; 2) шәкірт.

صابر **сабр** Сабыр 1) шыдам, тағат, төзім, шыдамдылық, төзімділік, көнбістілік, беріктілік; 2) күту, тосу.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, *сабыр* қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын
(Абай).

Мен *сәби* мейірімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да...
(*С. Торайғыров*).

صحابه **сахабә** Сахабә — діни Мұхаммедтің серіктері.

صحت **сиххәт** 1) денсаулық; 2) шындық, ақиқаттық, дұрыстық.

صحبت **сұхбәт** 1) қауым; 2) қатынас, достық, татулық; 3) ашыналық.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қысқа *сұхбат*
(*Абай*).

صحره **сахра** Сахара, шөл дала, айдала.

Сақарада жатқан ел
Деуге келдім — қоссын бас!
Жер астында жатқан кен,
Деуге келдім қойныңды аш!
(*І. Жансүгіров*).

صحراوی **сахрауи** Шөл, шөлдік, сахралық.

صحوه **сахуә** 1) сана, түсінік; 2) саналы, зерделі.

صدف **садәф** Сәдеп 1) қабыршақ, ұлудың қабығы; 2) ақық, меруерт.

صدقه **садақа** Садақа қайыр, құдайы. Жалғыз-ақ Омардың: «Кетші, кет! Қамарымның басқан ізінен *са-*

дақа кет!»— деген қорқынышты жаман дауысы шықты. *(С. Торайғыров).*

صراط **сират** Жол; діни ұғымда қияметтің қыл көпірі. Қазақтар ол қиямет қыл көпірінен қорықпаса да болады, өйткені дін аңызынша оның жасауылы, одан мұсылмандарды айдап өткізуші етіп алла тағала біздің жерлесіміз Қожа Ахмет Яссауиді тағайындапты-мыс.

Қылыштан, қылдан нәзік *сират* деймін,
Бейіште иманды құл тұрат деймін
(Тезек).

صرف[1] **сарф** Сарып — жұмсау, орынсыз шығындану, босқа жіберу.

Болса да қайдан тауып түссе қолға,
Сарып қылып сіздей жанға зерді кісі
(Ысқақ).

صرف[2] **сарф** Сарф *грам.* септеу, жіктеу морфологиясы.

صف **саф** Сап 1) қатар; 2) топ; 3) класс; 4) кезек; 5) әс-Саффи (Құранның алпыс бірінші сүресінің аты).

Дүйім дүние майданда,
Еңбектің ері тартты *сап*
(І. Жансүгіров).

صفت **сифат** Сипат сана, қасиет, мінез, құлық, ерекшелік, өзгешелік.

صفا **сафа** Сапа 1) тазалық, мөлдірлік, ашықтық; 2) адалдық, тыныштылық, бүлінбеушілік.

صفر **сафәр** Сапар; ай календарымен арабша екінші айдың аты (апрель).

صفه **сүффә** Супа 1) томпақ, шығыңқы жер; 2) сәкі, тақта; 3) эстрада, биік орын.

صلاحيت **салахийят** 1) жарамдылық, пайдалылық; мақсатқа лайықтылық; 2) уәкілдік, өкімет толықтылығы, заң күшінділік, праволылық, хабардарлық. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір біріне ғылым үйретерлік шешендік *салахият* ол денеге лайықты келмейді *(Абай)*.

صلى الله **салләлләһ** Саллалла *діни*, құдайға сыйыну, құдай үшін күніне 5 рет намаз оқу.

صلح **сүлқ** Сұлық 1) келісім, татулық, бейбітшілік; 2) татуласу, жарасу, келісу, бітісу.

صلوات **салауат** Салауат *діни*, мақтау дұғалары.

Енді намаздың аты — *салауат, салауат* дұға мағынасында деген *(Абай)*.

صلات **салат** *діни*, намаз, дұға.

صندوق **сүндук** Сандық, жәшік, касса.

Менің кеудем сендерге *сандықпен* тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең...
(Абай).

صنعت **сүнғат** 1) Өнер; 2) кәсіп, қолөнер кәсібі; 3) жасандылық.

صواب **сауаб** 1) Дұрыстық, дұрыс ой, саналық; 2) сана.

صورت **сурәт** Сурет 1) келбет, түр, бейне, көрініс, портрет.

Сол түннің кетпес еді *суреті* естен,
Ондай сүйген махаббат болмас өшкен
(С. Торайғыров).

صوفى **суфи** Сопы, сұпы, 1) тым құдайшыл, дүниеден безген; 2) суфий (суфизм), мистик (мистицизм); 3) жүні бұрқыраған дал-дұл киім киіп зікір салушы, алдамшы[1];

Тіпті өмірде басы сәждеге тиіп көрмегендердің өзі дәретсіз, бісмілласыз жүрмей, қалтырауық *сопы* болып қалды. *(С. Торайғыров).*

صياد **сайяд** Саят аңшы, сонаршы, балық аулаушы.

Саятта аң ол бір мерей,
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып
(І. Жансүгіров).

ض

ض **зат** з — араб алфавитінде он бесінші әріп.

ضاد **зад** Зат — арабша «З» әріпінің аты.

ضار **зарр** 1) зиянды, қасақы; 2) жексұрын, қаскүнем, жаман ниетті, қара ниетті.

ضحى **зұха** 1) таңертең, сәске; 2) әз-Зұха (Құранның тоқсан үшінші сүресінің аты).

ضد **зыдд** 1) дұшпан, жау, күндес, бақталас; 2) қарама-қарсылық.

---

[1] Ислам дініндегі осы ағымға басшы болғандардың бірі Түркстанда болған қожа Ахмед Яссауи (1166 жылы қайтыс болған).

ضدى **зыдди** 1) қарсы, қарсы жақ, қарама-қарсы; 2) жексұрын.

ضرب **зарб** 1) сабау, соққы; 2) соғу, есепті көбейту.

ضرر **зарәр** Зарар 1) зақым келу, мертігу, зиян келу, бүліну; 2) зиян, залал, шығын. Бәлки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық — бір үлкен *зарарлы* надандық... *(Абай)*.

ضرور **зарур** Керек, қажет, өте қажет, мұқтаж.

ضرو **зәру** Зәру, керек, қажет. Ауруға *зәру* еді *(І. Жансүгіров)*.

ضرورت **зәрурәт** Зарурат, керектік, мұқтаждық;

ضرورى **зәрури** Ең керекті, ең қажетті.

ضلال **залал** Залал 1) адасу, жолдан шығу, ауу; 2) қателесу, жаңылу, лағу.

ضوء **зауә** Жарық, нұр.

ضيافت **зияфәт** Зияпат 1) сыйлау, қонақ ету; 2) қонақшылдық, қуаныштық.

Жанын салып, сый-*сыяпатқа* ауыздарының суы құрып...

(С. Торайғыров).

ضيع **зәйғ** Зайығы 1) жоғалту, жою, басқа өткізу; 2) жоғалтып алу.

ط

ط **тай** т — араб алфавитінде он алтыншы әріп.

طارق **тариқ** 1) қағушы, тарсылдатушы; 2) кеш келуші, түнгі қонақ; 3) әт-Тариқа (Құранның сексен алтыншы сүресінің аты).

طاعت **тағәт** 1) бойсұну, тіл алу, құлақ салу; көнгіштік, тіл алушылық, тіл алғыш, ырқына көну, бағыну; 2) тәртіп.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен.
Істің басы — ретін танымақтық,
Иман білмес *тағатты* қабыл демек

(Абай).

طاغوت **тағут** 1) шайтан, жын, пері; 2) пұт.

طاقت **такат** 1) Күш, қуат; 2) қабілеттілік; 3) шыдамдылық, сабырлылық; 4) шоқ, байлам (гүл).

طاقيه **такия** Тақия — жеңіл бас киім.

...Бас шайқаса, қоқалақтап қара жер,
Тақиядай елпең-елпең етеді

(І. Жансүгіров).

8-Ш

طاووس **тауос** Тауыс (қырғауыл тектес ұзын құйрықты әдемі құс).

Тауыс па, тоты құс па жасыл қанат,
Зер тоқып, күміс шауып, ойған манат

(С. Торайғыров).

طائفه **таифа** Тайпа 1) тап, топ, серия, қатар; 2) цех; 3) топ, кейбір сан; 4) діни қауым, бір дінді уағыздаушы адамдар тобы.

Ол туғанда малына тойға сойған,
Ауыл тұрсын, бір *тайпы* ел тойған

(С. Торайғыров).

طبق **табәқ** 1) Қақпақ; 2) тәрелке; 3) табақ.

Құбылжып, үндей алмай түйді қабақ,
Су құйылды, ет келді *табақ-табақ*
(С. Торайғыров).

طبل **табыл** Дабыл 1) барабан; 2) дабыл, барабан қағу.

Жарқырады жаңа жаз,
Сапырылды қыр, дала.
Дабыл, даң-дұң айнала,
Қырға қонды қалың қаз
(І. Жансүгіров).

طبيب **табиб** Тәуіп, дәрігер, доктор.

طبيعت **табиғат** Табиғат 1) жаратылыс; 2) болмыс, заттың өзі, мінезі табиғи қасиет, сапа.

Өлсе өлер, *табиғат,* адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес
(Абай).

طبيعى **табиғи** Табиғи — жаратылыстың өзіне тән қасиет, заң. *Табиғи* жайылымға дағдыланған, ыстық-суыққа шыныққан төзімді қойлар болады *(М. Ермеков).*

طبيعيات **табиғият** Табиғи, жаратылыс (жасанды емес), физика ғылымы.

طرب **тараб** 1) қозу, қызу, қуаныш, шаттық; 2) музыка, жастар тарабханада көп ойын күлкіге шат болды.

طرز **тарз** Тәріз 1) үлгі, тәсіл; 2) өрнек, өнеге, жүйе, сала; 3) модель.

Мен сізге не іс қылдым өкпе қылар?
Сөзіңіз *тәріз* деген неге тұрар?
Қызға арзан сақалыңды, маған пұлдап,
Жөнің жоқ молда, бұған *тәріз* сұрар.

(Мықан қыз).

طرف **тараф** Тарап 1) жақ, бет, алыс; 2) үш, шет, шеткі жер; 3) шет, түкпір.

Жазды күн қазақ байғұс шөп шаппаған,
Қыдырып, қымыз ішіп қылжақтаған.
Шапса да омбы қарда шар *тарапқа,*
Қалғандай мал асырап шөп таппаған.

(С. Торайғыров).

طرفة **тұрфәт** 1) жаңалық, сирек; 2) сыйлық, тарту; 3) ақылды, тапқыш сөз.

Арғымақ *тұрпат,* қу сынды,
Ай жүзді сөңгел мүсінді

(І. Жансүгіров).

طريقت **тариқат** Тарикат 1) жол; 2) әдіс, амал, құрал; 3) діни ілім, орден. яғни... күллі адам тәркі дүние болып һу деп *тариқатқа* кірсе, дүние ойран болса керек *(Абай).*

طعام **тағам** Тағам.

Страсбурдан бітпес пирог,
Француздың *тағамдары,*

Ананастар алтындайын.
Лимбур жанды құрты дайын
(*А. Пушкин*).

طعم **тағм** Дәм, тәтті сезім.

...Ей, ата, қылған ісің рас екен,
Қонақ боп, біздің үйден *дәм* тат,— деді
(*Абай*).

طلاق **талақ** 1) неке бұзу, ажырасу, айырылысу; 2) әт-Талақ (Құранның алпыс бесінші сүресінің аты). Шариғат бойынша егер некеленген ер *талақ* бермесе, еріксіз болса да некені бұза алмай жүре береді. Егер ер адам әйеліне *«талақ»* деп 3 рет айтса, ол әйелдің некесі бұзылады, ері оған жолай алмайды. Қайтып алмақ болса, әйел баска біреуге некеленеді де, ол әйелді тағы талақ етеді. Содан кейін ғиддәт (4 ай 10 күн) өтеді. Осы шарттар орындалмаса айрылған әйелін өзі қайыра ала алмайды...

«Кет *талақ!»*— деп текпілеп жүр,
Не дерін қайын ағалар білмей аң-таң
(*С. Торайғыров*).

طلب **талаб** Талап 1) іздену, іздеу; 2) талап ету, өтініш, тілек; 3) оқу, ілім, үйрену.

Надан бол: жаным тыныш болсын десең,
Доңыздай етім семіз толсын десең,
Болмаса *талаптанып,* оқу оқы!
(*С. Торайғыров*).

طلسم **теләсм** Тылсым, тілсім 1) тұмар, бой тұмар, дұғалық; 2) сырлы, құпиялы хат, құпия, сырлы жазу. «Тілсім» де емес, жазылған «тағдыр» да емес... *(Ә. Тәжібаев)*.

Жаңа заман *тылсым* сандығын ашқан, тағдыр да емес, жазмыш та емес, Ленин еді.

طهارت **таһарәт** Дәрет 1) тазалық, адалдық; 2) сүндетке отырғызу; 3) діни тазарту, дәрет алу, ғұсыл.

...Кеше бәрі түнеген әулиенің
Бүгін кеп төбесіне *дәрет* етпек.

...Анау бір күн ерте намазынан соң, *тәһарат,* жатып көрген түсім теріс емес *(С. Торайғыров).*

طور **тауыр** Дәуір 1) саты, фаза; 2) жағдай, хал; тәртіп, заң, ереже; 3) түр, ажар, көрініс; категория; 4) манера, үлгі, өнеге.

Құрбының *тәуір* болсын өз мінезі,
Абройлы қалжынмен келсін сөзі
(Абай).

طور **тур** Тау. әт-Тури (Құранның елу екінші сүресінің аты). Тур — Палестинадағы (филастин) кішкене бір таудың аты. Діни аңызға қарағанда осы *таудың* басында Мұса (Моисей) мен құдай сөйлесіпті-міс.

طومار **тұмар** 1) бүктелген, тұмарланған; 2) формат, үлгі (қағаздың); 3) тұмар (қолжазбаның бір түрі). Ескі уақытта молдалар ырым үшін жазып беретін дұғасы, оны «бойтұмар» деп те атайтын. Осы бір қасиетті... ата

екемнен калған *бойтұмар...* — деп, үшкіл тұмарды баласына ұстатып, кеудеңе ішінен тағып алшы, калқам, басқа не айтайын, аман барып сау кайт, жалғызым, — деді Алуа кемпір *(Сланов)*.

طواف **тауyаф** Тауап 1) айналып шығушы, айналып қарап шығушы; 2) ел кезуші, қағбаны я басқаны дін жолымен *тауап* қылушы (қажы, бірададар).

طه **taһә** (Құранның жиырмасыншы сүресінің аты).

طوان **тауан** Тауан 1) төбе; 2) жоғарыға көтерілу шегі. *Тауаны* кайту — жоғары өрмелеп шаршау.

طوبى **түба** Тоба 1) игілік, шаттык; 2) жақсы іс, аромат.

طوفان **туфан** Топан, тасқын, сел. Тәурат хихаясы бойынша, дүние жүзілік топанда Нух пайғамбар өзінің кемесімен адам мен жан-жануарлардың тұқымдарын апаттан сақтап қалыпты-мыс.

Топас күш-тасқын, біз жанқа.
Сең соқса достар айрылар.
Бас қайғым осы, жан калка,
Топанды күш жоқ қайырар

(С. Торайғыров).

ظ

ظ **зай** з — араб алфавитінде он жетінші әріп.

ظالم **залим** Залым 1) әділсіз (арамы), мейірімсіз, қайырымсыз; 2) қысымшыл, езуші. Себеп жеміс: *залымдық*, арамдықта *(С. Торайғыров)*.

ظرافت **зарафәт** 1) тапқыштық, өткір тілділік; 2) сұлулық, көркемдік, әдемілік, сырбаздық, кербездік, әсемдік, көркемдік.

ظفر **зафәр** Жеңіс, мақсатқа жету.

ظلم **зұлм** Зұлым 1) езу, жаншу, жәбірлеу, қысым, қысымшылық, зорлық; 2) әділсіздік.

Баласы — осы күннің елдің байы,
Оның да қызығарлық күйі-жайы,
Ол қылмаған *зұлымдық*, жамандық жоқ,
Қайда жүр, тексерсе егер, бір құдайы?!
(С. Торайғыров).

ظلمت **зұлмәт** Зұлмат — қараңғылық, қара түнек.

Серпілер ғасыр түндері,
Зұлмат шынжыр үзілер,
Бас имей жауға Украина,
Жерден басын көтерер
(Украина туралы жырлар).

ظهر **зұһр** Түс, түс мезгілі.

ع

ع **гәйін** ғ — араб алфавитінде он сегізінші әріп.

عادیت **ғадият** 1) алда жүруші; 2) басқарушы, басшы, жетекші; 3) әділсіздік, қысымшылық; 4) зиянды әсер; 5) апат; 6) әл-Ғадият (Құранның жүзінші сүресінің аты).

عار **ғар** Ар — масқара, ұят.

Байлыққа азулылар күшпен жеткен,
Аямай байлық үшін *арын* төккен...

(С. Торайғыров).

عارض **Ғарэзэ** Қарсы болу, карсылық ету, карсылық көрсету, карсы әрекет жасау.

عارضه **ғариза** 1) ерлік, жау жүректік, табандылық; жігерлілік, қайраттылық; 2) шешендік.

عاشق **ғашық** Ғашық 1) сүюші, ғашық болған; 2) сүйген, ынтық болған.

Ғашық болу, ақ ерке сұлу тауып,
Еріп тұрған «бір мен» деп, жүрегі ауып...

(С. Торайғыров).

عصا **ғэса** Аса, таяқ, жіңішке таяқ. Мұса (орысша Моисей) аса таяғымен Нилдің суын бөліп өтіпті-міс *(Мұсаны қара).*

Ақ сәлдесі басында,
Сырлы *аса* қолында,
Бір дуана келді де,
Асамен түртіп оятты

(Алпамыс).

عاصى **ғаси** 1) көтеріліске шыққан, бағынбаған, қайсар; 2) көтеріліске қатысушы, көтерілісші; 4) күнәкар.

Ол аузыма үңілді,
Сұм дүние сөз қуар,
Жұлды *ғаси* тілімді

(І. Жансүгіров).

عالم **ғаләм** Әлем, ғалам 1) дүние; 2) жер жүзі, әлем дүниесі; 3) халық, жұрт.

Жинал бүгін, кел бері
Бүгін *әлем* нұр шашты...
(І. Жансүгіров).

عالم **ғалим** Әлім, ғалым 1) білетін, тәжірибелі; 2) оқымысты, ғылми қызметкері.

Ойласаң, таза менен сасық тең бе,
Ғалымға қара көңіл пасық тең бе!..
(С. Торайғыров).

عالمی **ғаләми** Әлемдік — дүние жүзілік, дүниелік (мысалы, соғыс).

عامه **ғаммә** Әмбе 1) жалпылық; 2) бұқара, көпшілік. — Жә, олай болса *һәмма* мақлұққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті *(Абай).*

Әлпештейміз *әмбеміз* ортақтасқан мүлікті,
Мемлекеттік меншігім қоғамыма сүйікті
(Керімбеков).

عاهل **ғаһил** 1) әмірші, қожа, билеуші, өкім жүргізуші; 2) тақсыр.

عبادت **ғибадәт** 1) мәпелеу, шексіз қадірлеу, сыйлау, құрметтеу; 2) қызмет ету, бас ұру, тәжім ету, бас ию, табыну. Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол *ғибадаттан* тиюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз *(Абай).*

عبث **ғәбәс** 1) ойын, ермек, жұбаныш; 2) таптау, бұзу.

عبرت **ғибрәт** 1) үлгі, өнеге, сабақ (сабақ боларлық іс), мысал; 2) мән, мағына, мазмұн.

Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал — саған бізі...
(С. Торайғыров).

عبس **ғәббәс** 1) түнжырау, көңілсіздік, қабағын түю, қатал, қатты, қаһарлы қараушы; 2) әл-Ғаббәс (Құранның сексенінші сүресінің аты).

عجائب **ғәджаиб** (ғаджәбтің көпше түрі). Ғажайып — тамаша, керемет, таң қаларлық, ғажайып. Бұлардың бәріне *ғажайып* қаласың және ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендіктен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың несі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? *(Абай).*

عجب **ғәджәб** Ғажап — таң қалу, таңдану, таңырқау.

Жаралған қалай *ғажап* мынау аспан,
Қаз бауыр ақ торғындай бұлт басқан
(С. Торайғыров).

عجز **ғәджіз** 1) әлсіздік, күшсіздік, босаңдық; күшін, әлін жоғалту; дәрменсіз, дәрменсіздік; 2) кем, жетімсіз, дефицит. Онан соң қиямда тұрып бағаламақ... Қадирлігіне өзінің *ғажиздығына* ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты *(Абай).*

عدالت **ғәдалат** 1) әділдік, туралық, әділ сот; 2) туралық; 3) әділ, әділ соттаушы; 4) заң.

عداوت **ғадауат** 1) дұшпандық, қастық, жаулық; 2) ынтымақсыз, қырғи қабақты, жек көрушілік.

Махаббат *ғадауат* майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?
(*Абай*).

عدت **ғиддəт** 1) кейбір сан; 2) бірнеше; 3) дəуір, мезгіл, (сол мезгілдің ішінде шариғат бойынша ері қайтыс болған я талақ тастаған əйел қайтадан ерге шығуға хақы жоқ).

عدل **ғəділ** Əділ 1) əділдік, əділ сот, алалықсыз; 2) туралық; 3) əділ, əділ соттаушы, алаламайтын.

Ақ көңілді *əділ* жан
Табылар деп көрейін.
Я сүйсе, я күлсе,
Елжірейін, төнейін
(*Абай*).

عادل **ғадел** Əділ адам.

Сонда олар сын көзімен *əділ* қарар.
Ел жауы кім екенін дəлдеп табар.
Сол таудың ұрым-бұтақ тұқымына,
Аямай *əділет* заң балта шабар
(*С. Торайғыров*).

عذاب **ғəзаб** Азап — қайғы-қасірет, азап шегу.

Өз үйі жаһаннамдай көрінуші еді,
Келсе *азап* тартушы еді қанын бұзып
(С. Торайғыров).

عذر **ғұзір** Үзір 1) кешіру; 2) ақтау; 3) сылтау; 4) бөгеуіл. ...Жеті атадан тілеулес аруағыңнан айналайын, тақсыр, пірім-ай! Мұнда тағы бір-екі күн болыңыз,— деп *үзір* қылып жібермеді. *(С. Торайғыров).*

عرب **ғәрәб** Араб, бәдеуилер (көшпелі арабтар).

...Тұқымы тобылғыдай тор қасқаның,
Алынған французданн англо-*араб*
(І. Жансүгіров).

عربی **ғәрәби** Арабша, арабтық.

عربیه **ғәрәбия** 1) араб әйелі; 2) араб тектес, тегі араб.

عربیات **ғәрәбият** Араб тілі, араб әдебиеті, араб философиясы.

عرصات **ғәрасат** 1) қора, аула; 2) майдан, алаң; 3) мұсылмандар ұғымында барлық өлген адамдар қайта тірілгеннен кейін жиналатын орын (ғарасат майданы); 4) сұрапыл боран.

Айтты:

«Қозғал, қиямет күні болсын,
Ғарасат майдан деген үні болсын
(С. Торайғыров).

عرضه **ғаризә** Арыз, өтініш, кешірім сұрау, петиция. Заявление — *арыз,* Тексеру бізге — парыз *(І. Жансүгіров).*

عرف **ғұрф** Ғұрып 1) жақсылық, жарылқаушылық; 2) жалпы мойындау, мойынға алу; бағалау, анықтау; 3) әділеттілік, әдет, әдет-ғұрып; 4) әдет-ғұрыпты право.

...Балаға жастай қатын айттыратын
Іс емес, сол *ғұрыптар* отқа жансын!
(С. Торайғыров).

عرفى **ғұрфи** Ғұрпша 1) әдеттегі, дағдылы; 2) шартты, 3) жеке, ғұрп бойынша ресми емес.

عرق **ғәрәқ** Арақ 1) тер, бу, булау; 2) арақ.

Қолдан шаттық жасауға
Арақ тәуір көрінді
(С. Торайғыров).

عز **ғизз** 1) күш, әл, қуат, құдірет; 2) жоғарғы шек; 3) қымбаттылық, бағалылық, сиректік, бағасыздық, әз ана, әз отан. *Әз* тұтуға, сыйласуға қалмады жан бір татыр... *(Абай).*

عزا **ғәза** Аза 1) жұбату, көңіл айту; 2) шыдам, төзу.

Кемпірдің *азасына* әкеп салып,
Бата оқып, ет, қымызға тояр едім.
(І. Жансүгіров).

عزت **ғиззәт** 1) Даңқ, абырой, адамгершілік; 2) қымбаттылық.

...Біріңді бірің *ғиззәт, құрмет етіс,*
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып

(*Абай*).

عزرائيل **ғәзраил** Әзрейіл (діни ұғымда жан алушы періште, қаза періштесі). Қамарға *әзірейіл* шеңгелі тигендей, тер онан да, мұнан да кетіп қалшылдап, қысылып іршіп түсіп, шалқалаймын деп, басын бөренеге соқты. (*С. Торайғыров*).

عزيز **ғазиз** 1) күшті, қуатты, құрметті; 2) сирек, бағалы, құнды; 3) сүйкімді, жарқын, қымбатты.

...Болмасқа кетті Қамар *ғазиз* бауырың,
Үміт жоқ, қайта шығар күні батқан

(*С. Торайғыров*).

عسكر **ғәскәр** Әскер, қол, армия.

Ұлықтан «тоқтат» деген бұйрық алып,
Соңынан ауған елдің *әскер* барып...

(*С. Торайғыров*).

عسكرى **ғәскәри** Әскери — соғысқа тиісті, қатардағы солдат.

عسل **ғәсәл** Ара балы.

...Ал, енді шіркін көмей былпылдасын...
Сөзімді *әселсіз* кім тыңдасын

(*Кемпірбай*).

عشر **ғұшыр** Үшір 1) оннан бірі; 2) діни салық (астық түсімінен оннан бірі).

Байлығың сонша көп болса,
Не ғып жүрсің бұл жақта
Зекет, *ғұшыр* алғалы?
(Досмағамбет).

عشر **ғәшір** Он. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді, *ғашәрән* — мүбәшәрәдән қазрет Ғұсман, Абдурахман бин-Ғафур уа Сағид бин Абдуқас үшеуі де үлкен байлар еді *(Абай).*

عصر[1] **ғәср** Ғасыр 1) кеш, кешкі уақыт; 2) әл-Ғасри (Құранның жүз үшінші сүресінің аты).

عصر[2] **ғасыр** Ғасыр, заман, дәуір, жүз жылдық мерзім. Біздің заман сағат санап, күн санап, бастан өткен ғасырлардың белінен *(Сайын).*

عطر **ғатыр** Әтір — қош иісті, жақсы иісті, иіс май, иіс сабын т. б.

...Үйде тұрған *әтірлердің* қалдығы
Ақырғы рет жағасына құйылды
(Х. Ерғалиев).

عفريت **гефрит** 1) қу, шайтандай қу; 2) жауыз, мейірімсіз рух, әзәзіл; 3) шайтан.

عفو **ғафу** Ғапу 1) кешіру, кешірім; 2) кеңшілік, кешірім жасау (қылмысшыларды жазадан құтқару).

Ғапу қыл, байқатпайды ғашық оты,
Аз ғана күн әурелен деген ісім
(С. Торайғыров).

عقائد **ғәканд** Ғақанд (ғақиданың көпше түрі). Діни кітаптың аты.

عقرب **ғәкрәб** Акрап 1) шаян; 2) тіл, стрелка; 3) *астр.* шаян шоқжұлдызының және арабша 8-ші, яғни октябрь айының аты.

عقل **ғәқыл** Ақыл 1) ақыл, ес, сана, ой; ұғу, түсіну, аңғару; дұрыс мағына; 2) даналық.

Нәпсіңді шұғылдандыр жатпа босқа,
Ашуды қой, серік бол *ақыл* доспа...

(С. Торайғыров).

عقلی **ғәқли** 1) ақыл, ой, ақыл-ой, зиялылық; 2) рухани; 3) ақыл-ойлық, рационалистік (ақыл-ойдың талабына ғана негізделген); 4) тапқыр.

عقلیات **ғәқлият** (Ғақлияның көпше түрі), барлығына ақылмен, оймен, аңғарумен, ұғынумен жету, табу.

عقلیه **ғәқлия** 1) ақыл, сана өсуі, ақыл дәрежесі; 2) ақыл парасаттығы. *Ғақлия* дәгелім... бұл ғаламды *ақыл* жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, біріпен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты *(Абай).*

عقیده **ғәқидә** 1) сенім, сезім, наным, сену, сендіру нану, нандыру, көзқарас (кредо) 2) догма.

عاکف **ғакеф** 1) бірдемені ынтамен, қажымай, талмай беріліп істеуші; 2) оңаша тұру; 3) отырықшы, қоныстанған.

علاج **ғеладж** Лаж 1) ем, емдеу, амал; 2) дәрі, лаж; 3) түзету, қалпына келтіру.

Тал түсте бағанағы кірме деген
Есікке кіріп кетті бар ма *лажың*
(Абай).

علق **ғелқ** 1) қымбат зат, құнды асыл нәрсе; 2) әл-Ғилқ (Құранның тоқсан алтыншы сүресінің аты); 3) өтірікші, бұзық.

علامت **ғаламәт** 1) белгі; 2) нышан; 3) марка; 4) баға, балл.

Әлемдегі *ғаламат*
Игілікке арналса,
Өнері ортақ азамат
Еңбекке ғана арналса
(С. Торайғыров).

علم **ғелым** Ғылым, ілім 1) білім; 2) теория.

Таусылмас *ғылым* теңіз шалқып жатқан,
Соңынан қалмас оның дәмін татқан...
Шынында, *ғылым* ортақ мал мен бақтан,
Ғылым болса қара су тасқа аққан
(С. Торайғыров).

علما **ғұлама** (ғалымның көпше түрі). Ғұлама білімді, көп оқыған адам; *ұлама* — шариғатқа өте жетік кісі.

...Мұны жазған білген құл,
Ғұмалаи Дауани
Солай депті ол шыншыл
(Абай).

علمی **ғелми** Ғылми, теориялық.

عمارت **ғемарәт** Ғимарат 1) елдің қалыңдығы, елдің жиындығы; 3) құрылыс.

عموم **ғұмум** 1) жалпылық; 2) әр жақтық; 3) барлық.

عمومی **ғұмуми** 1) жалпы; 2) әр жақты; 3) қоғамдық, көптік.

علم **ғәләм** Әлем 1) жалау, ту; 2) жол белгісі, бағана; 3) тау; 4) басшы, көрнекті адам; көрифей; 5) назар аударарлық; 6) жалқы есім *(грам.)*.

Қыдырынды бір ақын
Қиқылдайды сарнайды.
Домбыраның басына
Бәйбіше *әлем* байлайды

(І. Жансүгіров).

عمر **ғұмір** Өмір, тұрмыс өмір сүру; жасы, жас шамасы.

...Шын *өмір*, шын әділдік сол күнде орнап,
Мен секілді қуанар миллион халық

(С. Торайғыров).

عمران **ғұмран** 1) егу, өсіру, өңдеу, жырту, айдау; 2) елдің жиілігі; 3) мәдениет; 4) ал-Ғұмран (Құранның үшінші сүресінің аты).

عمل **ғәмәл** Амал 1) жұмыс, еңбек; 2) әрекет, қимыл, 3) іс, қызмет, кәсіп, 4) тәжірибе; 5) шығарма. Күшсіздерді алдауға қылған *амал* *(С. Торайғыров)*.

عنايت **ғенайәт** Инаят, ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, мырзалық, жәрдем.

Инаяттап, ылаттап,
Сырты сұлу «советсіп»...
(*І. Жансүгіров*).

عنكبوت **ғәнкәбут** 1) өрмекші; 2) әл-Гәнкәбут (Құранның жиырма тоғызыншы сүресінің аты).

عنيت **ғенят** Қастық ой, ниет, мақсат.

عهد **ғәһід** Серт, ант, діни уәде.

عيار **ғәйяр** Аяр 1) қу, айлагер; 2) қаңғыма, қаңғыбас, кезбе, сандалбай.

Айнымас достар болдық біз
Бұза алмас жексұрын, *аяр* жаулар
(*Мәмбетов*).

عيان **ғиян** Аян — өз көзімен көру, анық, шын, ақиқат.

Бабушкин мұздың ері әлемге *аян,*
Қашаннан Мұз мұхитқа қанат жайған...
(*І. Жансүгіров*).
Түсінде *аян* болып көрініпті
(*Абай*).

عيب **ғәйб** Айып 1) ұялту, бетіне басу; 2) ұят, кемістік.

...Бұлтты енді тоқтатпа *айыбы* ашылар,
Алдыңғы оған қылған ісі жаман
(*С. Торайғыров*).

عيبت **ғәйбәт** Қорлау, сөгу, тіл тигізу, қорлық, жаман сөз.

Ұмтылған еркіндікке ер ұландар,
Жауына жай түсіре *айбат* шеккен!

(Мәуленов).

عيد **ғид** Айт діни мейрам, мереке.

...Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге: «Құтты болсын, *айт* шәріпі».

(С. Торайғыров).

عين[1] **ғәйін** Ғәйін — араб алфавитіндегі он сегізінші әріптің аты.

عين[2] **ғәйн** 1) көз; 2) тыншы; 3) бұлақ; 4) тесік; 5) мән, маңыз; 6) сұрыпталған, таңдалған, ең тәуірі.

غ

غ **ғайын** ғ — араб алфавитінде он тоғызыншы әріп.

غازى **ғази** 1) жаулап алушы, басып алушы, басқыншы; 2) жауынгер.

غاشيه **ғашиә** 1) көрпе, шөміш, ожау, бақыраш; 2) топ, тобыр, жиын; 3) әл-Ғашиә (Құранның сексен сегізінші сүресінің аты).

غافل **ғафил** Ғапыл — салақ, ұқыпсыз, жайбарат, аңқау.

Ғапыл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең

(Абай).

غالب **ғалиб** 1) жеңіп шығушы; 2) жеңуші.

غيب **ғайб** Ғайып 1) жоқ болу; 2) ешбір көзге түспеу, түспейтін, көрінбейтін, қадірлі қазына, асыл; 3) келешек.

...Бұл өмір жыл құсындай өте барар,
Басынан *ғайып* болып заматта адам
(*Шәріпжамал*).

غرور **ғұрур** 1) көрмеушілік; 2) мансап құмарлық, тәкәппарлық. Егер хірсланса, өз сөзімшіл *ғұрурлық* мақтаншақтық, хұсідшілік бойын женсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де кашық болмайды (*Абай*).

غريب **ғариб** Ғаріп 1) бөтен; 2) оғаш, әдеттен тыс, ақылға көнбейтін; бұрынғы-сонды болып көрмеген, ғажап; 3) шетелдік.

Сөйледі Әзім-дағы аянбай-ақ,
Мен *ғаріп* бишарамын жүрген саяқ...
(*Абай*).

غزوات **ғәзәуат** Ғазауат 1) *діни* жорық, соғыс; 2) шапқын, шабуыл.

غسل **ғұсіл** *Діни*. Жуыну, суға түсу (ер мен әйел жолыққаннан кейін).

غاصب **ғасеб** 1) басып алушы; 2) талаушы, тонаушы.

غفار **ғаффар** Барлығын кешіруші (Құдайдың титулы).

غضر **ғазир** 1) сәнділік, салтанаттық; 2) берекелену, рақаттану.

غفلت **ғәфләт** 1) ынтасыздық, ұқыпсыздық; 2) қамсыздық, аңқаулық; 3) ақылсыздық.

غفور **ғәфур** Кешіру, барлығын кешіру (Құдайдың титулы) Осының бәрі... ғайыпсыз, мінсіз *ғафур* рахимдығына, әділдігіне лайық келмей ме? *(Абай)*.

غنيمت **ғәнимәт** Ғанибат — олжа, табыс, арам пайда, оңай олжа, соғыс олжасы.

...Жақсы ат пен тату жолдас — бір *ғанибат*
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға
(Абай).

غوث **ғәус** Жәрдем, көмек, көңіл білдіру.

غين **ғайн** Ғайын — араб алфавитінде он тоғызыншы әріптің аты.

ف

فا **фи** ф — араб алфавитінде жиырмасыншы әріп.

فتحة **фатихә** Патиқа, бата 1) ашу; 2) бастау, басталуы, бастамасы; 3) кіріспе; 4) әл-Фатихә (Құранның бірінші сүресінің аты). Онан соң кираәт, яғни сураи *фатиха* оқисын... *(Абай)*.

فارق **фарик** Айырушы, ажыратушы.

فاسق **фасиқ** Пасық 1) азғын, бұзық, кесірлі; содырлы; жеңіл мінез, тұрақсыз; 2) ұждансыз, нағыз надан.

...Малы көп, мал сиякты *пасық* қақпас
Жанымды соған құрбан еткенім бе?
(С. Торайғыров).

فانی **фани** Пани 1) көне, тозған; 2) опасыз, орнықсыз; 3) өткінші, ауыспалы, тұрақсыз, құбылма.

Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,
Бақи коймас *фанидың* мінін көрмей...
(Абай).

فائده **фаидә** Пайда 1) пайда; 2) артықшылық, басымшылық; 3) олжа, өсім, процент.

Сорлының жанжалдаскан малы кайда,
Бермейді ешбір уакыт жанжал *пайда*...
(С. Торайғыров).

فتاح **фәттах** 1) ашушы, ашқыш; 2) шауып алушы; 3) игілік беруші (Құдайдың теңеуі).

فتح **фәтх** 1) ашу; 2) жеңіп алу, жеңіс; 3) әл-Фәтх (Құранның қырық сегізінші сүресінің аты).

فتنه **фітнә** Пітне 1) таң ғажайып, таң қаларлық, бой тартарлық; 2) еліктіруші, қызықтырушы, арбаушы, алдамшы; 3) көтеріліс, бүлік, бүліншілік; 4) ақылсыздық.

Өзара жанжалдасып қанға батқан,
Ішінде түрлі *пітіне* толып жатқан...
(С. Торайғыров).

فتوا **фәтуа** Пәтуа *Діни* шариғатты қолданған муфтидің қарары, токтамы, қорытындысы (мүфтиді қара).

Мұндай фиғылдардан күпір қаупі де бар... оның *патуасын* сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгерумен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады *(Абай)*.

فجر **фəджр** 1) сəрі, таң, таң сəрі; 2) басы, басталуы; 3) əл-Фəджр (Құранның сексен тоғызыншы сүресінің аты).

فدا **фида** Пида 1) төлеу, төлеп алу, өтеу; 2) құрбан болу, жанын қыю.

...Құбыжық қорсылдаған мінездерің,
Арман жоқ *пида* болсам саған өзім
(С. Торайғыров).

فديه **федия** Підия 1) өліктің күнəсін молдаға сату, сүйтіп оны күнəдан құтқару, азат ету; 2) төлеу, өтеу, төлеп алу; 3) жанын қыю, құрбан болу.

...«Бай кісі бала оқытып, *підие* ала ма?»
Дейтұғын Тасболаттай байлар салты
(С. Торайғыров).

فرياد **фəряд** Дауыс, айқай, шу, зар жылау.

فراست **ферасəт** Парасат 1) қырағылық, білгіштік, көрегендік, көргіштік, таңқырлық, зерделік, зейінділік; 2) нəзік ақыл, нəзік ой. Сүйінбайға іні деп, *Парасат* қып мақтайды... *(Жамбыл)*.

فرصت **фүрсат** Мұрсат қолайлы жағдай, кез, кезең, мезгіл.

Қайырып түсіруге *пұрсатым* жоқ,
Басымнан мына бір сөз кетті асып...
(Жекей қыз).

فرض **фарыз** Парыз 1) ойлау, шамалау, ғылми болжау; 2) міндет, борыш, қарыз; 3) *діни* құдай бұйрығы. қырық *парыз* бар, шариғат бойынша оларды сөзсіз мұсылмандар орындаулары керек,— деген, бұл ислам дінінің қияли өтірік сандырағы. *Парыздай* міндетің халқыңды мақтамақ *(С. Сейфуллин).*

فرعون **ферғаун** Перғауын 1) ертедегі Мысыр (Египет) патшаларының атағы — фараон; 2) тиран, деспот.

Тағы да көпті істеуге күндер өтпек,
Папа мен *ферғауыннан* қадір кетпек...
(С. Торайғыров).

فارق **фарек** Парық 1) айыру, ажырату, өзгешелік, айырмашылық; 2) айырма.

Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес,
Байлық, бақыт дегенді көзіне ілмес.
Жақсы, жаман сөздердің *парқын* айырып,
Не десең де таңданып, құлақ түрмес
(С. Торайғыров).

فرقان **фұрқан** 1) жақсылық пен жамандықты, шындық пен өтірікті айырушылық; 2) әл-Фұрқан (Құранның жиырма бесінші сүресінің аты; 3) Құран.

فصلت **фұссиләт** Түсіндірілген, (Құранның қырық бірінші сүресінің аты).

فطر **фітр** Пітір оразада ауызды ашу; діни салық яки мақсат:

Молда атанып төрге отыру ма,
Ет, қымызға қарнын толтыруға;
Підие, зекет, *пітірге* қапшық болып,
Миллетке микробтігі тие отыруға

(С. Торайғыров).

فطير **фәтир** Пәтір, бәтір 1) тұщы нан, ашытпаған қамырдан пісірген нан; 2) шикі, піспеген; 3) жаңа.

فعل **фиғл** Пиғыл. Өз *пиғылдарыңды* соған өз халінше ұқсатуды шарт қыл

(Абай).

فعلى **фиғли** 1) анығында; 2) іс жүзінде.

فعليات **фиғлият** Істелген, орындалған жұмыстар.

فقير **фәқир** Пақыр 1) кедей, бишара, мұқтаж; 2) нашар.

...Отырған отау емес, жын мекені,
Құтылар бұдан қалай күйші *пақыр*

(І. Жансүгіров).

فقيه **фиқи** 1) мұсылман заңына, шариғатқа жетік, юриспруденция; 2) құран оқушы; 3) *діни* мектептің мұғалімі.

فكر **фикір** Пікір 1) ой, ойлану; 2) ұғым, түсінік. 3) кам, қамқорлық.

Жәпе де түсінбейді айтқан сөзге,
Өзінше бұлардың да *пікірі* өзге

(С. Торайғыров).

فول **фүл** Араб елінің ақ гүлі (жасмин).
فلاّح **фәллах** Егінші, диқан.
فلسفه **фәлсәфә** Философия.

Шіріткен асыл милы, көп қиялды,
Көксеген адамшылық әділ таңды,
Талайдың «пайғамбарлық *фәлсафасын»*,
Ленин қолмен әкеп қоя салды

(І. Жансүгіров).

فلق **фәләқ** 1) таң, таңсәрі; 2) әл-Фәлқ (Құранның жүз он үшінші сүресінің аты).

فنّ **фәнн** Пән 1) ғылым; 2) ғылымның саласы; 3) білім; 4) өнер, көркем өнер.

Ұмтылып ілгері аяқ басқан қандай,
Пән оқып, тараққиға асқан қандай

(С. Торайғыров).

فهيم **фәһим** Пайым 1) тапқыр, зерек, зейінді, түсінгіш; 2) көргіш, байқағыш, көреген.

Дәме қыз сөзің бар ма айтылмаған,
Қарманып барың болса білдір маған.
Сөзіңнің *пайымы* жоқ, бәрі жасық

(Мансұр).

فيل **фил** Піл, әл-Фил (Құранның жүз бесінші сүресінің аты).

Əлінді білсеңші.
Пілмен ұрысар сиқың жоқ.
Мазақ болмай қой, көрші
(*Абай*).

ق

ق **қаф** к — араб алфавитінде жиырма бірінші әріп.

قابل **қабыл** 1) қабылдаушы, қарсы алушы; 2) келешек, болашақ; 3) долбарлаушы; 4) жарайтын. Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі Қыдыр» деп еді, лепесі *қабыл* болмас па екен?» деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып жүгіріп, үшкіртіп көруші еді. (*С. Торайғыров*).

قابلیت **қабилият** Қабілет 1) бейімділік, жолын қуушылық; 2) қабілеттілік; 3) шабыт, зауық. Өмір қойған міндеттердің күрделілігін ұғынуға барлық әдебиетшілердің қабілеті жете берді деуге болмайды (*М. Қаратаев*).

قاتل **қател** Қател 1) кісі өлтірген; 2) кісі өлтіретін, құрытатын, жоятын.

قادم **қадим** Қадым — ілгерілеуші, жақындаушы.

قارون **қарун** Миф — Құранда айтылған жексұрын сараң байдың аты; құнсыз, қанағатсыз сараңның синонимы.

...Қараңғы *Қарынбайдай* надан болсаң,
Байлығына иелік бермес күндеп
(*С. Торайғыров*).

قارعه **қариға** 1) бәле, қырсық, апат, қирау, бүлінші-лік; 2) астан-кестен; 3) әл-Қариға (Құранның жүз бірінші сүресінің аты).

قارى **қари** Қари 1) дауыстап оқушы, Құранды дауыстап оқушы; 2) оқушы, құранды түгелімен жатқа оқитын кісінің атағы. Жас уағымның ең тәтті күндерінде *«қари»* болсын деп, надан молдаға тапсырдыңыз (*Міртемір*).

قاضى **қази** Қази, қазы (даулы істі шариғат бойынша жүргізуші).

...Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның — арым мен бір-ақ құдай
(*Абай*).

قاعده **қағидә** Қағида 1) база; 2) пьедестал (ірге тас постамент (тас төсек, табан тас); 3) негіз, тірек, табан; 4) түп; 5) ереже, заң, жай, жай-күй, жағдай, Марксизм *қағидасына* қарағанда қандай схема болсын кемшілігі болмай тұрмайды (*М. Қаратаев*).

قاف[1] **қаф** Қаф — араб алфавитінде жиырма бірінші әріптің аты.

قاف[2] **қаф** Қап *Діни* ұғымша жер жүзін қоршап тұрған таудың аты.

Ол өзі бұлт емес, *Қаптың* тауы,
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры
(*Абай*).

قالب **қалиб** Қалып 1) құйма, құйып шығару формасы, модель, үлгі; 2) аяқ киімнің қалыбы.

Оншама кәріні — жас етпесе де,
Көзіңді көңіл қоштап, қыздырар қыз.
Қалыпқа ешбір адам келтірмейді,
Тап, қате, деген сөйтіп, айтылған сөз
(Кете Шегебай).

قانون **Қанун** Заң, устав, хұқ, право, кодекс, заңдар жинағы, қағида, ереже.

قاوون **кауун** Қауын.

Қауын, қарбыз, картоп,
Қабақ, сәбіз, жеміске,
Қандай қастық қылды бай...
(І. Жансүгіров).

قباحت **қабәхәт** Қабағат 1) түрсіздік, кейіпсіздік, ажарсыз; 2) әдепсіздік, ұят, ұятсыздық; 3) тұрпатсыздық, жексұрындық. Бұл кенеттен болған қала халқын қабат састырды (*Дөнентаев*).

قبر **қәбыр** Қабыр — мола, бейіт, зират.

Сондықтан мен жалғызбын ермегім жоқ,
Алдым *қабір*, үміт қып сенгенім жоқ
(С. Торайғыров).

قبلة **қеблә** Құбыла (мұсылмандар намаз оқығанда бетін бұратын жақ) қуыс, текше, оңтүстік.

...Дәулеті, қасиеті, шені де бар,
Түп-түгел төрт *құбыласы* сайды көрдім
(*С. Торайғыров*).

قتل **қатл** Қатыл — өлтіру, дарға асу, өлім жазасы.

قح **қухх** Нағыз, шын, таза, дәл өзі.

قدر **қәдәр** 1) тағдыр, жазмыш; 2) өлшем, шама. Олай болғанда... пенде өз ақылы жетерлік *қадарі* білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хаким ат қойған (*Абай*).

قدرت **құдрәт** Құдірет 1) күш, қуат; 2) қабілеттілік. Бұл бірлік, барлық ғылым, *құдірет* олуда боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым *құдіреті* бар болды... (*Абай*).

قدری **қәдәри** Табиғатта, қоғамда, оның ішінде адам мен оның мінездерінің өзара байланыстарының себептерін, заңдылығын зерттеу.

قدوس **құддус** Құддыс *діни*, әулиелі, қасиетті жер.

Құддыстың қиырында, түкпірінде, (Әзәзіл сақтап жүрген бүлдіруге).

Уәсуәса, жас қылжықтан аулақ мүлде... (*А. Пушкин*).

قدم **кадәм** 1) табан; 2) қадам, адым; 3) адым аралығы.

Түрегеп *қадам* басты, қоңыр қаздай,
Ұмытып көрген бейнет ала жаздай
(*С. Торайғыров*).

قديم **кадим** Қадым 1) ескі, ертедегі; 2) арғы, ескілікті; 3) көне, тозығы жеткен.

Мынау жерде *қадим* тұр,
Қарқарада жаны тұр...
(С. Торайғыров).

قرار **карар** 1) тоқтам, шешім, қаулы; 2) карар. Белсенді түрде бойкот жасау туралы сіздердің *қарарларыңызды* біз таяуда ғана алдық *(Ленин).*

قراءت **кираәт** Қырағат 1) құранды музыкалық ән мен күйге, сарын мен ырғаққа келтіріп, дауыстап, жатқа оқу; 2) көрсету (барометр). Онан соң қираәт яғни сурәһи фатиха оқисын... *(Абай).*

قرآن **құран** 1) оқу; 2) әл-Құран (әр түрлі қайшылығы бар, үйлеспейтін ертектер және қиялдар жинағы жазылған исламның «қасиетті» кітабы).

Құран сүйіп сендірген кісілерді
Бірі жоқ, бүгін көрсең, бәрі бітті
(С. Торайғыров).

قربان **құрбан** 1) құрбан, құрбан болу, құрбан шалу; 2) күнәдан тазалану.

...«Талассаң, басым-малым *құрбан»* деген,
Қажыға Байбол айтты мұңайып бек...
(С. Торайғыров).

قربت **құрбәт** Жақындық, туысқандық, тектестік;
قرش **кирш Акула** — теңіздегі жыртқыш балық.

قرض **қарз** Қарыз, заем, ссуда. Ананды Меккеге үш арқалап барсаң да *қарызынан* құтыла алмайсың (*Мақал*).

قریش **құрәйш** Құрайыш 1) Мұхаммед шыққан араб тайпасының аты; 2) құрайш (Құранның жүз алтыншы сүресінің аты).

قسم **қисім** Қысым 1) сыбаға, үлес, бөлек; 2) бөлім, бөлімше.

قسم **қасәм** Ант, серт, ант ішу, ант беру.

قصاب **кассаб** Қасап 1) ет сатушы; 2) жер өлшеуші.

Кәрі қорқау *қасапшы* едім,
Алдағанға неге көндім?
Аяғына неге төндім! — деді қасқыр
(*І. Жансүгіров*).

قصص **қисас** Қысас — өш, есе, саза, өш алу, қысасын қайтару.

...Өз ісін өз алдына келтірмекпін,
Жібермей *қысастықты* ақиретке
(*Айқын қыз*).

قصه **кисса** Қыса, әңгіме, тарих.

...Әуелде өзі көрген бар *қысаны*
Сөйледі бәрін қоймай бастан-аяқ
(*Абай*).

قصص **қисас** (қиссаның көпше түрі). Әл-Қиссас (Құранның жиырма сегізінші сүресінің аты).

قصص الانبيا **қисас-ул-Әнбиян.** Қисасул-әнбия — пайғамбарлар тарихы (қисаның аты).

قصد **Қасд** 1) мақсат, талап, талаптану, ниет; 2) үнем.

Өтірік сөз жанға *қас*,
Өткір пышақ қынға *қас*
(Мақал).

قصيده **қасида** Дастан, мақтау өлең, поэма.

قيصر **қайсар** Цезарь, әмір, патша.

قضا **қаза** 1) соттау, шешу; 2) үкім шығару; 3) мәжбүр ету, талап ету; 4) өткізу (уақыт); 5) жою; 6) қаза табу.

Шешесі айғайшы боп жүруші еді, О-дағы жазғытұрым *қаза* тапқан *(I. Жансүгіров).*

قضيه **казийя** 1) мәселе, проблема; 2) іс, жағдай; 3) заң ісі, іздену, процесс; 4) теорема; 5) хал, тезис.

قعده **кәғдә** Отыру, үйде болу.

قفس **кафәс** Қапас 1) тор; 2) тор ыдыс; 3) көкірек қуысы, төс қуысы.

Қараңғы, дымқыл *қапаста,*
Отыр ем, тордан сығалай...
(I. Жансүгіров).

قلب **кальб** 1) жүрек; жан; 2) ақыл, ой; 3) өзек, дән; 4) орта, орталық; 5) бірдеменің түйіні, жинағы; 6) ішкі бөлім.

قلعه **кальға,** Қала бекініс, қорған, қамал.

Өзі үшін бір *қалаға* барып қалса,
Керек-жарақ нәрсесін алып келсе...
(*С. Торайғыров*).

قلفا **кальфа** Қалпе — мектеп мұғалімінің жәрдемшісі.

قلم **қаләм** 1) қалам, қамыс қалам; 2) стиль, хат, жазу түрі; 3) статья, тарау, тарам, параграф, бап, жазу, жазып алу; 4) бюро, бөлім, бөлімше; 5) әл-Қалам (Құранның алпыс сегізінші сүресінің аты).

...Амалсыз арды түйіп *қалам* алдым:
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып
(*С. Торайғыров*).

قمار **қимар** Құмар, құмар ойны, ұтыс ойын.

قمر **қамәр** 1) жарыққа көз шағылысу; 2) ай; 3) *астр.* спутник; 4) әл-Қамар (Құранның елу төртінші сүресінің аты).

قناعت **қанағат** Қанағат 1) күй талғамайтындық, көнбістік, талғамаушылық; 2) сабырлық.

...Қарын тоққа *қанағат* қылатұғын,
Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік...
(*С. Торайғыров*).

قند **қанд** Қант — мұз секілді қанттан жасалған тәтті кәмпит.

...Ақ *қант* аспандағы сонда жауып,
Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған
(*І. Жансүгіров*).

قهّار **қаhhар** Қаһар — өте құдіретті, барлығын білуші, барлығын өз қолында ұстаушы (құдайдың теңеуі).

قهوه **қаhуә** 1) кофе дәні, кофе; 2) кафе; 3) шарап.

قوس **Қаус** Қауыс 1) садақ, *астр.* мерген шоқжұлдызы, тоғызыншы айдың (ноябрьдің) аты; 2) арка (имек); 3) пролет; 4) доға; 5) смычок (муз); 6) жақша *(грам)*.

قوم **қаум** Қауым 1) халық; 2) ұлт; 3) қоғам.

Күндейді, пәлен дейді, көре алмайды.
Мен кірген *қауымға* олар ене алмайды — дейді азған ағайын (*С. Торайғыров*).

قومت **қаумәт** Қаумет 1) көтерілу, көтеру; 2) көтеріліс. Қала ішіндегі жарық, берік тас үйлер, цементті подвалдар жеке қоршауда қалса да, қарсыласа беретін *қауметі* бар сенімді атыс ошағына айналды *(Нұрпейісов)*.

قومی **қауми** Халықтық, ұлттық.

قیام **киям** 1) көтерілу; 2) түрегелу (намаз оқығанда тұру; 3) кету, жүріп кету; 4) өмір, тіршілік, бар болуы, бары; 5) орындау іске асыру.

قیاس **қияс** 1) өлшеу; 2) салыстыру; 3) үлгі мөлшер, өлшем, норма; 4) Масштаб.

قیافت **қияфәт** Қияпат 1) пішін, сыртқы бейне, келбет, кейіп, рең; 2) киім-кешек, лыпа; 3) ізбен табу.

Бір көрген кісінің көзалдында елестеп, есінен кетпей неше күндей ішін жандырып, ұйқы-күлкісінен қалдыра-

тын сұлу Қамар адам шошып кеткендей *қияпатқа* кіріп өзгерген (*С. Торайғыров*).

قيامت **қиямәт** Қиямет 1) діни ұғым бойынша о дүниеде тірілу; 2) қамқорлық; 3) топыр, абыржу, әбігер болу (о дүниедегі азаптайтын орын); 4) әл-Қиямәт (Құранның жетпіс бесінші сүресінің аты). *Қияметке* дейін көріспей, азып-тозып әркімнің аузында кететін жеріміз де осы (*С. Торайғыров*).

ك

ك **кәф** к — араб алфавитінде жиырма екінші әріп.

كاتب **катиб** Жазушы, журналшы.

Тәліптер тағлім оқып алатұғын,
Көне сөз көп жазылған *кәтіп* едің.
Беріңіз бізге жазып бір насихат.
Ей, ерім, сахауатты сахип едің
(*Әбдікәрім*).

كاذب **казиб** Кезеп 1) өтірік айтушы, өтірікші; 2) жалған өтірік; 3) алдамшы. Итбайдың зорлығына тірі боп көнбеймін, әуселесін көріп алам қарақшы *кезептің*,— деді Балтабек Асқарға (*С. Мұқанов*).

كسر **Кәсір** 1) сындыруы, бұзу; 2) *матем.* бөлшек.

Алатын неге десең жесірі бар,
(Қазақтың жесір деген *кесірі* бар)
(*С. Торайғыров*).

كاف **каф** Қаф араб алфавитіндегі жиырма екінші әріптің аты.

كافر **кафир** Кәпір 1) рахметі жоқ, жақсылық істеуді білмейтін; 2) кәпір, дінге сенбейтін, құдайсыз, ұждансыз, опасыз, арам; 3) әл-Кәфирун. (Құранның жүз тоғызыншы сүресінің аты).

...Өзі жатып құдайды жұмсамаса,
«*Кәпір* болдың» дейтұғын молда тапқан
(*С. Торайғыров*).

كافور **кафур** 1) қамфара ағашы; 2) қамфара (медицинада, техникада пайдаланатын хош иісті зат).

كافل **кафил** Кепіл 1) кепілге алушы; 2) қамқор, тәрбиеші; 3) қамқоршы.

Кенет қолым тиді барып,
Кеудемдегі партбилетке,
Көрсетердей сырын алып,
Кепіл қылып ұстап бетке
(*Молдағалиев*).

كامل **камил** Кәміл 1) толық, бүтін, тұтас; 2) жетілген, толық аяқталған, біткен, жетік.

...Жасы менен денесі таласа өсіп,
Хұрмадай *кәміл* піскен көзім жетті
(*С. Торайғыров*).

كانون **канун** Пеш, ошақ, ауыспалы мағынада бір нәрсенің ордасы.

کباب **кəбаб** Кеуеп, кебеп (жіңішке темір істікке шаншып, шоқтың үстіне жайып пісіретін ет, тағам).

کبیسه **кəбисə** Кəбиса 1) қосымша, үстем, толық; 2) толық жыл.

کبل **кəбалə** 1) кіселдеу; 2) ақысын мезгілінде төлемеу.

کتاب **китаб** Кітап 1) кітап, 2) хат, сəлемдеме, сауат. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, *кітап* оқып, ...насихат айту болсын, ең арты біреуді сықақтаған күлкі болсын, бас бəйге Ахметтікі еді *(С. Торайғыров)*.

کتابی **китаби** Кітапқа қатысты, тиісті.

کذاب **кəззаб** Каззап 1) өтірікті судай сапырушы; 2) өтірікші, алдамшы.

Троцкийшіл — зиновьевшіл, белсенді қайраткер саяси *кəззаптар*, саяси екі жүзділер болып шықты. (БК(б)П тарихы).

کذاب **кəзіб** Өтірікші, жалған айтушы, алдамшы.

کرامت **кəрамəт** Керемет 1) құрмет, адамгершілік, мəртебе; 2) жомарттық, ақ көңілдік, бекзаттық; 3) ғажап. Жəне бақсының «дəретсіз кісілерді шалып кетеді, мұнікі *керемет* күшті һəм үйірлі жын» деп, жұртты қорқытып, су жүрек қылып қойғандығы сонша... *(С. Торайғыров)*.

کرایه **кирайе** 1) жалдау; 2) жалдау ақысы.

کرب **кəрб** Кəріп 1) қайғы, қасірет, күйініш, уайым, қапа, реніш; 2) зарығу, сағыну, жабырқау, азап. *Кəріп-*

кәсір, бишараны сыйлайын десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес *(Абай).*

کرسی **күрсі** 1) отырғыш; 2) мінбе; 3) тақ; 4) іргетас, пьедестал. Қамар сұлудың сөзіне ашуланған молда: — көп сөзді қой су әкел, неке оқимын, Аятыл *күрсі,* алхамды жеті оқимын... *(С. Торайғыров).*

کرکی **күрки** Тырна.

کریك **күрәйк** Күрек.

کرم **кәрәм** 1) жомарттық, қолы ашықтық, ақ көңілдік, кек сақтамаушылық, қайырымшылдық; 2) игілік, адамгершілік, бекзаттық. Кәрәм шафағат болар, ғалық мағлұм дүр *(Абай).*

کريم **кәрим** Кәрім, керім; 1) жомарт, ақ көңіл; игі, шарапатты, сыпайы; 2) қымбат, қымбатты, керім адам.

Нәпсісіз шаһуатсыз айы *кәрім,*
Нәпсінің әммә мағлұқ талабында...

(Нұралы).

کزلك **кәзләк** Кездік, кішкентай пышақ. Амантай қындағы кездігін алды... *(С. Мұқанов).*

کسافت **кәсәфат** Кесепат тез тойтарыс, қарсы соққы, жауап. Онан соң «үйге кіргізбе *кесепаты»* бар — деп, Нұрымның жек көретін бір-екі адамын көрсетті *(С. Торайғыров).*

کسب **кәсіб** Кәсіп 1) еңбекпен табу, кәсіп орны; 2) пайда, кіріс; 3) ұтыс, ұтып алу.

...Бейнетқор адалдықпен *кәсіп* қылган,
Өмір бойы өтеді азап артып
(С. Торайғыров).

كفايه **кифая** Кіпәя 1) жеткіліктілік, молшылық; 2) сыбаға, үлес, пай; 3) қабілеттілік, дарындылық.

كفر **күфір** Күпір 1) құдайсыздық, дінге сенбеу; құдайды сөгу; 2) рахыметі жоктық.

...Шын сөзбенен өлсеңіз,
Аят, хадис емес қой,
Күпір болдың демес қой,
Қанша карсы келсеңіз
(Абай).

كفن **кәфән** Кебін (өліктің киімі).

Боқтаса «қарағым!»— деп беттен сүйген
...Жан-жағы тәрбиесіз, надан болып,
Солардың жұға-жұға *кебін* киген
(С. Торайғыров).

كلى **Күлли** Күллі, барлық жағы, бәрі, бүкіл,

Компартия көсемім, халыққа нұсқау беріп тұр,
Айтқаны еш мүлтіксіз орындалып келіп тұр.
Бірігіп барлық ынтамын,
Күллі халық сеніп тұр
(Жамбыл).

كلام **кәлам** Кәләм 1) байланысты сөздер, сөйлем; 2) сөз, әңгіме, тіл.

...Бұл өлең күна болса неге айтасың,
Естідім, сен де оқыпсың құран *кәләм*
(*Жарылғасынқожа*).

كلمات **кәлимат** (Қалиманың көпше түрі).

...Кем ақыл сен білмесең мен айтайын,
Кілiтi жер мен көктің *қалиматтайда*
(*Жүсіпқожа*).

كلمه **кәлимә** Қалима 1) сөз; 2) нақыл; 3) қысқа сөз.

كورزى **курзи** Күрзі шоқпар, қысқа шоқпар, таяқ.

Күрзісін елге қарап күмпілдетті,
Жүрегін елдің күзгі дүмпілдетті
(*Керімбеков*).

كليم **Кәлим** Біреумен сөйлесуші, әңгімелесуші, тәурат аңызынша Мұса (Моисей) құдаймен сөйлесіптіміс.

كمال **кәмал** Кемел толықтық, толық аяқталғандық, мүлтіксіз жетілгендік, қалтқысыз.

Елентай сөйлер сөзге *кемел* екен.
Сұраса жақсы жауап береді екен...
(*Болық*).

كمالات **Кәмалат** Кәмелет толықтық, толық аяқталған, мүлтіксіз жетілген, қалтқысыз (кәмалдың көпше түрі). Олардың адамшылығының *кәмәлат* таппағы — қиынның қиыны.

(*Абай*).

كمالى **кәмали** Салтанат, молшылық, әдемілік.

كنايه **киная** Белгі, тұспал, ишара, ым; 2) метонимия (бір-бірімен байланысты екі нәрсені бірінің орнына екіншісін алмастырып қолдану).

كهف **кәһф** Үңгір, әл-Кәһф (Құранның он сегізінші сүресінің аты).

كوثر **Кәусәр** Кәусар 1) мол; 2) молшылық; 3) діни ұғымша ұжмақ өзенінің аты; 4) әл-Кәусәр (Құранның жүз сегізінші сүресінің аты).

Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең,
Ішкендей *кәусер* суын мейірім қанар...
(С. Торайғыров).

كوكب **кәукәб** 1) жұлдыз; планета; 2) ноғала, ақ, көз сүйелі.

كيف **кәйф** Кейіп 1) сүйсінушілік, рахаттылық, көңіл көтеру, рақат, ләззат, молшылық; 2) жақсы, көңілді күй.

كيميا **кимия** Химия.

...*Химия* ғылымын білуші ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын
(Абай).

كيمياوى **Кимияуи** 1) химиялық; 2) химик — химия маманы.

ل

ل **ләм** л — араб алфавитінде жиырма үшінші әріп.

لا **ла (лә)** Жоқ, емес деген тәрізді болымсыз демеулік. Мекен берген, халық қылған ол *лә* мәкан... *(Абай).*

لا اله **ла иләһә** Лайлаһа — құдай жоқ. *Лайлаһа,* иллалла, алла, алла, алла... деді молда *(І. Жансүгіров).*

لازم **лазем** Лазым (лауазымның жеке түрі).

Шын достарға, асық жарға
Лазым лазым емес, жан жарым,
Өсекке, сөзге еріп, лезде
Түңілуге барғаның

(Ералин).

لازورد **лазәуәрд** Лазурит — түсі көкшіл күкіртті әдемі минерал.

لامكان **ләмәкан** Мекенсіз. *Мекен* берген, халық қылған ол лә *Мәкан... (Абай).*

لائق **ләик** Лайық тиісті, келісімді, ыңғайлы, қолайлы, тұрарлық, лайықты, сыпайы. Егер, алдадың деп өштесіп кетсе, кім біледі, іс басында тұрған кісі ғой, не қылса да Қамарға сол орынды *лайық* көреміз *(С. Торайғыров).*

لب **лүб** 1) өзек, ядро, дән; 2) ақыл, ес, ұғым, сана; 3) жан, жүрек.

لبّى **ләббәй** 1) дыбыс беру, үн қату, ләббәй деу; 2) көну, бағыну, бойсұну. Қожа-еке шоқша қара сақалыңыз, *Ләппәй* деген ежелден мақалыңыз *(Ұлбике).*

لحد **ләхәд** Лахат көрдің бір жағынан жантайта қазған өлік жататын үңгірі.

Қасқырбай мырза өзіндей қара *лақатқа* тығылып көзден таса болды *(Ә. Сәрсенбаев)*

لذت **ләззәт** Ләззат 1) тәттілік, шырындық, сүйкімділік, жағымды, ұнамды, ракат, ләззат, құшыр, сүйіспеншілік, рақаттылық; 2) назар, көңіл, ынта, ықылас, қызық. Киім жапқан әлемнің *ләззатына* қансам-ау *(С. Торайғыров)*.

لذيذ **ләзиз** 1) тәтті, шырын, тамаша, ең жақсы, өте әдемі; 2) жұқа, жіңішке, нәзік, сәнді, сыпайы.

لعل **ләғл** Лағыл, рубин (қызыл түсті асыл тас).

...Азырақ бір мысал сөз аңлатайын,
Садақтан атылғандай *лағыл* асыл
(Мансұр).

لعنات **ләғәнат** Лағынат, (лағанаттың көпше түрі).

لعنت **ләғнәт** Лағынат қарғау, теріс бата.

Құдайым «шайтансың» деп, лағнет етті,
«Лағнетпен» де қор бола қалмай депті...
(Абай).

لغت **лұғәт** Лұғат 1) тіл, сөйлеу ерекшеліктері; 2) сөздік, сөйлемше, сөйлем, термин. Шолохов сөзі орыстың халықтық — поэтикалық *лұғаты* мен сөз жүйесінен қаралады *(М. Қаратаев)*.

لغو **лағу** Лағу 1) мылжыңдау,— қисынсыз сөйлеу; 2) заңды күші жоқ; 3) бұзу, өзгерту.

Байыргы тоқсан күйдің бірі де жоқ.
Жаңа күй, жаңа жолмен кетті *лағып*
(І. Жансүгіров).

لفظ **ләфіз** Лəбіз. 1) айту, ауыздан шыққан үн, дыбыс шығару; 2) сөз, айту, сөйлем.

Сөйлесіп гүлдей жайнады,
Булыққан көңілім тарығып.
Қапалы *лебізің* айдады,
Бұл самалға малынып
(С. Торайғыров).

لقب **ләқаб** Лақап 1) жалған ат, лақап ат, тағылған ат; 2) атақ, лауазым, дәреже, титул.

Кім отыр сөздеріңді құлаққа асып,
Күн бекер мақтанбашы *лақап* шашып
(С. Торайғыров).

لكن **ләкән** Леген, шылапшын. Кішкентай, ескі қаңылтыр *легенге* тосып алған бауыздау қанды жыпжылы қылып босағаға қоя салғанда, ала мойын сұр ит ашқарақтанып асығып *легенге* бас қойды *(С. Торайғыров).*

لكن **ләкин** Лекін бірақ, дегенмен, алайда, сүйтсе де. *Лакин,* сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де... *(Абай).*

لله **лиллаһи** Алла үшін, құдай үшін.

لاحول **лә хәулу** 1) күш (куат) жок; 2) «Бәрі де құдайдың еркінде» деген діни дұғаның бастапкы сөзі.

لهو **ләһу** Сауық, шаттык, ермек, ойын.

لوازم **ләуазим** Лауазым 1) керекті, қажетті зат, нәрсе, бұйым, керек-жарак, сайман; 2) машина бөлшегі.

لوبيا **лобия** Бұршақты дақыл (фасоль).

لوحه **ләухә** 1) такта; 2) жазуы бар тақташа; 3) плитка, құлыптас; 4) сурет полотносы; 5) экран, калқа.

لوف **луф** Люфа (жылы жақта өсетін асқабақ тектес өсімдік).

لوندا **ләуәнда** Лаванда (хош иісті гүлінен май шығарылатын бұталы өсімдік).

لياقه **лиякә** 1) сәйкестік, лайықтык, үйлесімдік, әдептілік, сыпайылык, ақылдылык; 2) жақсы сапа, адамгершілік.

ليل **ләйл** 1) түн, кеш; 2) әл-Ләйл (Құранның тоқсан екінші сүресінің аты).

م

م **мим** м — араб алфавитінде жиырма төртінші әріп. Бір сарай нұрланады жалғыз *«мим»* мен «Ра» мен «нүн» «хи» менен «зи» оған ерген *(Ырысжан)*.

مأذون **мәәзун** Неке қиюға праволы қазидың уәкілі; неке киюшы.

ماش **маш** Маш жылы жақта өсетін бұршақты дақылдардың бір түрі.

ماعون **мағүн** 1) үй ішінің аспаптары; 2) мүлік салығы; 3) қайыр, садақа; 4) әл-Мағун (Құранның жүз жеті сүресінің аты).

مآلا **мәалән** Айтылуынша емес, мағынасы жағынан.

مائده **маидә** 1) стол, тағам столы, дастархан; 2) әл-Маидә (Құранның бесінші сүресінің аты).

مبادا **мұбада** Бастама, инициатива.

مبارك **мүбәрәк** Бақытты, сәтті, құтты, жарылқанған.

Қожеке, есенсіз бе, сәлем бердік,
Мубарак дидарыңды жаңа көрдік
(Айқын қыз).

مبشره **мүбәшәрә** Діни уағызшы. Бірақ әулиелердің бәрі бірдей тәркі дүние емес еді, ғашарән — *мүбәшәләрдән* да... *(Абай).*

متاع **мәтағ** Мата.

Саудагер *мата* сатқан сөз қатып тұр
Қылжақтап бір тоқалға тұштақтаған
(І. Жансүгіров).

متصرف **мүтәсаррыф** Бір уезді, я округты басқарушы, басшы, әкім.

متهم **Мүттәһим** Мүттайым — айыптаушы, ауыспалы мағынасы жалақор.

متهم **мүттәһәм** 1) айыпкер, айыптаушы, сезікті, күдікті; 2) сотталушы.

متکلمین **мүтәкәллимин** 1) сөйлеуші сөйлесуші; 2) бірінші жақ (грам); 3) IX ғасырда ислам догмалары

туралы айтыс-тартыста бір жікті басқарған ұламаның лақап аты.

Ақыл мен хауас барлығын,
Білмейдір жүрек, сезедүр,
Мүтәкәллимин мантикин
Бекер босқа езедүр

(Абай).

مثال **мисал** 1) мысал; 2) ұқсау, ұқсас, түстес; 3) үлгі, өнеге, модель.

Бұл сөзді қастамаймын жалғыз саған,
Мысалы құрап қалған қазақ сабан...

(С. Торайғыров).

مثاله **мәсалә** 1) адамгершілік, аса басымдылық; 2) сабақ, есеп шығару.

مثقال **мискал** Мысқал (4,25 грамға тең салмақ). Көргенде көңілінде жарты *мысқал*, мейірім-шапқаты бар адамның. Жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір аяушылық көріністе еді *(С. Торайғыров)*.

مجادله **мұджадәлә** 1) талас, айтыс, жарыс сөз; 2) әл-Мұжадәлә (Құранның елу сегізінші сүресінің аты).

مجبور **мәжбүр** 1) амалсыз, шарасыз; 2) зорлау, ықтиярсыз көндіру.

Кәрім: жоқ сіз де, біз де осы елдің бір жарасын емдеуге *мәжбүрміз*, солай емес пе? *(М. Әуезов)*.

مجلس **мәджлис** Мәжіліс, әңгіме, жиналыс, қауым, қоғам, кеңес.

...*Мәжіліс* міне осындай болып жатты
Бір кеште... Ордасында

(І. Жансүгіров).

مجوس **мәджус** Сиқыршылар, отқа табынушылар.

مجوسی **мәджуси** 1) сиқыршы, көз бояушы, әзәзіл, арбаушы; 2) отқа табынушы.

مجنون **мәджнун** Мәжнүн 1) жынды, ауысқан; 2) қиялы, ақылынан танған; 3) Низамидың «Лейли Мәжнүн» атты поэмасындағы герой Кейсаның лақап аты.

...Гүлдерге ғашық диуана,
Мәжнүн байғұс ебелек

(С. Сейфуллин).

محافظ **мұхафиз** 1) сақтаушы, тәртіп сақтаушы; 2) уәлаят губерниясы қала бастығы.

محافظه **мұхафәзә** 1) сақтау, бұзбау, қорғау; 2) Мұхафиз басқаратын уәлаят, губерния, қала.

محال **мұхал** 1) мүмкін емес, шамадан тыс, сандырақ; 2) қол жетпейтін, қолдан келмейтін. ...Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі *мұхал*... Бұлардың сүйгені — һадандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері тасбығы мен шалмалары, онан басқа нәрсесі жоқ. *(Абай).*

محب **мүхиб** 1) сүюші; 2) көңілдес, ең жақын дос; 3) бас июші, табынушы.

محبت **мәхәббәт** Махаббат — сүю, жақсы көру, құштарлану, ғашық.

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар!..
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар

(Абай).

محبوب **мәхбуб** Сүйілген, өте жақсы көрінген ер.

محتاج **мұхтадж** Мұқтаж 1) бірдемеге мұқтаж, зәру адам; 2) бишара, жәрдемсіз.

Өнерлі ел бар *мұқтажын* жерден ембек,
Өнер мен техниканы жұмсап еңбек

(С. Торайғыров).

مختوم **мәхтум** 1) мөрленген, мөр басылған; 2) мөр сақтаушы, мөр басушы; 3) біткен, аяқталған.

محراب **михраб** Мешітте имам тұратын орын, (намаз оқушылардың бет бұратын жағын көрсететін мешіттің ішіндегі қуыс).

Михрабым сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас ғұзіріме,
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне

(Абай).

محرم **мәхрәм** 1) шариғат бойынша тыйым салынған нәрсе; 2) туыс.

محرم **мүхәррәм** 1) тыйылған; 2) арабша ай календарымен бірінші айының аты (март).

محروم **мəхрум** Мақрұм 1) бір нəрседен айырылған; 2) аластап қуылған; 3) бақытсыз, бишара, сорлы.

Яки мақсат — өнер, білім алуға,

Алға қарай баруға.
Намыстанып, қорланып,
Хұқықтан *махрум* қалмауға.
(С. Торайғыров).

محفوظ **мəхфуз** 1) сақталатын; 2) жадында ұсталған, есте сақталған.

محكم **мүхкəм** 1) жақсы істелген, жетілген, құнды, берік, орнықты, нық, мықты; 2) дəл, дұрыс; 3) сенімді, сенген, көзі жеткен, тыңғылықты; 4) даусыз, ашық, анық (Құранның аяттары туралы).

Айтып ем екі жүздің болыстарын,
Мекендеп қона алмаған қоныстарын...
(Нұралы).

محكمه **мəхкəмə** Мекеме, сот, судья, трибунал.

Падиша сол сұлуға адам салды:
Жетектеп көлігімнің басын, байым
— Апарсын *мекемеге* аяқ басып
(Күзен).

محقق **мүқахқек** 1) жүзеге асырушы; 2) тексеруші; 3) зерттеуші; 4) тергеуші; 5) əділдік іздеуші.

محله **мəхəлля** (квартал, лагерь).

محنت **мехнəт** Мехнат 1) байқау, сынау; 2) пəле,

қырсық; қайғы, уайым, бақытсыздық, ауыртпашылық, бейнет. 3) еңбек, кәсіп.

... Не түрлі *мехнаттың* бәрін көріп,
Құр жүрер шықпаған соң кеудеде жан
(С. Торайғыров).

محيى **Мүки** Тірілтуші, жандандырушы.

محيط **мүхит** 1) төңіректі, айналаны орап алған; 2) шеңбер, орта; 3) мұхит теңізі.

...Қаптатып топан суын, *Мұхит* теңізін,
Сол отын жүректегі жоя алмадым
(С. Торайғыров).

مخبر **мүхбир** 1) хабарлаушы; 2) мәлімдеуші (информатор).

مختصر **мүхтәсәр** Мұқтасар 1) қысқартылған, азайтылған, қысқа, қысқаша; 2) конспект; 3) шариғат ережелері жазылған *діни* кітаптың аты; ол медіреселерде оқылатын.

Мұқтасар сөзім майда тақтасындай,
Бұхардың омырауын қақпасындай (Шеже).
Молдадай әдеттенген мұқтасарға...
(І. Жансүгіров).

مخازن **мәхазін** (Мәхзәннің көпше түрі). 1) магазин; 2) қойма, қамба. Ол біресе мал базарына барады, біресе үлкен *магазиннің* ішіне кіреді *(І. Жансүгіров).*

مخفى **мəхфи** Жасырулы, жасырылған, тығылған.

مخصوص **мəхсус** Махсус ерекше, арнаулы, тəн.

مخلوق **мəхлұқ** 1) жаратылған; 2) жəндік (құрт-құмырсқа, бақа-шаян). Қезбейін десе, Қамар секілді қарашығының əйтеуір суреті адам *мақлұққа* қосақталып, өмір бойы іріп-шіріп жылаумен күні өтуіне көзі жетіп ойлағанда іші-бауыры елжіреп күйіп кете жаздаушы еді *(С. Торайғыров)*.

مخلوقات **мəхлұқат** (махлұқтың көпше түрі).

مد **мəдд** Мəт 1) бойы, ұзындығы; 2) ұзарту, ұзаққа созу; 3) *грам.* мəддə (дауысты араб əріптерінің ұзақтығын, созылуын көрсететін белгінің аталуы).

Сен-ақ оқы əліп пен əбіжəтті,
Мұрным əліп болғанда, қасым мəт-ті...
(Ұлбике).

مداح **мəддах** Тым көтере мақтаушы, көптірмеші, еспешіл, бөспешіл.

Газет-журнал басшыны *мадақтаса,*
Өтірік-ақ оған кір жолатпаса...
(С. Торайғыров).

مدد **мəдəд** Мелет 1) жəрдем, көмек, сүйеу, қолдау, қолғабыс ету, қосымша күш беру.

مدرس **мүдəррис** Оқытушы, мұғалім.

مدرسه **мəдрəсə** Медресе (діни жоғары оқу орны).

Орнымыз *медресе* оқып жатқан,
Талайлар оқу оқып, өнер тапқан
(С. Торайғыров).

مدنى **мәдени** Мәдени 1) мәдениетті; 2) азаматтық; 3) қалала тұрушы.

مدنيات **мәдәнийят** Мәдениет.

«Дем алыс, *мәдениет»* деген бақша,
Жанынан Мәскеу өзен ағып жатса...
(І. Жансүгіров).

مراد **мұрад** Мұрат, тілек, ықылас, ниет.

Жас *мұраты,* білім, тәлім талабы,
Таудай болсын, оңалуға алабы...
(І. Жансүгіров).

مرتبه **мәртәбә** Мәртебе 1) дәреже, саты; 2) адамгершілік, абырой, ар, намыс; 3) дәрежесі, орны

...Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің *мәртебесі.*
(Жамбыл).

مرحمت **мәрхәмәт** Мархамат, марқабат, қайырым.

...Ғадәләт пен *мархамат* — көп азығы,
Қайда көрсең болып бақ соған көмек
(Абай).

مرحوم **мәрхум** Марқұм 1) қайтыс болған еркек; 2) рақым түскей.

Жақан *марқұм* қатынды жасында алған,
Өскен соң бірді айттырған, қылып арман
(*С. Торайғыров*).

مرسلات **мурсәлат** 1) жіберілгендер; 2) миссионерлер; 3) дінді уағыздаушылар; 4) әл-Мурсәлат (Құранның жетпіс жетінші сүресінің аты).

مرشد **мүршид** Мүршіт діни басшы, жетекші, тәрбиеші, жол көрсетуші, рухани жолбасшы, ишан, пір.

مرض **мәраз** Ауру, науқас дерт, сырқат.

Патша мақтап таққан жез,
Медаль болса — бұл *мерез,*
Мерез болса — іш*мерез,*
Дене дерті, жатқан жез
(*І. Жансүгіров*).

مرغوب **мәрғуб** 1) сапалы, тілекке сәйкес; 2) керекті, сүйікті. Көңілде көп *марғұба* зарығып көрген. (Ақан сері).

مرمر **мәрмәр** Мрамор.

...Қол қоярсыз сіз де, расы,
Мәрмәр Нина сұлу айдан...
(*А. Пушкин*).

مرملاد **мәрмилад** Мармелад.

مروت **меруәд** 1) Көзге бояу жағатын қарандаш; 2) түйреуіш; 3) білік, белағаш.

مرو **мәру** Шақпақ тас, кварц.

مريد **мүрид** Мүрит дін жолын қуушы, ишанға ұюшы шәкірт.

Мүритке надан сопы басыңды ұрдың,
Жастарды «әзәзіл» деп жандарыңа
(*С. Торайғыров*).

مريم **Мәрьям** Кісі аты, 1-қосымшаны қара. (Құранның он тоғызыншы сүресінің аты).

مزح **мәзәх** Мазақ, қалжың, сықақ, күлкі, әзіл, келеке, юмор.

Байболды шөп жинады деп қылып *мазақ*,
Айтады: «Жер қарада неткен азап»...
(*С. Торайғыров*).

مزار **мәзар** Мазар 1) зират ететін орын; 2) атақты адамның моласы. Сенсіз кезсін, не пайда, кеп тұр жаяу мазарға... (*І. Жансүгіров*).

مزارات **мизарат** Мазарат (мазардың көпше түрі). Тұсындағы шымылдықтың бауына ілген исым ағзам ба керек, әлде *мазарат* етектей-етектей дұғалықтан Қамардың беті-жүзі көрінбейді (*С. Торайғыров*).

مزاح **мәззах** Әзілқой, қалжыңбас, күлдіргіш.

مزرعة **мәзрәғә** 1) егіндік, аңыз, егін; 2) ферма, плантация.

مزرعةالاخرة **мәзрәғәт-үл-әхирәти** *Діни* ақирет егіні.

مزمل **мұззәммәл** 1) оранған; 2) әл-мұззәммәл. (Құранның жетпіс үшінші сүресінің аты).

مسافر **мусафир** Мүсәпір 1) жолаушы, жиһанкез; 2) қонақ, мейман. ...Менің сыбағамды берсең де қондыршы, кім біледі менің екі құлыным да осындай *мүсәпір* болып жүрген шығар,— деді (*Байзақов*).

مسئله **мәсәлә** Мәселе — өз шешімін керек ететін іс, міндет, проблема. Максұт Төлебайдың қысқаша жазып берген арызын бірінші *мәселе* етіп қоюды қажет көрді *(С. Мұқанов).*

مستقيم **мүстәқим** 1) түзу, тура, тік, тегіс; 2) көтерілген, тіке тұратын; 3) әділді, адал, таза.

مستور **мәстүр** 1) жасырын, жабық, құпия; 2) таза, адал; 3) оралған, шымқалған.

مستوره **мәстүрә** 1) таза, мінез-құлқы таза; 2) адал, ақ ниетті.

مسجد **мәсджәд** Мешіт.

Мешіт көзге көркем, өзі биік.
Тұрады жұмысына жұрт жиылып...
(С. Торайғыров).

مسح **мәсіх** 1) майлау, шылау, сипау, сүрту, тазарту; 2) діни, дәрет алғанда сулы қолмен басты, құлақты мойынды, сақалды, *мәсінің* басын шылау (су тигізу). Аяғы екі аяққа *мәсіх* пенен бітуші еді... *(Абай).*

مسخره **мәсхәрә** Масқара 1) мазақ, келеке, күлкі, күлдіретін нәрсе; 2) маска; 3) маскарад, алдау.

Масқаралап мені тағдыр қылды мазақ, не шара?
Менің үшін сен жауап бер,
Менде сөз жоқ, бишара.
(Абай).

مسد **мәсәд** 1) жөке; 2) пальма талшығы, 3) әл-Мәсәд (Құранның жүз он бірінші сүресінің аты).

مسكين **мəскин** Міскін 1) кедей, сорлы, жарлы; 2) аянышы халдағы, аярлық; 3) бақытсыз.

...Мен түспей мыналарға қайтып кетсем,
Көңілі *мүскіндердің* не боп калад?
(І. Жансүгіров).

مشايخ **мəшаих** (шейхтың көпше түрі). Машайых. 1) карттар, қариялар; 2) шейхтер палатасының мүшелері; 3) сенатор, ру, қоғам басшылары; 4) ақсақалдар, бастықтар, басқарушылар; 5) рухани көсемдер; 6) ғалымдар; 7) ұстаздар, рухани жетекшілер, тəрбиешілер.

مشاوره **мүшауəрə** Кеңес, мəслихат.

مشروع **мəшрұғ** 1) шариғат дұрыс деп тапқан іс; 2) басталған, керіскен.

مشرق **мəшрық** Шығыс, күншығыс.

مشق **мəшқ** Машық, əдемі жазудың үлгісі, өрнегі.

...*Машықтап* Ақан əнге қосып отыр,
Өзінің айтып жүрген өлеңдерін.
(І. Жансүгіров).

مشقت **мəшəққəт** Машақат 1) көп əуре, əбігер; 2) қиыншылық, азап, бейнет.— Ал деп он шақты қатын сүйреп, жұлмалай бастап құдайына соятын асау құлындай бірі басы, бірі қолы, бірі аяғынан алып, алысып-жұлысып, қаумаласып, шырылдатып, қақсатып, əйтеуір, мың пəле, жүз машақатпен Нұрымның қасына жеткізді-ау!.. *(С. Торайғыров).*

مشكل **мүшкіл** 1) қиын жағдай, шетін іс, шатақ; 2) қиындық, проблема. Бұлардың дандайсып келіп, жасып қалған *мүшкіл* халін Кален де сезген болатын (*Есенжанов*).

مشهور **мәшһүр** 1) халыққа белгілі, даңқы шыққан; 2) атақты.

Ал тыңда, сөз сөйлейді ақын Мансұр,
Аймаққа менің даңқым болған *мәшһүр*
(*Мансұр*).

مشغول **мәшғұл** Іспен шұғылданушы.

مشى **мәши** Жаяу жүру, қимыл, қозғалыс; 2) әскери жүруді үйрену.

مصافت **мұсафәт** Адалдық, шындық.

مصراع **мисрағ** Өлеңнің екі жолы.

مصنفات **мұсаннәфат** Әдеби шығармалар.

مصنف **мүсәнниф** Автор, құрастырушы.

مضمون **мәзмун** Мазмұн, мағына, мән.

Жүргейсің хат жазысып, хабар алып,
Жоғарғы сөз *мазмұнын* қарап алып
(*С. Торайғыров*).

مطالعه **мүтәләғә** Мұталаға 1) оқу; 2) үйрену, зерттеу, іздену, оқып білу.

مطففين **мүтәффәфин** 1) кем өлшеушілер, алдайтындар; 2) әл-Мүтәффәфин. (Құранның сексен үшінші сүресінің аты).

مطلع **мұтталиғ** 1) білетін, хабардар; 2) білгір, жетік.

مطلوب **матлуб** 1) ізделіп отырған, талап етілген; 2) тілек, ықылас, мүдде.

معاریج **мәғаридж** (миғраждың көпше түрі). 1) сатылар, басқыштар; 2) әл-Мәғаридж (Құранның жетпісінші сүресінің аты).

معارف **мәғариф** (мәғрифәттің көпше түрі). Мағарип 1) ағарту, білім, тану; 2) таныстық.

معامله **мұғамәлә** 1) халықпен қатынас, байланыс; 2) жолдастармен араласа, қатынаса білу; 3) іс, сауда.

معاین **мұғаин** 1) қараушы, байқаушы; 2) көруші, көрген.

معرفت **мәғрифәт** (мәғарифтің жекеше түрі). Мағрипат 1) білім, ағарту, ғылым тану, өнер; 2) таныстық. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ бізге *мағрифатулла* қиын болады. *(Абай).*

معروف **мәғруф** 1) халыққа белгілі, атақты, жағымды; 2) ұнатылған, мақұлданған; 3) әдетті; 4) жарылқаушылық, жақсылық; 5) жәрдем беру, құрмет көрсету.

معزوم **мағзум** 1) шақырылған; 2) қонақ, мейман.

معشوق **мәғшук** Сүйілген жігіт. Ғашық *мағшуқлыққа* халық бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз... *(Абай).*

معشوقه **мәғшуқа** Сүйілген қыз.

معقول **мәғқұл** Мақұл 1) ақылды, есті; қисынды, орынды, қонымды, түсінгіш; 2) саналы, келісімді. Балаға тағы айттыру жастай қатын, зор қате Әжібайға, емес мақұл *(С. Торайғыров).*

معلم **мұғәллим** Мұғалім 1) оқытушы; 2) ұста, шебер. Біздің *мұғалімдеріміздің* басына түскен жүк тап осыдан

кейін емес. Осы жүктің жеңілдету жағын қарастыру керек. *(С. Торайғыров).*

معلم **мәғләм** Белгі, көрсеткіш, сигнал.

معلمه **мүғәллимә** Оқытушы әйел.

معلوم **мәғлум** Мағлұм, мәлім, белгілі, таныс.

Мағлұм бір түйткіл болып көптен,
Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен
(С. Торайғыров).

معلومات **мәғлумат** (мағлұмның көпше түрі). Мағлұмат, информация, ақбарлар. Біздің командирлердің стратегия, тактика жөнінде *мағлұматы* әлі кеміс қой *(Ахтанов).*

معمور **мәғмур** 1) өңделген егіндік жер; 2) халық орналасқан; 3) жақсы жабдықталған үйлер, мәдениетті. Дүниенің *мағмурлығы* бір түрлі ақылға нұр беріп тұратын нәрсе *(Абай).*

معنى **мәғна** 1) Мағына, маңыз, мәні; 2) идея, ой, сана.

Оқып көріп байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме.
Ұрланған сөз деп айтасын,
Сөз ұрлыққа жүре ме?
(Абай).

معيشت **мәғишәт** Мағишат 1) өмір, тұрмыс; 2) өмір сүруге керекті жағдай. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін

өткізіп, *мағишат* дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, харакетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады *(Абай)*.

مغرب **мәғриб** 1) күн бататын жер мен уақыт; 2) батыс; 3) кеш; 4) кешкі намаз.

مفتی **мүфти** Шариғат бойынша керекті іске қарар шығарып тұратын *діни*, бастық, бас судья. Оның карарын «фәтуә» дейді.

Хурият та! Хурият!
Құрылтайға бармақпыз!
Ұсынбақпыз шариғат!
Мүфти, қазы, қазіреті

(I. Жансүгіров).

مفصل **мәфсел** Буын.

«Кедейдің ақылы жоқ мәңгі» деген,
Растыққа бай сөзін дарытпады.
«Малға бас, бай баласы кеще» деген
Асанның *мақал* сөзін анықтады

(С. Торайғыров).

مقال **мәкал** Мақал.

مقاله **мақалә** Мақала 1) сөз, сөйлесу; 2) мақала (газет, журналдағы), шығарма. Осы *мақаладан* кейін Ерзадаевтың өмірбаянына қосылған бір ауқым оқыс-оқыс жайлар бар екен *(Төлешев)*.

مقام **мәқам** 1) жай, жағдай, позиция; 2) тұрақты орын, мекен; 3) адамгершілік мән, мағына; 4) дәреже; 5) «әулие» қабыры, мазар, мола; 6) мотив, ән, әуен, тон,

саз, күй. ...Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгеніңше достық *мақамында* болмақ *(Абай)*.

مقام **мұқам** Мекендеу, аялдау мекені, тұрған жері.

مقامات **мәқамат** (мәқамның көпше түрі). Әкімшілік орган.

مقبول **мәқбұл** 1) қабылданған, ұнатылған; 2) қолайлы, әбден мүмкін; 3) сүйікімді, ұнамды, жағымды.

مقدس **мүқәддәс** *Діни* ұғымда — әулиелі, қадірлі, қасиетті, ардақты, құрметті, құдіретті жер; мысалы, әл-Арз-үл-Мүқәддәс — Палестина.

مقدم **мүқәддәм** 1) жетекші, қолбасшы, бастаушы; 2) бұрынғы, ілгергі, алдыңғы, бірінші орындағы.

مقدمه **мүкәддәмә** Кітапта — беташар, сөз басы, кіріспе.

مقصود **мәқсуд** Мақсат, ынта, тілек, талап, ықылас, қалау.

...Алдымда толған *мақсат*, толған таңдау,
Алайын мынасын ба, онысын ба?
Тұрмыс, тағдыр бірі де
Бұл *мақсұттан* бұра алмас

(С. Торайғыров).

مكان **мәкан** Мекен 1) орын, жай, жағдай; 2) дәреже; адамгершілік, абырой, ар, намыс.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен.
Македония шаһары оған *мекен*

(Абай).

مكتب **мәктәб** Мектеп 1) оқу орны; 2) жазу столы; 3) оқу кабинеті; 4) бөлімше, бюро, контор.

Жүр еді орысша оқып, өнер бастап,
Әдетін *мектеп* көріп, бір-бір тастап...
(С. Торайғыров).

مكر **мекер** Айлакерлік, қулық.

...Әйелдің неше түрлі мекері бар,
Білмейсің өз басыңа келмеген соң
(Жарылғасын).

مكرم **мүкәррәм** Мүкәрәм 1) өте жоғары сыйлы, қадірлі, құрметті; 2) Мекке қаласының теңеуі.

مكروه **мәкруһ** Мәкрук 1) жиреніш, жағымсыз; 2) шариғат қабылдамаған зат, нашар нәрсе.

... Мақшар күні мұрттарын тарта алмастан,
Мәкүрүде тамған болса астарына
(Ұлбике).

مكون **мүкәууин** Жоқтан бар болған, жасалған, жаратылған.

ممتحنه **мүмтәхәнә** 1) емтихан беруші; 2) сыналушы; 3) мүмтәхәнә (Құранның алпысыншы сүресінің аты).

ملا **Молла** Молда (дін қызметкері). *Молда* білгенін оқиды, қарға көргенін шоқиды (мақал).

ملائكه **мәлаикә** (мәләктің көпше түрі). 1) періштелер; 2) әл-Мәлаикәт (Құранның отыз бесінші сүресінің аты).

ملال **мәлал** 1) алаңдау, абыржу, мазасыздық; 2) қорқу, қауіп-қатер.

...Парықсыз істеріңді баян етсем,
Тартпай ма *мәләл* келіп көңілің салқын
(*Кеншінбай*).

ملت **милләт** 1) ұлт, халық; 2) діни қауым; 3) сену, дінге сену.

ملاك **мәләк** Періште (*діни* сөз).

ملك **мүлк** Мүлік 1) меншік, иелік, ие болу; 2) патшалық, мемлекет. Өз *мүлкін* өзі не қылса қыла береді (*Абай*).

ملك **мәлік** 1) король, монарх, патша; 2) әл-Мәлик (Құранның алпыс жетінші сүресінің аты).

مليكه **мәликә** Мәлике 1) әйел патша; 2) патшаның әйелі, ханым.

ممكن **мүмкін** Мүмкін, ықтимал, қисыны бар.

...Себебін біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек *мүмкін* қолдан бәрін
(*С. Торайғыров*).

ممكنات **мүмкінат** (мүмкіннің көпше түрі). Мүмкинат — мүмкіндіктер, мүмкіншіліктер. Оның үшін *мүмкинаттың* ішінде не нәрсенің үжуді бар болса, ол біріктен құтылмайды (*Абай*).

مملكت **мәмләкәт** Мемлекет империя, патшалық.

مملوك **мәмлук** 1) иелігіндегі, билеуіндегі, қол астындағы; 2) иелік, билеулік; 3) тарихи мамлюк, (ертеректе Мысыр сұлтандарының түріктік, кавказдық құл-

дардан құрастырылған жеке әскери сақшысы, гвардиясы).

مموت **мәммут** Мамыт (ұзын жүндес, ұзын тұмсықты піл, ерте заманда өліп таусылған хайуан).

من **мәнн** 1) шапағаттылық, қайырымдылық, жарылқаушылық, тарту; 2) *діни*. Тәурат аңызынша Мұса «пайғамбар» перғауындардың құлдығында болған еврейлерді азат ету үшін Мысырдан еліне алып қайтыпты-мыс. Олар көп жылдық жолда үлкен қиыншылықтарға, аштыққа ұшырайды. Оларға құдайдың *рақымы* түсіп, аспаннан ұн жаудырыпты-мыс. Олар одан нан істеп жеп, аман қалыпты-мыс.

مناجات **мұнаджат** 1) құдайға жалыну, жалбарыну, мақтау сөздер; 2) діни гимн; 3) құпия әңгіме, құпия кеңес. Ол күйеуінің орнына кір келтірмей қашан өл-өлгенше адал жар болудың керектігін қаттырақ ойлап. *Мінажат* дұғасындай, өз ішінен қайталап отыратын боп жүр (*Нұрпейісов*).

مناره **мәнарә** Мұнара, маяк.

Ақыры Чайковский бір биік *мұнараның* басына шығып кеткендей жан-жағын тегіс көрді (*Оразалин*).

مناسب **мұнасиб** 1) келісімді, ыңғайлы, қолайлы; 2) үйлесімді, сайма-сай.

...Әйелі үш қайтарды:— «Жақсысыз,— деп,
— Болады уәзірге бұл *мінәсіп*»

(*Күзеп*).

مناسبة **мұнасәбәт** 1) сәйкестік, лайықтылық; 2) орындылық, керектік; 3) қатынас, байланыс. Ғашық мағшуклыққа халиқ бірлән махлуқ ортасы *мұнәсибәтсіз?..* *(Абай).*

مناظره **мұназәрә** Диспут, айтыс, жарыс (сөз) айтысу.

منافق **мұнафиқ** Монтаны, екі жүзді, сөз жеткізуші (доносшы).

> ...Шыр айлан да, таза ойлан бір иманды,
> *Мұнафиқ* намаз қылмап па, мағлұм ғой ол
> *(Абай).*

منافقين **мұнафықин** 1) монтанылар; 2) әл-Мұнафиқин (Құранның алпыс үшінші сүресінің аты).

منبر **минбәр** Мінбе (кафедра, трибуна).

> Қаладан жеке алаңға, реттесіп тұрысты.
> Ортадағы *мінбеге* шешендер кезек шығысты
> *(Байзақов).*

منزل **мүнзәл** *Діни* құдайға келген.

منسوب **мәнсуб** Біреуге я бірдемеге тиісті болу, құрамына я тобына жату.

منسوخ **мәнсух** Мансұқ 1) істен шығарылған, керексіз болған; 2) жойылған, өзгертілген, бұзылған.

> ...Сен жүрсін әулие!— деп *мансұқ* көріп,
> Болыстың аруаққа шет болысканын
> *(Нұралы).*

منصب **мәнсаб** Мансап — қызметтік орын, атқарылатын қызмет.

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мақтан іздеген
(*Абай*).

منطيق **мантиқ** Мантик 1) логика (шешендікті, ойлауды үйрететін схоластикалық пән; 2) сөз, қисын.

...Мүтәкәллимин *мантикин*
Бекер босқа езедүр
(*Абай*).

منفعت **мәнфәгәт** 1) пайда, кіріс; 2) игілік, жақсылық, табыс. Сонан соң ғана... Өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб *мәнфағат* дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады (*Абай*).

منكر **мүнкәр** Мүнкір 1) келіспейтін, лайықсыз, ұнамсыз; 2) жексұрын, оңбаған, қорқыныш, қорқынышты, күнәлі, ұятты, масқаралық 3) *діни,* өлгеннің күнәсін есептейтін періштесінің аты. Бұлардың көбі... яғни алтауына кімі күмәнді, кімі *мүнкір* болып, тахликлай алмағандар (*Абай*).

منكر و نكير **мүнкәр және нәкир** Мүңкір-нәңкір (*діни,* өлген адамдардан көрде жауап алатын періштелерінің аттары).

موافق **муафиқ** 1) мақұлдаушы, ұнатушы; 2) тиісті, үйлесімді, сайма-сай, келісімді, ыңғайлы, қолайлы, тиімді, сәйкес, лайықты.

...Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек — өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға *муафих* болсын *(Абай)*.

موجب **мүджіб** 1) себеп, сылтау, дәлел; 2) түрткі, қозғаушы.

موجود **мәужуд** 1) бар, табылатын, бары, нақты; 2) бар болу, күнелтуші, өмір сүруші, шын іске асатын, нақтылы.

...Барлығынша шүбәсіз,
Неге *мәужут* ол қуа
(Абай).

موجيب **мүджиб** жауап беруші.

موءذن **мүәззін** Азаншы, намазға шақырушы.

موسم **мәусім** Маусым 1) мерзім, жыл маусымы; 2) мейрам, мереке; 3) жәрмеңке.

Түйесі сары қоңыз *маусымдағы*,
Маясы, нары, үлегі, қаусырмалы

(І. Жансүгіров).

مولود،مولد **мәулуд** Мәулед 1) туған, туған жер, отан; 2) туу, дүниеге келу; 3) *діни*. мәулет тойы (Мұхаммедтің туған күні деп дәріптеу).

موءمن **мүэмин** 1) Ислам дінін жақтаушы, мұсылман, діншіл; 2) әл-Муэмин (Құранның қырқыншы сүресінің аты).

Міндетті мойындағы атқарарлық,
Бермесе ай алдында қалар-деді.

«Айдың нұры әлемге тегіс» дейтін,
Мейірімін *момындарға* салар,— деді
(С. Торайғыров).

مؤمنين **мүэминин** Мұсылмандар, діндарлар, діншіл адамдар; әл-Мүэминин (Құранның жиырма үшінші сүресінің аты).

موميا **мүмия** Бұзылмау, шірімеу үшін бальзамдалынған өлік дене.

مهر **мәһр** 1) қалың мал; 2) неке қияр; 3) жасау.

مهر **мүһр** Мөр.

مهر **меһр** Мейір 1) тілек, ықылас; 2) сүйіспендік, құмарлық, әуесқойлық, ынтымақ, аңсау, көксеу.

مهرى **мәһри** Жүйрік түйе, желмая.

مهو **мәһу** Хрусталь (түссіз минералдың бір түрі).

ميراث **мирас** Мұра (атадан балаға, баладан немереге қалатын үлес, сыбаға, мирас).

Мирасы қыз, жігіттің алған, берген,
Басынан заман өтсе арман көрген
(Әсет).

ميل **мәйіл** Мейіл 1) құламалы, ылди; 2) бейімділік, көңіл ауу, ұнату; 3) тілек, ықылас, талап, ұмтылу.

ن

ن **нун** н — араб алфавитінде жиырма бесінші әріп.

نازعات **назғат** 1) жұлып алушылар; 2) тартып алу-

шылар; 3) айыру (жанынан); 4) əн-Назғат (Құранның жетпіс тоғызыншы сүресінің аты).

نازل **назіл** 1) жоғарыдан төмен түсуші; 2) пəтер жалдаушы.

ناس **нас** 1) адамдар (енсанның көпше түрі); 2) əн-Нəс (Құранның жүз он төртінші сүресінің аты).

نائب **наиб** Найып 1) орынбасар, наместник, 2) уəкіл, депутат, əкім.

نبأ **нəба** 1) ақбар, хабарлау, хабар, жаңалық; 2) əн-Нəбаэ (Құранның жетпіс сегізінші сүресінің аты).

نبات **нəбат** Өсімдік, флора.

Хайуанат, *набат* атпен, нажас атпен,
Əлемнің он сегіз мың білген затын
(*Ырысжан*).

نباتات **нəбатат** Өсімдіктер (набаттың көпше түрі). Ақыл көзімен қара: күн қыздырып... неше түрлі *нəбататтарды* өсіріп, хайуандарды сақтатты, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құска, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен (*Абай*).

نبى **нəби** Пайғамбар.

Замана, шаруа мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен *нəби* келді
(*Абай*).

نترات **нитрат** Азотты қышқыл тұз.

نتيجه **нəтидже** Нəтиже 1) қорытынды, жиынтық, соң,

соңы, ақыры; 2) салдар. Социалистік құрылыстар *нәтижесінде* ауылдың бейнесі мүлдем өзгерді *(Көбеев)*.

نجس **нәджәс** Нәжас, лас, былғаныш, жиреніш, арамдау. Хайуанат набат атпен, *нәжас* атпен.

Әлемнің он сегіз мың білген затын

(Ырысжан).

نجس **нәджіс** Нәжіс 1) лас, былғаныш, жиреніш, арамдалған, қорланған; 2) жауыз, мейірімсіз, ашулы, өш, жарамсыз. Дейтіні сені *нәжіс* шөп жемейсің,— деді молда шошқаға *(І. Жансүгіров)*.

نجم **нәджім** Жұлдыз, ән-Нәджім (Құранның үшінші сүресінің аты).

نجوم **нүджум** Жұлдыздар (нәжімнің көпше түрі). Әбуғали Синадай астрономия, *нужум* ғылымын бітіргендер қазір біздің елде аз емес!

نحل **нәхіл** 1) ара; 2) ән-Нәхіл (Құранның он алтыншы сүресінің аты).

نحو **нәху** Грамматика, синтаксис.

نذر **нәзр** Нәзір 1) салтанатты уәде, серт, ант; 2) діни уәде, серт, ант; мысалы, құдайы нәзір.

Нәзірге берген теңге есер емес,
Апарған ат пен түйе қарасы бар...

(Мансұр).

نزهت **нүзһәт** 1) серуен, сауық, бой көтеру, көңіл көтеру, көңіл ашу; 2) қуаныш.

نساء **несаә** 1) әйелдер; 2) ән-Несә (Құранның төртінші сүресінің аты).

نسبت **нісбәт** 1) қатынас, байланыс; 2) арақатынас, пропорция.

نسخه **нүсхә** Нұсқа 1) көшірме; 2) дана; 3) рецепт.

Оқуда мақсат не: Медреседе жату ма,
Ескі *нұсқа* бақастарды татуға...

(С. Торайғыров).

نسل **нәсл** Нәсіл — ұрпақ, әулет, жұрағат. Адам баласы... өзге хайуандарды... жас күнінде кішкене уақытында шафхат сәхәріменен бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы, адам баласына өніп-өсіп, теңдік емес, бәлки адам баласының үзілмес *нәсіліне* таусылмас азық болсын дегендік *(Абай).*

نسيه **нәсия**, Несие — борыш, қарыз.

Жасынан оқу оқып, көпті білген,
Несиелі сөзі жоқ, әдеп көрген

(С. Торайғыров).

نشادر **нүшадир** Мұсатыр (нашатырь).

نشاط **нәшат** Пысықтық, ақ жарқындық, белсенділік, сергектік, ширақтық, шаттық, жігерлілік, қайраткерлік.

نشر **нәшр** 1) халыққа тарату, жаю; 2) жариялау баспаға бастыру, шындықты тарату.

نصاب **несаб** 1) басы, басталуы, негіз; 2) сап, тұтқа; 3) мүліктік ценз, шарттылық; 4) кворум, жеткілікті болуы. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз *нысабың* өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады *(Абай).*

نصر **наср** 1) жәрдем; 2) жеңіс, табыс; 3) эн-Наср (Құранның жүз оныншы сүресінің аты).

نصرانى **нәсрани** Християн дініндегі адам.

نصيب **нәсиб** Нәсіп 1) сыбаға, үлес, бөлік; 2) тағдыр, сәт.

...Әділсіз адал малын тартып алып,
Дейді екен: «құдай бізге *нәсіп* еткен»
(С. Торайғыров).

نصيحت **нәсихәт** Насихат 1) кеңес, ақыл, 2) өсиет, уағаз. Көбінесе мұндай ессіздердің *нәсихаты* тәсирсіз болады *(Абай).*

نظام **низам** 1) тәртіп, заң, жан, жүйе, система; 2) құрылыс (қоғамдық), режим; 3) регламент; 4) устав. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рүшдиялар салынып, жаңа *низамға* айналған *(Абай).*

نظر **нәзәр** Назар 1) көру, назар, көз; 2) қарау, көзқарас, жүз аудару, көз тастау, көз тігу; 3) көз ату; 4) елестеу; 5) қарау.

...Ойласқандай менімен
Сарыла *назарды*
(І. Жансүгіров).

نظارة **нәззәрәт** Назарат 1) көрушілер, кино көрушілер; 2) көзілдірік.

نظم **нәзім** Назым 1) өлең жазушылық; 2) өлеңдер, поэзия.

...Жан достым, бір-екі ауыз *назым* жаздым,
Көргенде босасын деп жүйе-жүйең

(С. Торайғыров).

نفر **нәфәр** 1) бір я бірнеше кісі; 2) әскер, солдат, қатардағы.

نفرت **нәфрәт** Жиренушілік, сүйкімсіздік, жексұрындық.

Жамандық көрсең *нәфритлі,*
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибратлі,
Оны ойға жисаңыз

(Абай).

نفس **нәфс** Нәпіс 1) жан; 2) қан; 3) адам; 4) *грам.* жақ; 5) ниет, ой, тілек, ықылас, әуес, ынтымақ, құмарлық, шабыт, зауық; 6) еждағат, ынта, жігер, құлшыну; 7) мақтаныш, абырой; 7) мән, маңыз.

...Пайда, мақтан, әуесқой — шайтан ісі.
Кәне біздің *нәпсіні* тыйғаныңыз?

(Абай).

نفسی **нәфси** Нәпсі 1) рухани; 2) ішкі сезім, көңіл; 3) тілекке тисті, сезімдік, әуестік, ынтықтық, құмарлық, шабыт, зауық; 4) өзімшілдік.

نفع **нәфғ** 1) пайда, олжа; 2) игілік, жақсылық. Бұ хакимдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрді тауып, аспаннан жайды алып, дүниенің бір ше-

тінен қазір жауап тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы... баршасы *нәфиғлық* болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ *(Абай)*.

نفقه **нәфәқә** Нәпақа 1) шығын, жұмсау, тұтыну; 2) алимент.

...Арқадан ел қыдырып келіп жүрсің,
Дулаттың *напақасын* көріп жүрсің
(Нұралы).

نفل **нәфл** Нәпіл 1) қосымша істеу; 2) *діни*, қосымша намаз; 3) сыйлық, тарту, 4) табу.

نفير **нәфир** 1) топ; 2) жасақ, жәрдем, көмек; 3) керней.

نقد **нәкд** 1) сын, мінеушілік; 2) нақты ақша.

نقش **нәкш** Нақыш 1) сурет, безеу, әшекейлеу әдемілеу; 2) ойып жазылған жазу, ою. Мұнда өрнек *нақыс* есебінде тек қана тастан ойылған *(М. Әуезов)*.

نقصان **нүқсан** 1) кему, азаю; 2) жетімсіздік, кемдік.

...Дулаттың аруағын сыйламадың,
Біз *нұқсан* келер енді... ге
(Нұралы).

نقاط **нұқат** Нұқат 1) нокат, пункт, орын; 2) күзет орын; 3) тамшы, ұпай; 4) нокат (нүктенің көпше түрі). Оның гүлдей солған жүзі, мұздай қатқан қабағы, терең қайғылы көзі бір *ноқатқа* қадалып қалған секілді *(С. Сейфуллин)*.

نقطه **нүктә** Нүкте. 1) нүкте, орын; 2) күзет орны; 3) тамшы, очко, ұпай; 4) сылық тарту. Харыф жасап, *нүкте жоқ (І. Жансүгіров).*

نقل **нәқл** Нақыл 1) тасымалдау, тасу; 2) аңыз, көшірме; 3) аудару (тілден тілге); 4) аңызды көшірмені пайдалану; 5) дәстүр, салт; 6) афоризм.

Әпендім, ой жіберсең бұл бір ақыл,
Бұрынғы кәрилерден қалған *нақыл*
(С. Торайғыров).

نقلیه **нeқлия** 1) нақылға, дәстүрге, аңызға, дінге негізделген афоризмдер; 2) транспорт, тасымал құралдары. Бұл сөзіме *нақлия* дәлелім — жоғарыдағы жазылмыш есімдер *(Абай).*

نکاح **неках** Неке — қосылу, семья болу.

Күйеуін, құдарын жақсы силап;
Нәрсесін жөнелтетін ыңғай жинап,
Сембіге бүрсігүні жүк жөнелтіп,
Указной молда ертең *неке* қимақ
(С. Торайғыров).

نکیر **нәкир** 1) мойындамау, ұнатпау; 2) бекерге, теріске шығатын, белгісіз, келіспейтін, лайықсыз, жаман; 3) мүнкәр (нәкирді қара).

نمل **нәміл** 1) құмырсқа; 2) ән-Нәміл (Құранның жиырма жетінші сүресінің аты).

نهار **нәһар** Күндіз, күндізгі уақыт.

نهایت **неһаят** 1) шек, соңы, ақыры; 2) ақыр аяғын-

да. Ол ғылым құдретте ешбір *ниһаятсыз* ғылымында ғафләт құдретінде епсіздік және нашарлық жоқ *(Абай)*.

نهر **нәһір** Өзен, дария.

نهى **нәһи** Тыйым. Кей сабаз жаны *нәһи* орын табар *(Ақан сері)*.

نواب **нууаб** (наэптың көпше түрі).

نوبت **нәубәт** Нәубет 1) кезек, кезектесу; 2) қояншық ауру.

...Қақпанын хан Кененің келіп бастым,

Құрылған маған арнап *нәубет* екен *(І. Жансүгіров)*.

نوت **нәут** Күшсіздіктен, әлсіздіктен шайқалу, теңселу, ырғалу.

نوح **нух** *Діни*, пайғамбардың есімі, (Құранның жетпіс бірінші сүресінің аты).

نور **нур** Нұр, жарық, сәуле; 2) ән-Нұр (Құранның жиырма төртінші сүресінің аты).

Жаным, тәнім, тілегім — бәрі сізде,
Онан басқа ешнәрсе жоқ қой бізде.
Бір құдай тілегімді қабыл етіп,
Жақсылық *нұр* жауғызсын, жұртым сізге
(С. Торайғыров).

نون **нун** Нұн — араб алфавитіндегі жиырма бесінші әріптің аты.

نيت **нийәт** Ниет, ой, мақсат. Адал жүрек, ақ ниет жамандықтан қашқанға. *(І. Жансүгіров)*.

نيل **нил** Ніл — көк түсті бояу (синька), индиго; 2) Нил өзені. Даланы кесіп өтетін жұмсартылған бор-

пылдақ жол ғана *ніл* құйғандай боп көгілдір тартады *(Николаева).*

و

و **уау** о — араб алфавитінде жиырма алтыншы әріп.

уә Және, мен (пен), да (де), ал, бірақ тәрізді жалғаулықтардың ұғымын білдіреді де қосылмай бөлек жазылады. Мысалы: رجال و نساءِ еркектер және әйелдер немесе еркектер мен әйелдер; انت و انا сен және мен, яки сен де, мен де.

واجب **уәжіб** Уәжіп *діни*, шариғатта орындалуы қажет деп табылған борыш, міндет, бірақ парыз емес.

Тіл аузыңа сыймаған ақын болсаң,
Бір жылда «өтіп уәжіп» неше келер *(Ұлбике).*

وادی **уади** 1) аңғар, алқап; 2) кепкен арна, сай.

واعظ **уағыз** Уағызшы (діни үгітші).

واقعه **уақиға** 1) уақиға, факт, жағдай; 2) ұрыс, соғыс, қырғын, қырғын соғыс; 3) әл-Уәқиғат (Құранның елу алтыншы сүресінің аты). Солдат алу *уақиғасы* Итбайға оны толғандырарлық жаңа *уақиға* көрінген жоқ *(С. Мұқанов).*

واقعی **уақиға** 1) ақиқат, шын, анық болған; 2) реалистік.

واللّه **уаллаһи** Олда — алла атымен ант етемін, құдай ұрсын деу.

Құдайдан сұрағаным бірліктерің,
Бірліксіз түзетілмес тірліктерің.

Оллахи, өнер емес, анық өлім,
Құжірейген бір-біріне іріліктерің
(С. Торайғыров).

وبا **уәба** 1) оба, 2) қара оба; 2) эпидемия, (қауіпті жұқпалы ауру).

...Халқымды қай-қайдан ауру басып,
Оба кеп елді қойдай қырмады ма
(Жамбыл).

وبال **уәбал** Обал 1) сәтсіз нәтиже, күнә, айып, теріс қылық, ұятсыздық, кесір; 2) зиянды ауа райы, жарамсыз жағдай; 3) бәле, жауыздық; 4) зиян ауыртпалық, апат.

...Өзіме өз *обалым,* өзіме — сот,
Демеймін мен сіздерді адастырдың
(С. Торайғыров).

وبخ **уәббәхә** Кінәлау, сөгу, ұрсу, жеку, балағаттау, қарғау.

وتعالى **уәтәғала** *Діни,* алланың бір аты, өте биік, өте ұлы деген мағынада. Иман деген алла табарәк *уәтәғаланың...* бірлігіне... инанбақ! (*Абай*).

وجدان **уедждан** ұждан 1) ар, ұят, саналылық; 2) құмарлық, әуесқойлық, ынтықтық; 3) қоздыру, өршіту, қайнату, қыздыру; 4) интуиция, сезім.

Тоқтам қыл, билікті бер, мүшелерім!
Осыны *«ождан»* сүйер жатыр зарлап!..
(І. Жансүгіров).

وجدانی **уеджданн** 1) интуитивтік, сезімділік; 2) сезімге, ойға, санаға қатысты.

وجد **уәджід** 1) тынышсыздану, қозу, өршу, қызу; 2) махаббат; құмарлық, әуесқойлық, ынтықтық; 3) ашу, ыза, қаһр; 4) қуаныш, шаттық; 5) байлық.

وجود **уджуд** 1) болмыс, тұрмыс; 2) бар болу, болушылық.

وجه **уәджһ** 1) бет, жүз, шырай; 2) пішін, бейне, сыртқы көрініс; 3) тәсіл, үлгі; 4) себеп, негіз; 5) қатынас, мән, мағына; 6) алды, алдыңғы жағы; 7) жақ, бағыт, беталыс; 8) үсті; 9) түр, көп түрі.

وحی **уәхи** 1) ұғындыру, үйрету, дегеніне көндіру; 2) діни, діншілдердің ұғымынша құдайдың жебірейіл, періште арқылы пайғамбарға жіберген бұйрық-жарлықтары, хабарлары, ұсыныстары.

Түзде өліктей жатқанда,
Уахи сөзін қатты алла
(І. Жансүгіров).

ودود **уәдуд.** Сүюші, жаратушы, жақсы көруші. (Құдайдың көп аттарының бірі).

ورد **уерд** 1) қайнар, көз, бұлақ; 2) суат; 3) намаз, намаз оқу; 4) Құранның түнде оқылатын бөлімі, қысқа намаз; 5) салықтың төленгені туралы қолхаттар.

...Жай жүргенді *уерд* қылып,
Тыныш өлсеңші тегінде
(Абай).

ورق **уәрәқ** 1) жапырақтар, темекі жапырағы; 2) қағаз; күміс ақша, теңге ақша; 4) кітап беті.

وزارت **уизарәт** 1) уәзірлік (министрлік) дережесі; 2) уәзірлер мәжілісі (министрлер советі), кабинеті.

وزن **уәзін** 1) өлшеу; 2) өлең буындарының өлшемі, саны; 3) араб морфологиясында сөз өлшеу формасы.

Қуатты оттай бұрқырап,
Уәзінге өлшеп тізілген...

(Абай).

وزير **уәзир**, Уәзір (министр).

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,
Хан мен *уәзір* қарайды тамашаға

(Абай).

وزيرى **уәзири** Министрге, уәзірге тиісті, қатысты.

وسوسه **уәсуәсә** Уәсуаса 1) азғыру, арбау, алдау, еліктіру, қызықтыру; 2) тіксіну, қауіптену, қорқу.

...*уәсуәса*, жас қылжақтан аулақ мүлде,
Өткізді өмірін тыныш осы сұлу.
Шалмастан оқты көздің біреуі де

(А. Пушкин).

4

وصيت **уасийәт** Өсиет 1) өсиет; 2) жігер, ерік, жарлық, бұйрық.

...Өзінше о да *өсиет*.
Үйретеді хал-жайды

(І. Жансүгіров).

وطن **уәтан** Отан — туған жер.

Тобыңнан тойға ұласқан көрсін жан-жақ
Отанның шын ұлдарын, ел ерлерін!
Еркін ел, ерікті еңбек ерлері деп
Отырсын омырауларда — орден Ленин
(І. Жансүгіров).

وطنى **уәтани** 1) отандық; 2) ұлттық; 3) отаншыл.

وعد **уәғәдә** Уада, уәде 1) сөз беру, уәде беру; 2) қорқыту, сескендіру, қауіп төндіру.

Әуелі хақтығына жетсін көзің,
Сырт қылдым ғой үйретпек болып өзім.
Ертең ерте сол жерден жолықпаққа
Екеуі *уәде* байласып қойды сөзін
(Абай).

وعده **уәғдә** Уағда 1) сөз, уәде беру; 2) мезгіл, мерзім, срок. Өз ақылымнан басқаға... көнбеске. Кәміл *уағда* етілді!— дедім *(С. Торайғыров).*

وعظ **уәғз** Уағыз (діни жол) жобаларды, шәриғатты мұсылмандарға үйрету, ұқтыру, үгіттеу.

Қазір Тәңрі-ау!— Мұздайды қан,
Есіме аман өзіңді, суық көзді аязданған,
Салқын *уағыз* сөзіңді...
(А. Пушкин).

وعليكم السلام **уәғаләйкүм-үс-сәләм!** Оғалайкүмүссәләм — сізге де бейбітшілік (болсын)

Уәғәләйкүміссәлем, Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың Аума-төкпе заманда
(*Абай*).

وفا **уәфа** Опа, 1) дұрыстық, дәлдік, ниеті түзулік, адалдық; 2) төлеу; 3) толықтық; 4) атқару, уәдені орындау.

Дүниенің *опасызын* ойланбастан,
Өлгенше, қу бақырды қуарлаймыз
(*Табия*).

وفات **уәфат** Опат — өлім, қаза, ажал, ажалды оқиға.

Әкесі, шешесі де *опат* болған,
Сол үйде осы қыз ед қалған тірі
(*Т. Жароков*).

وقت **уәкт** Уақыт 1) уақыт, мезгіл, мерзім; 2) кез, кезең; 3) маусым.

Уақыттай өзі жүйрік мінеміз,
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз
(*Абай*).

وقف **уәкф** Уақып 1) қайырымды мақсаттар үшін белгіленіп берілген өсиетті мүлік, уақыф мүлкі; 2) тартып алынбайтын меншік.

...Меккеде *уақып* үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты
(*Абай*).

وقيف **уақиф** Уақып 1) байқаушы, бақылаушы; 2) қараушы. Сол жағына *уақып* болыңдар, әбден барды айтсын,— деді Құнанбай Майырға *(М. Әуезов)*.

وكتبه **уәкүтүбә** «Құдайдан» келген, «құдай» жіберген кітаптарға сену деген мағынада.

وكيل **уәкил** Уәкіл 1) сенімді, сенім берілген кісі; 2) жәрдемші.

Өкіл сөзді ағытты:
— Ей, еңбекші, еңбекші ел!..
(І. Жансүгіров).

ولايت **уилаят** Уәлаят 1) басқарма, басқару; 2) өлке, облыс, провинция.

ولكن **уәләкін** Бірақ та, әйтсе де.

Уалакин, кімде-кім... Кәмәлат табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені — көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды *(Абай)*.

ولى **уәли** 1) жақын, туысқан; 2) қорғаушы, қамқоршы, сүйеуші; 3) әулие.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт *уәлилердің* зар наласы...
(Абай).

وهم **уәһім** 1) түйсік, ырықсыз сезім; күдік; 2) елестеу, болмас іс, қиял; 3) болжам; 4) қате пікір, бос ой.

Ақсұлу мен Ғайша күні бойы *уайым-қайғымен* жөнді ас ішс алмады, кешке екеуі оңаша мұңдасып отырған үстіне бір жігіт кіріп келді *(Көбеев).*

ويل **уәйл** Бәле, қырсық, бақытсыздық, қайғы, қасірет, уайым.



ه **һи** һ — араб алфавитінде жиырма жетінші әріп.

هبالة **һәбаләт** 1) аңсыздық, абайламаушылық, албырттық; 2) кемақыл, ақыл-парасат кемдік, ақымақтық, нақұрыстық.

هجرت **һиджрәт** Һижрәт 1) қоныс аудару; қашу, эммиграция; 2) мұсылманша жыл есебі.*

هجو **һәжу** Ажуа 1) келекелеу, келемеждеу; 2) мазак, келеке; 3) сықақ, жала.

---

* Мұхамедтің Меккеден Мәдине қаласына көшіп барған күнінен бастап есептелінетін мұсылмандық жыл басы һижре, я һижрәт деп айтылады. Ол біздің жыл санауымыз бойынша 622 жылдың 16 июлінен басталады.

Исламда жыл, ай календарымен есептелінеді. Ол күн календарынан (қазіргі біздің календарь) жылына шамамен 11 күн қысқа болады, яғни бір жылда 354—355 күн болады. Сөйтіп, бізше 33 жыл ай календарымен есептейтін мұсылман елдерінде шамамен 34 жыл болып отырады. Солай болғандықтан, жаңа заман жылдарын мұсылман жылдарына аудару керек болса, одан мұсылман жыл есебінің 622 цифрын алып тастағанмен, одан мұсылман жылдары дұрыс шықпайды. Бұл екі түрлі жылдың бірі белгілі болса, соны пайдаланып, екіншісін табуға болады. Оған мысал келтірейік.

Жаңа заман жылын мұсылман календарына айналдыру үшін:

Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста,
Өзіне күндес шықса жол таласқан.
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан

(Абай).

هجوم **һүжүм** Шабуыл, ат қою, лап беру, лап қою. Мысалы, жауға һүжум, шабуыл жасау.

هدم **һәдім** 1) қирату, бұзу, талқандау, сындыру; 2) күшінен айыру, денсаулығына зиян келтіру.

هزل **һәзл** Әзіл әзілдесу; қалжыңдау.

Жарысқан, көкпар алған тарыс-тұрыс,
Ойнасқан, *әзілдескен,* алыс-жұлыс.
Топтанған отау жақта қыз-келіншек,
Естілер ду-ду әзіл, сылқ-сылқ күліс

(С. Торайғыров).

---

1) Жаңа заманның жылдарынан 622 цифрды алу керек. Мысалы, 1966 жылды аламыз: 1966—622=1344,

2) қалдықты 32-ге бөлеміз: 1344:32=42;

3) табылған айырымды қалдыққа қосамыз: 1344+42=1386.

Бұдан жаңа заманның 1966 жылы мұсылман жылының 1386 жылына сәйкес келетінін білдік.

Енді мұсылман жыл есебін жаңа заман жылына айналдыру үшін мысалға 1386 мұсылман жылын аламыз:

1) осы мұсылман жылдарын 33-ке бөлеміз. 1386 : 33=42;

2) шыққан айырымды көрсетілген жылдар цифрынан аламыз: 1386—42=1344;

3) Қалдыққа 622 цифрды қосамыз: 1344+622=1966

Мұсылманша жыл есебінің 1386 жылы жаңа заманның 1966 жылына тура келетіні осы есептерден анық көрінеді.

هلاك **һәләк** Әлек 1) апат болу, құру, жоқ болу, жойылу; 2) өлім, ажал.

Қыз жекей, келген жерден мінімді айтып,
Не жаздым мұнша *әлектеп* бір басымды...
(Ержан).

همزه **һүмәзә** 1) өсекші, жалақор; 2) әл-һүмәзәт (Құранның жүз төртінші сүресінің аты).

همزه **һәмзә** Әмзе 1) шаншу, түйреу; 2) грамматикалық дыбыс белгісі.

هوا **һауа** Ауа 1) атмосфера; 2) жел; 3) климат; 4) ауа райы; 5) керілік, еркелік, қиялылық. Теңіз жиегіне жақындаған сайын *ауа* өзгереді *(Бақбергенов).*

هود **һуд** 1) еврейлер, яһуділер; 2) Һуд (Құранның он бірінші сүресінің аты).

هوره **һәурә** 1) апат болу, құру, жоқ болу; ... 2) қауіп-қатер, қорқыныш.

Әуремін мен тыя
Дауың мен шарыңды
(Абай).

هوس **һәуәс** Әуес 1) құмарлық, елігушілік, әуесқойлық; 2) қиялылық, есуастық, делқұлдық. Бақытжан деген бір ұрт мінезділеу, қазақшылыққа көп *әуесі* жоқ, бір бет жігіт еді *(С. Мұқанов).*

هوى **һәуән** 1) сүйіспеншілік, махаббат, құмарлық, әуесқойлық, ынтықтық, әуестену, қызығу; 2) елес, көрініс, қайрандық, керілік, еркелік. Бұл тәркі дүниелік... *һәуа*

һәуастан әрбір арзуи нәпсіден суынып, ғәдаләт, марқамат махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпен болса керек (*Абай*).

هيئت **һәйәт** 1) бейне, қиянат; 2) форма, түр, құрылыс, қалып, үлгі; 3) сыртқы түр, келбет, сымбат; 4) құрам; 5) аспан әлемдерінің қимылы туралы ғылым.

هيبت **һәйбәт** Айбат 1) қорқу, үрей; 2) құрмет, қадір; 3) адамгершілік; 4) мәртебе, бедел.

Паровоздай қайратты ерлер. Зеңбіректей *айбатты* ерлер (*І. Жансүгіров*).

ى

ى **я,** й — араб алфавитінде жиырма сегізінші әріп.
يا **я** Шақыру шылауы.
يا الله! **я аллаһ** Я алла, алда!
ياقوت **якут** Жақұт, яхонт (асыл тас)

Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ,
Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.
Болғанда көзің *жакут,* етің торғын,
Қасың-ай, шашың-жібек, мамық тамақ
(*С. Торайғыров*).
Мәскеуде пұлы қымбат алдым жақұт
(*Ержан*).

يس **ясин** (Құранның отыз алтыншы сүресінің аты). Әншейін-ақ қасына сүре танитын сопысымақ

сұмырайларды жинап алған, қырық мәртебе *ясин* шулатып шыққызып, әр шыққан сайын, түрегеліп азан, тәкбір айтып... жатыр *(С. Торайғыров)*.

يتيم **ятим** Жетім 1) жетім бала; 2) өзіне теңі жоқ, уникум.

...Аударып төңкерді де елін жеді,
Демеді мынау нашар, мынау *жетім*
(С. Торайғыров).

يشب **яшб** Яшма (түсті кварц минералы).

يعنى **яғни** Ол алтауының бірі — хаят, яғни тірлік *(Абай)*.

يغفر **юғфәр** Кешірімді.

يغفر الله **юғфәр-ү-аллаһ** Жағыпар алла, кешірімді алла.

يقينى **якини** Шын, айқын.

يكى **яки** Яки, әлде, не, немесе.

...Соққы жеген қаншадан,
Дауасы *яки* қонбай ма?
(С. Торайғыров).

يوم **яум** 1) күн; 2) тәулік; 3) уақыт.

يهود **яһуд** Еврей, еврейлер.

يهودى **яһуди** еврейлік (иудейский)

* * *

КІСІ АТТАРЫ

ı

ابد ، ابدى ، **әбәд** Әбәди, Әбді, Әбет, Әпет—мәңгі шексіз.

ابراهيم **Ибраһим** Ыбрайым, Ыбырай, Ибрағим (тәуратша — Абраам). (Құранның он төртінші сүресінің аты). *Діни* аңызда ол Палестинадағы еврейлердің пайғамбары болыпты-мыс. Ибраһимның Сара деген әйелі қартайып, бала таппаған соң, күйеуін Ажар (тас, тәуратша — Агарь) деген күніне өзі үйлендіреді. Одан Исмағил (Ысмайыл, тәуратша — Самуил) деген бала туады. Сара күндесіп, Ажарды баласымен сахараға қуып жібереді. Шөлдеп жылаған баланың өкшесі тиген жерден су шығады. Оны зәмзәм (мол, молшылық) деп атаған. Меккеге барған қажылар ол суды «қасиетті» деп сатып алатын болған.

Құдайдың кереметінен 90 жасқа келген Сара ұл табады. Оның атын Исхақ — Ысхақ (тәуратша — Исаак) қояды. Құдай Ибраһимды сынау үшін, Ысхақты құрбанға шалуға талап етеді. Ибраһимнің баланы құрбанға шалуға пышағы өтпейді. Ол ашуланып пышақты лақтырып жібереді, пышақ жанында жатқан қара тасты қақ жарып түседі. Сол кезде құдай көктен көк қошқар түсіріпті-міс. Сөйтіп құрбандық ислам дініне дейін басқа

халықтардада (еврейлерде) болған ырым екенін көреміз.

Осы Ибраһимды қылмысты деп тауып, Намруд деген патша терең суға лақтыртқан екен. Оны ажалдан Жебрейіл періште сақтап қалыпты-мыс.

Діни аңызда Мұхаммед «пайғамбар» сол жебірейілден сенің сасқан кезің болды ма деп сұрапты-мыс. Сонда ол 3 рет сасқанын айтыпты-мыс: бірінші, Ибраһимды Намруд отқа лақтыртқанда (отты сөндіру керек деген құдайдың жарлығы кешігіп келді, сонда да үлгірдім); екінші, Ысхақты бауыздарда, пышақ оның тамағына таяныл қалып еді, бірақ мен сол пышақты ұстап үлгірдім, үшінші, Юсупты дұшпандық еткен ағалары құдыққа тастағанда, оны суға жеткізбей ұстап, аман қалдырдым депті-міс.

Сөйтіп, Ибраһим Сара, Исхақ туралы аңыздардың түбі жалған болса да, сол заманның халқына кең таралған. Бұл миф христиан, ислам, тағы басқа діндерде көп айтылады.

ابو **Әбу** Әбу — әке, әкесі.

ابوبکر **Әбубикер** Әбубәкір, Әубәкір. Бикер 1) тұңғыш; 2) кіршіксіз таза, бұзылмаған, соны, тың, қыз сияқты деген ұғымды білдіреді. Әбубикер Мекkенің ірі байы. Ол Мұхаммедтің алғашқы достарының бірі және қайын атасы (Мұхамедтің ең кіші тоқалы Ғайшаның әкесі). Ол Мұхаммед өлісімен мұсылмандардың бірінші халифасы (қаны) болып сайлаусыз тағайындалды. Қарт

Әбубикер бар болғаны екі жыл (632—634) халифа болды да қайтыс болды.

ابوعلى ابن سينا Әбу-Ғали ибн-Сина, Әбуғали-Сина (980—1037) Орта Азияның асқан ғалымы. Ол Бұхара қаласының маңындағы Афшаны қыстағанда туған. Тұңғыш рет дәрігерлік кітап жазған кісі. Фәлсәфа кітаптарында Платонның жүйесіне қарсы тұрып Аристотель қисындарына бейімделген. Европа жұрты оны Авиценна деп атайды. Қазақ әдебиетінде Әбуғалидің аты көп жырланған.

ابى **Әби** Әби — тәкаппар, паң.

اثبات **Исбат** Ыспат 1) растық, куәлік, дәлелдеуі; 2) дәлел.

اثيل **Әсил** Әсіл 1) ескі, көне, ертедегі; 2) текті атақты.

اثمد **Исмид** Ісмет — сүрме.

اجمة **Әжәмәт** Әжімет — шатқал, қалың; тоғай, орман.

احد **Әхәд** Ақат — бірлік, бір.

احدالله **Әхәдұлла** Ақатұлла — жалғыз құдай, бір құдай.

احسان **Ихсан** Ықсан 1) жақсылық, қайырымдылық; 2) қайыр, садақа.

احمد **Әхмәд** Ахмет 1) мақтаулы; 2) Мұхаммедтің лақап аты.

احمدالله **Әхмәдулла** Ақметұлла мақтаулы құдай, құдайды мақтау.

احمدى **Әхмәди** Әхмади (мұсылмандар).

اخوى **Әхәуи** Ахауи (туысқан, бауыр, ағайын).

اخويه **Әхәуия** Ахауия (туыстық, бауырластық, ағайындық).

ادريس **Идрис** Ыдырыс («пайғамбардың» аты).

ارباب **Әрбаб** Арбаб 1) құдай; 2) мырза; 3) тақсыр; 4) ие, қожа; 5) басшы, бастық.

اريب **Әриб** Әріп 1) қабілетті, икемді, тәсілқой, зерек, түсінгіш, аңғарғыш; 2) епті, шебер.

ارسطالس **Әристалис** Аристотель (384—322). Ол біздің жыл санауымыздан бұрын болған, юнан (көне грек) философы, данышпан аталған ғалым. *Аристотель* Афинада Сократтан 20 жыл оқып, ол өлген соң Македония патшасы филипп ІІ-нің баласы Александрдың (Ескендірдің) ұстазы, тәрбиешісі болған. Абай *Аристотельдің* атын «Ескендір» дастанында қолданады.

اسحق **Ысхақ** Исхақ. Ол Құранның аяттарында бар есім (Ибраһимды қара).

اسد **Әсед** Әсет — арыстан (шоқжұлдыз); арабша июль айының аты.

اسرائيل **Исраил** Ысырайыл (орысша Израиль); бәни ысырайыл — еврейлер.

اسفار **Әсфар** Асфар діни, әулие қасиетті, діни оқу.

اسكندر **Ескәндәр** Ескендір, Іскендір (Орысша Александр). *Ескендір* Зұлкарнайын (Зұлкарнайын деген арабша екі мүйіздің иесі деген сөз) — Александр Македонский (356—323) Македония шәһарында болған филипп ІІ патшаның баласы, христиан дінінде болған, Аристотельдің шәкірті. Бұрынғы Персияны, бүкіл Таяу

шығысты түгел жаулап, Орта Азияны өзіне қаратып, Индияны ала алмай, кері қайтқан бетінде Бәбіл (Вавилон — көне Мысыр) қаласының жанындағы ордасында 33 жасында безгектен қайтыс болған ұлы қолбасшы, жиһангер. Ол — пайғамбар да, әулие де, мұсылман да емес, қатал қолбасшы. Көңіліне ұнамаған өзінің жан жолдастарының басын алып, зынданда шіріткен, қалаларды өртеп жоқ қылған. Оның жорықтарын Низами, Науаи жырлаған. Абай да «Ескендір» деген дастан жазған.

اسماعيل **Исмағил** Исмағыл, Смағыл, Ысмайыл. Бұл ат Құранда да кездеседі.

آسيا **Асия** Әсия — емдеуші әйел, дәрігер әйел.

اصيل **Әсил** Асыл 1) асыл, бекзада; 2) асыл тұқым; 3) дұрысы, нағыз; 4) табиғи, туысқан. Асыл — тастан, ақыл — жастан (мақал).

آطام **атам** Атам 1) мұнара, күмбез; 2) бекініс.

آفاق **афақ** Апақ — әлем, нұр, жарық.

افلاطون **Ифлатун** Аплатон, Платон (жақсы есім). Платон (427—347) біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген, юнан (көне грек) жұртының рухшыл, идеялист философы, Сократтың шәкірті. Қазақша оны көбінесе «Аплатон» дейді.

اكرام **икрам** Икрам (құрмет, сый).

اكمل **әкмәл** Әкмал (аса толық).

اليف **әлиф** Әліп, дос, ашына, тамыр.

امير **Әмир** Әмір 1) әкім, бастық, басшы, басқарушы; 2) жарлық, бұйрық беруші, әмір етуші.

اميره **Әмирә** Әмира әмір қызы, әмірші әйел.

أمين Әмин Әмин 1) шын берілген, сенімді, адал, ең анық; 2) қауіпсіз, сәтті; 3) сенілген; 4) *діни*, аумин.

أمينة Әминә Әмина 1) сенімді, адал; 2) қауіпсіз, сәтті.

انسان инсан Ынсан — адам, әл-Инсан (Құранның жетпіс алтыншы сүресінің аты).

انسية үнсия 1) үйірлік; 2) сыпайы, әдепті; 3) жайдары, ашық жүзді; 4) көңілді, шат.

انوار Әнуар Әнуар — нұр, жарық, сәуле, Әнуар (нұрдың көпше түрі).

أيمان Әйман Айман — ант, серт.

إيمان Иман Иман — құдайға сену, илану, діншілдік наным.

أيوب Әюб Аюб (тәуратша Иов) өте сабырлы, Аюп — жалқы есім.

ب

Ш-4

بتخ бәтғ Батых — күш, әл, қуат.

بدر бәдр Бадыр — толық ай, тарихи қаланың аты.

بادرة бадірә Бадира 1) белгі, бастамашы, жаршы; 2) бірінші қадам, бірінші хабаршы, «қарлығаш», 3) екпін, жарқ ету.

بادي бади Бәди — бастаушы, бастама, талаптама.

بديعة бәдиға Бадиға 1) ғажайып жаңа бір нәрсе, сирек кездесетін; 2) өнер шығармасы.

بدين бәдин Бәдин сымбатты, келбетті, толық.

بذل бәзл Бәзіл — сый, тарту, сыйлық.

بارز баріз Барыз 1) шығып тұру, ілгері созылу, со-

райып тұру, дөңес, бұдыр; 2) ашық, айқын, көзге түсетін, жарық, жарқын; 3) көрнекті.

براق **бұрақ** *Діни* аңыз бойынша Мұхаммедтің Меккеден Иерусалимге түнгі сапар шыққанда мініп барған түйесі.

براق **бәррақ** Барақ жайнаған, жарқыраған, жанып тұрған; жарқыраушы, нұр шашушы; жарқырау, жалтырау.

بازان **базан** Базан — бассейн, су алабы.

بأس **баәс** Байыс 1) құдірет, күш, қуат; 2) батырлық; жүректік; 3) жауыздық, зиян.

بش **бәшш** 1) күлімдеуші, жымиюшы; 2) ашық жүзді, жайдары, көңілді.

بشر **бәшәр** Адам, адамзат, адам баласы, адамдар.

بشير **бәшир** Бәшір 1) қуанышты хабар жеткізуші; 2) хабаршы, жаршы.

بصيره **Бәсирә** Бәсира 1) ақыл, ес; 2) саналылық; 3) көрегендік, көргіштік, болжағыштық.

بطش **бәтш** Бәтеш қуат, күш.

بقاء **бәка** Бақа 1) ұзақтық; 2) мәңгілік; 3) амандық, түгелдік, сақтаушылық; 4) болу, мекендеу, тіршілік, өмір.

بكر **бәкр** Бәкір бота, жас түйе;

بالغه **балиға** Есейген, ержеткен қыз.

باهر **баһер** Баһир 1) жайнаған, жарқыраған, ең жақсы; 2) әдемі, сұлу.

برهان **бүрһан** Бұрқан — дәлел, айғақ, ыспат.

بياض **бәяз** Баяз — ақ, ақтық, шаңқай боз.

ت

تائبی **таәби** Тәби(ев) мақтаныш, абырой, тәкәппар, астамшылық, пандық.

ترس **түрс** Тұрыс(бек) — қалқан.

تسبیحه **тәсбиха** Рухани өлең, гимн (салтанат өлеңі).

تشدید **тәшдид** Тәштит(ов) 1) күшею күшейту, нығайту, араб грамматикасында — тәшдид, тәштит (қос әріпке қойылатын белгі).

تقاوی **тақауи** Тақауи — тұқым, ұрық.

تقویه **тақуия** 1) нығайту, күшейту; 2) талап, талаптану, ниет, мақтап дем беру, қызықтыру; 3) сүйеу, қолдау, қуаттау, қолғабыс ету, көмек, жәрдем.

تنزیله **тәнзила** Өңдеу, безеу.

تائب **таиб** Тәйіп 1) тәубе қылушы, өкінуші; 2) кешіруші, ғапу етуші.

توءامن **тәуәмән** Тауман — егіз.

ث

ثابت **сәбіт** Сәбит 1) табанды, тұрақты, берік, тайсалмайтын; 2) сөзсіз, даусыз.

ثور **сәуір** Сәуір (бай) — торпақ (шоқжұлдыздың аты арабша апрель айы).

ج

جبار **Джәббар** Жаппар құдіретті, күшті (құдай).

جباس **жәббас** Жаппас — сылақшы, сылаушы.

جبل **джәбәл** Жабал — тау.

جاثيا **Джасия** Жәсия 1) тізе бүгу, бас ию, табыну, сыйыну, тәжім ету; 2) әл-Жасия (Құранның қырық бесінші сүресінің аты).

جديره **джәдирә** Жадыра — тұрарлық, лайықты.

جعفر **Джағфәр** Жағпар, Жағыпар 1) жылға, өзеншік; 2) жағфар *(жалқы есім)*.

جليد **Джәлид** Жәлит 1) берік, шыдамды, төзімді; 2) аяз, мұз.

جلال **Джәлал** Жалал 1) ұлылық; 2) әсемдік, асқан әдемі, жарқын (құдайдың теңеуі).

جليل **Джәлил** 1) үлкен, алып; 2) ұлы, маңғаз, сәулетті, даңқты; 3) атақты, ақ сүйек, қадірлі, құрметті (еркек).

جليله **Джәлилә** Жәлила — ұлы, маңғаз, даңқты, құрметті (әйел).

جولاه **джолаһ** Жолей — тоқушы.

جديل **джәдил** Жәділ — шілтер.

جديله **джәдилә** Жадила — бұрым.

جمش **джәммәш** Жәмеш — құттықтау, еркелету.

جمال **джәмал** Жамал 1) сұлулық, көркемдік; 2) сүйкімді, шырайлы, сүйкімділік. *Жамалың* жалпы әлемді таңырқатып (Науан).

جمالى **джәмали** Жамали — сұлу, көркем, сүйікті, шырайлы.

جميل **джәмил** Жәмил 1) әдемі, сұлу, өте әдемі, өте сұлу, сүйкімді, шырайлы, тартымды; 2) шапағаттылық, ізгі іс, сыпайы (еркек).

جميلة **джәмилә** Жәмила — әдемі, сұлу, сүйкімді, шырайлы, тартымды, өте әдемі, өте сұлу (әйел).

جامع **джамиғ** Жәми 1) жинаушы; 2) қосушы, біріктіруші, бірлестіруші; 3) Жәми — атақты парсы ақыны. Ол кісіні Әлішер Науаи аса сыйлаған, өзінің ұстазы деп санаған. Жәмидің есімі қазақ әдебиетінде белгілі.

جنادل **джәнәділ** Жанеділ 1) тас; 2) күз, босаға тастар.

جمان **джұман** Жұман — інжу.

جنان **джәнан** Жанан — жүрек, жан, тайсалмайтын ер.

ح

حامی **Хами** Қами — қорғаушы, жақтаушы, сүйеуші.

حامد **Хамид** Хамид, Қамит — мақтаушы, шүкірлік етуші.

حاتم **хатим** Атым, Атам — жомарт, мырза, қолы ашық, сақы, сахи деген сөз. Ол бір бәдеуидің және арабтың Тай деген тайпасының аты. Осы сөздерден Атымтай деген есім шыққан. Сөйтіп, жомарт болсаң Атымтайдай бол деп, мақал болып кеткен.

حبيب **хабиб** Әбиб, Қабиб, Хабиб 1) дос, сүйікті, тамыр, ашына.

حبيبة **хәбибә** Әбиба — дос, сүйікті әйел.

حريف **хәриф** Әріп 1) жолдас; 2) серік.

حسن **Хәсән** Асан, Қасан, Қасен, Хасан 1) сұлу, көркем; 2) жақсы; 3) жалқы есім (әзірет Әлінің баласының аты).

حسن **Хусін** Үсен, Құсен, Хұсен 1) сұлулық, әдемілік, көркемдік; 3) жақсы сапа.

حسان **Хисан** Қисан(ов) 1) сұлу, өте сұлу, жақсы, өте жақсы (хасанның көпше түрі).

حسين **Хүсәйн** Құсайын, Хұсайын тарихша мұсылмандарға төртінші халифа болған Ғалидың (әзіретәлі) баласының аты (Ғалиды қара).

حشيم **хәшим** Әшім — қадірлі, құрметті.

حظيظ **хәзиз** Әзиз, Қазиз — бақытты.

حفار **хәффар** Қаппар 1) қазушы, 2) оюшы.

حافظ **хафиз** Қапиз, Абыз 1) күтуші, сақтаушы; 2) құранды жатқа білуші...

حافظه **хафиза** Ес, естілік хат.

حفي **хәфи** Әпи 1) жақсы білетін, хабардар, мәліметті; 2) ілтифат, құрмет көрсетуші, 3) білгір, білгіш, жетік.

حق **хәққ** Ақ (баев) 1) нағыз, ақиқат, дәл өзі; 2) шын, дұрыс, түзу, әділ; 3) хақ (құдайдың аттарының бірі).

حق نظر **хәққ** Нәзәр, Ақназар — көруші құдай, құдай назары.

حكمت **хиқмет** Хикмет 1) даналық; 2) даналық нақыл; 3) медицинаны, емдеуді білу.

حماد **хәммад** Хаммат — дәріптеуші, даңқын шығарушы.

حمرا **хәмра** Қамра, Әміре — қызыл (әхмардың көпше түрі).

حماس **хәмас** Қамас — жігерлілік, қайраттылық, рухтылық, мақтану, мәз болу, үлкен шаттық, зор сүйініш.

حميد **хәмид** Хамит 1) мақтаулы, мақтауға тұрарлық; 2) Хамид (жалқы есім).

حميده **Хәмидә,** Хамида хамидті қара.

حميدالله **Хәмидұлла** Хамидұлла — мақтаулы құдай.

حميه **хәмия** Хамия 1) жалын, албырт, ынта; 2) Паңдық, асқақтық.

حنيف الدين **хәниф-ұд-дини** Ханифұддин — нағыз, ақиқат, шын мұсылман.

حنيفه **ханифа** Әнипа, Ханифа — шын, ақиқат, нағыз мұсылман әйел, Ханифа (ислам дінінде Абу-Ханифа бастаған бағытты жақтаушы мұсылман, ханифит).

حنفيه **Хәнәфия** Әнафия, Қанапия, Ханафия — су краны, ағызатын тесік, ауыз. *Діни*, ханифизм (учение Абу-Ханифы).

حوريه **хурия** Үрия — шығыс мифологиясы бойынша ұжмақ қызы, үрдің қызы.

حيدر **хәйдәр** Айдар, Хайдар — арыстан.

حياد **хияд** Қият 1) бейтараптық, бейтарап, қалыс қалу; 2) дұрыстық, әділдік.

خ

خبير **хәбир** Хабир 1) білетін, хабардар, білгір; 2) маман, сарапшы.

خبيره **хәбира** Хабира — білгір әйел.

خبيصه **хәбиса** Хабиса (тәтті тағамның аты).

خزينه **хәзинә** Қазина 1) асыл, қымбат, қойма; 2) қазына.

خاصره **хәсира** Қасира — бел, бүйір.

خاطره **хатирә** Қатира — ой, идея, сана.

خالد **халид** Халит — мәңгі өлмейтін, өлмес.

خالده **халидә** Халида (Халидті қара).

خليط **халит** Халит 1) жолдас, тамыр, ашына; 2) араласқан, аралас.

خالق **халық** Халық — жаратушы (құдай).

خليل **хәлил** Халил 1) сүйікті; 2) дос, тамыр, ашына.

خليله **хәлилә** Хәлила сүйікті, көңілді әйел.

خميله **хәмилә** Қамила — ну, қопа, қалың ағаш.

خوجه حافظ **Ходжә** Хафиз, Қожа Хафиз Құранды жатқа білетін ұстаз хожа Хожа Хафиз (1889 жылы қайтыс болған) парсы халқының ұлы ақыны. Абайдың жас кезінде көп оқыған кісілерінің бірі — осы Қожа Хафиз.

خير الله **хәйрүлла** Хайрүлла — құдайдың мейірімі.

د

دريه **Дүррия** Дүрия (матаның аты) 1) жарқын, жарқыраған, жалтылдаған; 2) жайнаған, жанып тұрған.

دشن **дәщән** Дащан 1) арнау, құрметтеу, дәріптеу; 2) салтанатты ашу, айрықша атау.

داليا **далия** Дәлия — гүл, георгин (гүлдің бір түрі).

دميرا **дәмирә** Дәмира — тасқын су, судың тасуы.

دهش **дәһеш** Дәйш — таңырқаған, аң-таң қалған.

داهيه **даһия** Ақылды, есті адам, үлкен ақылды, көрнекті ақыл.

داود **Дауид** Дәуіт — тау. Дін аңызынша Дауид Сүлеймен пайғамбардың әкесі-міс (Сүлейменді қара).

دیار **Дияр** 1) пәтер, пәтер үй, ғимарат; 2) ел, жұрт, халық (дардың көпше түрі).

دیر **дәйр** Дайыр — монастырь.

ذ

ذخیره **зәхирә** Зехира, Зағила 1) қазына, асыл, қымбат; 2) қасиетті; 3) қор; 4) оқ — жарақ.

ذریه **зүррия** Зүрия — балалар, әулет, жұрағат.

ذاکر **закир** Закір 1) еске алушы; 2) діни дұғалар оқып, құдайды мақтаушы.

ذاکره **закирә** Зәкира (зәкирді қара).

ذکریه **Зікірия** 1) есте қалған; 2) еске түсіру, есте ұстау; 3) зікірия — діни жалқы есім.

ذکی **зәки** Зерек, ақылды, қабілетті, өткір.

ذوالقرنین **зу-л-кәрнәйн** Зұлқарнайын — арабша Александр Македонскийдің, яғни Ескендірдің лақап аты. Бұл сөз ол «екі мүйіздің» иесі, «екі мүйізді» деген сөз. Өзі мұсылман болмаса да, Ескендірдің құранда пайғамбарлар қатарында аты аталған (Ескендірді қара).

ر

ربیعه **рәбиғә** Рабиға 1) көктем, көктем кезі; 2) шөп; 3) жолдас, ашына.

رجب **рәжәб** Ражап, Ережеп — ай календары бойынша арабша жетінші айдың аты.

رحمن **рәхмән** Рахман, Рақыман 1) рақымды, қайрымды, мейірімді (құдайдың бір аты); 2) әр-Рәхмән (Құранның елу бесінші сүресінің аты); 3) Рәхмән — ис-

ламнан бұрынғы арабтың көп құдайларының біреуінің аты; оның алламен қатар айтылатыны Құран сурелерінің басында кездеседі; мұсылмандар бір нәрсеге кірісқенде «бисмиллаһерәхмән» деп бастайтыны сондықтан.

رحمة الله **рәхмәтұлла** Рахматұлла — қайырымды, мейірімді, шапағатты құдай. Мұсылмандар намаз үстінде отырып, екі иығына кезек қарайды да, «рахматұлла» деп сәлем беруі; бұл сол «рахимды» құттықтау, қошаметтеу, жалыну мағынасында.

رحيم **рәхим** Рақым — қайырымды, мейірімді, рақымды, кіші пейілді, ізгі ниетті, шапағатты (құдайдың бір аты).

رحيمه **рәхимә** Рахима — нәзік, сазды үнді, сарынды (дауыс жөнінде).

رزاق **рәззақ** Разақ, Оразақ — өмірге ризық беруші (құдай береді деген діни мағынада, құдайдың көп атының бірі).

رسول **рәсул** Расул 1) елші, уәкіл; 2) эмиссар (құпия тапсырмалы уәкіл); 3) расул, пайғамбар; 4) алғашқы хабаршы.

رسيل **рәсил** Расіл 1) жіберілген елші; 2) сүнемелдеуші (үн қосу үшін).

رش **рәш** Рәш — сіркіреп жауған жауын.

رشيد **рашид** 1) саналы; 2) есті, ақылды; 3) ержеткен, ересек; 4) тура жолмен жүруші; 5) жүректі, батыл, батыр.

رشاد **рәшад** Рашад 1) саналы, саналылық, 2) естілік ақылдылық.

رشيده **рәшидә** Рашиде 1) дұрыс, түзу; 2) таза, сана есті, ақылды; 3) бойжеткен.

رشيق **рәшиқ** Рашық 1) әсем, көркем, сымбатты, мүсінді, сәнді; 2) қызу, өткір.

رشم **рәшм** Рәшім — *діни,* ата-аналық өкіл белгісі, нышаны.

رضيه **рәзия** Разия 1) жағымды, ұнамды; 2) риза, разы; 2) сүйкімді, сүйікті.

رغيبه **рәғибә** Рағиба — арман, тілек, арман еткен бұйым.

رفيق **рәфик** Рафиқ, Рәпық 1) серік; 2) серіктес, жолдас; 3) дос; 4) көңілдес.

راقصه **рақисә** Ракиса — биші әйел.

رقيه **рұқя** Ұркия 1) жалбарыну, сиқыр, арбау; 2) асқан сүйкімділік, еріксіз, тартатын күш.

رمى **рәми** Рами — мерген, лақтырушы, көздеуші.

رمزيه **рәмзия** Рамзия — символ (белгілі бір идеяны білдіретін әрекет, зат, бейне).

رمضان **рәмәзан** Рамазан — арабша ай календарының 9-ншы айының аты; *діни,* ораза айы.

روشن **рәушән** Рәушән 1) нұрлы, сәулетті, нұр сәулесі; 2) сәуле түсетін терезе, тесік.

روضه **рәуза** Рауза — бақша, гүл бақшасы, көгал.

رئيس **рәис** Райыс — басшы, председатель, бастық.

رائيه **Рәәя** Жалау, ту.

ريحان **рәйхан** Райхан — хош иісті жасыл гүл (базилик).

ریشة **ришәт** Ришат 1) қауырсын қалам; 2) қыл қалам (бояу жаққыш).

ریق **рәйиқ** Райық 1) гүлдену; 2) жарқырауық; 3) сұлулық, көркемдік.

ریم **рәйм** Райым — сақтап қою, қалдыру.

ریمه **Римә** Рима 1) жалқы есім; 2) көбік; 3) сарқыт; 4) қақ (темірдің қағы).

ز

زکریه **Зәкәрия** *Діни*, жалқы есім.

زاهر **заһир** 1) жарқыраған, жайнаған, жарқын, жарық; 2) гүлденген, өте әдемі.

زهره **зәһрә** Заһра 1) түр, түс; 2) гүл.

زهره **зүһрә** Зұһра — жарқын, жалтыр, шолпанжұлдыз (Венера), кемеліне жеткен.

زائد **зәид** Зайт 1) өсуші, көбею, артушы, үдеуші, 2) қосымша, үстеме; 3) артық; 4) үлкен, шамадан тыс.

زائده **зәйдә** Зайда 1) артық; 2) қосымша.

زیتونه **зәйтунә** Зәйтунә 1) жалқы есім; 2) зәйтун ағашы (Оливковое дерево).

زیاده **зияда** 1) ұлғаю, көбею, арту; 2) қосу, ұстау, үстеме.

زین الله **зәинұлла,** Зейнулла — құдайдың әдемі жаратқаны.

زینت **зиннәт** Зиннат 1) әдемілеу, безеу, әшекейлеу; 2) жарықпен әдемілеу, жарқырату.

زینب **зәйнәб** Зейнеп (жалқы есім).

س

سبيبه **сәбибә** Сәбиба — бұрым, бір бұрым шаш.

ستار **сәттар** Саттар 1) панашы, қорғаушы; 2) кетірүші (құдайдың теңеуі).

سداد **сәдад** Сәдат 1) дұрыстық, туралық, саулық; 2) дұрыс мағына; 3) төлеу.

سرمد **сәрмәд** Сармад — мәңгі, мәңгілік.

سرى **сәри** Сари 1) атақты, мейірман, асыл; 2) ақ сүйектер уәкілі, ақ сүйек.

سعد **сәгд** Сәт — бақыт, табыс.

سعادت **сәғадәт** Сағадат 1) бақыт, амандық, табыс, 2) жоғары мәртебелі.

سعدى **сәғди** Сағди — бақытты, табысты, сәттілі. Сағди (1184—1291) парсының ұлы ақыны. Ол Бағдатта Низамия Академиясында оқыған, «Гүлстан», «Бостан» деген дастандар жазған. Абай Сағдидың ғазалдарын көп оқыған.

سعيد **сәғид** Сағид, сағит 1) бақытты, қолайлы, сәтті; 2) аман-есен.

سعيدالله **сәғидұлла** Сағидұлла — құдайдың бақыттысы (бақытты еткені).

سفر **сәфәр** Сапар 1) саяхат жасау, жиһан кезу; 2) жорық, жүріс.

سليقه **сәлиқә** Салиқа 1) табиғат, айналадағы дүние; піскен ас, сорпа; 2) бейімділік, табиғи ақыл 3) интуиция.

ساكن **сакін** Сәкен 1) тыныш, ақырын, жай, бәсең; 2) қимылдамай тұратын; 3) дауыссыз әріп; 4) тұрғылықты.

سالمه **сәлимә** Сәлима 1) бүтін, толық; 2) сау-сәлемет, сәтті.

سلامات **сәламат** Сәләмәт 1) бейбітшілік, тыныштық; 2) қауіпсіздік, амандық.

سلم **сәлім** Сәлім — бейбітшілік, тыныштық.

سليم **сәлим** Сәлім 1) сау, бүтін; 2) нағыз, шын, сау-сәлемет, аман; 3) азат.

سليمان **Сүләйман** (тәуратша Соломон), Сүлеймен — діни аңызда Дәуіт баласы. Біздің жыл санауымыздан 9—10 мың жыл шамасы бұрын өткен көне еврей жұртының патшасы. Ислам діні кітаптарында Сүлеймен пайғамбар деп аталады.

سامى **сами** Сәми 1) биік, асқар, сәулетті; 2) жоғары мәртебелі.

سامد **самед** Сәмет — басын жоғары ұстаушы.

سمعة **сұмғәт** Сұмғат 1) жақсы атақ; 2) атақ, мәртебе, аброй.

سنى **сәни** (хожа) 1) биік, жоғары, асқар; 2) айбынды, сәулетті; 3) өте биік, өте ұлы.

سيد **сәйид** Сейіт 1) Сәйид — өзінің тегін Мұхаммедтен деп есептеуші қожалар, ақсүйек мырзалар; 2) қожа, ие.

سيده **сәйидә** Сайда — ханша, ханым.

سيد على **Сәйид-ғали** Сейітғали — биік, жоғары мырза, ие, қожа.

ش

شدید **шәдид** 1) күшті, қуатты; 2) қатал, қатты, қатаң; 3) қиын.

شارده **шәридә** Шарида 1) ерекше, сирек; 2) жылт еткен пікір, ой; 3) өткенші.

شوری **шура** Шора, Шорай, Шора 1) кеңес, мәслихат, палата; 2) әш-Шура (Құранның қырық екінші сүресінің аты).

ششانی **шашани** Шашан — үлгі, өрнек, өнеге, байқап көру, сынап көру.

شاعر **шағир** Шағыр — ақын еркек.

شاعره **шағирә** Шағира — ақын қыз.

شاغله **шағилә** Шағила 1) болу, болушы, шұғылданушы; 2) іс, жұмыс, қызмет, кәсіп; 3) мәселе.

شرف **шәрәф** Шараф 1) намыс, ар, абырой; 2) құрмет, құрметтеу; 3) тегі атақты, атақтылық; 4) адамгершілік, бекзаттық.

شرف الدین **шәрәф-ұд-дин** Шарафуддин — дін құрметтісі, дінді құрметтеуші.

شرفی **шәрәфи** Шарафи — құрметті, қадірлі.

شرفیه **шәрәфия** Шарафия — құрметті, қадірлі әйел.

شریف **шәриф** Шәріп 1) атақты; 2) мейірімді; 3) Шәриф (пайғамбардың әулетінен деген атақ).

شریفه **шәрифә** Шәрифа — атақты, мейірімді, қайырымды әйел.

شف **шәфф** Шаф — мөлдір, тұнық, ашық, айқын.

شافع **шафиғ** Қорғаушы, қолдаушы.

شفيق **шәфик** Қайғыңа ортақтасатын, көңіл жұбатқыш.

شاكر **шакір** Шәкір — алғыс айтушы, құрметтеуші, қадірін білуші.

شاكيره **шакирә** Шәкира — алғыс айтушы, құрметтеуші, қадірін білуші әйел.

شكيم **шәким** Шәкім 1) күш, қуат; 2) мақтаныш, абырой.

شمسيه **шәмсие** Шәмсия — қол шатыр.

شامس **шамис** Шамис 1) күндей жарық; 2) қисық, қиқар, арыншыл.

شامل **шамил** Шәмил — бәрін тегіс қамтушы, толық, жалпы, әр жақты.

شميله **шәмилә** Жәмила — сапа, адамгершілік.

شاهده **шаһидә** Шаһида 1) дәлдікке, куәлікке жарайтын мәліметтер; 2) текстен үзінді, цитата; 3) сұқ саусақ; 4) көшірме; 5) құлпы тас.

شهم **шәһм** Шәһім, Шәйім — жау жүрек, жүректі, жасқанбайтын, қорықпайтын, айбынды, қажырлы.

شهيه **шәһия** Шәһия 1) тілек, ықылас; 2) шабыт, зауық.

شيق **шәйиқ** Шайық 1) күткен, үміт еткен, сүйікті; 2) әсем, көркем; 3) қызық, қызықты, жағымды, көңілді, басымды.

شيخ الاسلام **шәйх-ұл-ислам** Шейхислам — дін заңына, шариғатқа түсінік берушілердің басшысы.

ص

صبيحه **сәбихә** Сәбиқа — таңертең, таң.

صابر **сабыр** Шыдамды, төзімді, берік, табанды.

صابره **сабирә** Сабира — Шыдамды, төзімді, берік, табанды әйел.

صبغت **себғат** Сибғат 1) бояу; 2) түс; 3) мінез; 4) пікір, бағыт, діни жол.

صبغت الله **Сібғәтұлла** Сибғатұлла — құдай жолына бағыты мен пікірі дұрыстық.

صبيه **сабия** Жас қыз.

صاحى **сахи** Сақи 1) ашық, жарық, айқын, таза; 2) оянған, сергек; 3) қырағы; 4) есті.

صاحب **сахиб** Сақып 1)серік; 2) жолдас, дос, тамыр; 3) қожа, ие.

صاحب جمال **Сахиб-джәмал** Сақыпжамал — сұлулық иесі.

صحيفه **сахифа** Сахифа, Сақипа 1) бет (кітаптың), табақ (қағаздың); 2) газет, бюллетень; 3) бет, жүз, шырай, өң, түс.

صحو **саху** Сәку 1) таза, анық, мөлдір, тұнық; 2) анықтық; 3) сана.

صدر **садр** Садыр (бек) 1) көкірек, жүрек; 2) алдында, алда; 3) орталық; 4) құрметті орын.

صدق **седк** Сыдық 1) әділеттік, әділдік, туралық, адалдық; 2) рас, растық.

صديق **сәдиқ** Садық — дос, берілген, жан қияр дос.

صديقه **сәдиқә** Садиқа — дос, құрбы әйел.

صديق **седдиқ** Сыддық — әр уақытта шын айтушы, шыншыл.

صاغى **сағи** 1) тыңдаушы, ықыласты, ілтипатты.

صاغره **сағирә** Сағира — тіл алғыш, бас июші, құрметтеуші.

صغيه **сәғия** Сағия — құлақ салу, тыңдау, тыңдап алу, ақырына дейін тыңдау.

صفاح **саффах** Саппақ, Сапақ — кешіруші, ақ көңіл, кең пейіл, қайырымды.

صفر **Сафәр** Сапар — арабша ай календарының екінші айының аты.

صفى **Сафи** Сафи — сайлаулы, қалаулы, шын, адал, дос.

صالح **Салих** Салық 1) жақсы, игі, ізгі, мейірман; әділ, тақуа; 2) пайда, мүдде, жақсы іс, игілік; 3) Салах (жалқы есім).

صالحه **Салихә** Салиха 1) жақсы, игі, ізгі, мейірман әйел; 2) әділ, тақуа әйел.

صامد **самід** Сәмет — берік, мықты.

صمد **самәд** Самат 1) тұрақты, өзгермейтін, мәңгі; 2) шомбал, мықты.

صائن **саин** Сайн 1) сақтаушы; 2) қорғаушы; 3) қамқоршы.

صيدلى **сайдәли** Сайдалы, сейдалы 1) дәріхана, дәрідәрмек жасаушы; 3) дәріші.

صيف **сайф** Сайып — жаз.

ض

ضبير **забир** Қатты, табанды, күшті.

ضمير **замир** Замир 1) ар, ұят, ұждан; 2) ақыл, ой, ес; 3) құпия ой, пікір; 4) *грам.* есімдік.

ضياء **зия** Жарық, сәуле, шұғыла.

ط

طابيه **табия** Тәбия — қамал, бекініс, қорған (форт).

طفل **тафәл** Тапал — балалық шақ.

طالب **талиб** Тәліп 1) ізденуші; 2) оқушы, студент; 3) өтінуші.

طلعت **талғәт** Талғат 1) сыртқы түр, тұлға, келбет, мүсін, түр, бет, пішін, жүз; 2) шығу, амал табу; 3) биік, өр.

طلعت **тұлғәт** Тұлғат — білуге құмар, талапты, әуес.

طاهر **таһир** Таһир — таза, бұзылмаған, мінсіз, адал.

طيب **тайиб** Тайып 1) жақсы, тәуір, сүйкімді, жағымды, ұнамды, тәтті; 2) қайырлы, сәлеметтік.

طائر **таир** Тайыр — құс (ұшушы).

ظ

ظريف **зәриф** Зәріп 1) сұлу, әдемі, көркем, кербез сырбаз, сыпайы; 2) тапқыр, өткір тілді, ақылды; 3) күлкілі оқиға.

ظريفه **зарифә** Зарифа, Зарипа — тапқыр ой, өткір ой, әзіл, қалжың, бояма сөз.

ظاهر **заһир** Зайыр 1) ашық, жарық, жалтыр, анық, ақиқат, көрінетін, көрнекті, көзге түсетін; 2) сыртқы, сырт, түр, келбет.

ظاهره **заһирә** Заһира, Зайра 1) сыртқы түр, келбет, мүсін; 2) құбылыс.

ع

عابد **Ғабид** Ғабит 1) бас июші, қайраткер, қызметкер, табынушы; 2) біреуді сүйген.

عبدالله **Ғәбдұлла** Ғабдұлла, Әбдүлла, Әбділдә, Әбілдә — құдайдың құлы, Ғабдұлла — (жалқы есім).

عباد **ғибад** Ибат 1) құлдар (ғәбд-тің көпше түрі).

عبادالله **Ғибадұлла** Ғибадулла, Ибадұлла — құдайдың құлдары.

عبيد **ғәбид** Әбит, Ғабит (ғәбд-тің көпше түрі). 1) құлдар, кіріптарлар, қызметшілер, малайлар; 2) құдайдың құлдары деген мағынада.

عبيد الله **Ғәбидұлла** Ғабидұлла — құдайдың құлдары.

عبير **ғәбир** Әбир, Ғабир — хош иіс.

عباس **Ғәббас** Аббас, Ғаббас — түнжырағаи, қабағы ашылмайтын, қатты, қатаң, Аббас, Ғаббас (жалқы есім).

عثمان **Ғұсман** Осман, Оспан, Құсман (жалқы есім). Осман — Меккенің ақсүйек ірі байы, Мұхамедтің екі қызын әйелдікке алған, Мұхамедтен кейінгі төрт халифалардың үшіншісі. Ол 644—650 жылдары мұсылман елдерінің халифатын (мемлекетін) билеген. Діни аңызда Құранды жазған осы Осман деседі. Шынында исламның

бастапқы дәуірінде жазылған Құран болмаған. Оның сүрелерін, аяттарын әркім өзінше мұхаммедтен естідік деп жатқа айтатын болған. Осыдан алынған қол жазбаларда қайшылықтар өте көп кездескен. Әрі дін, әрі үкімет басқарған халифалар кезінде осы кемшіліктерді жоюға мәжбүр болған. Аңыз бойынша дін иелері жүз жылдар бойы Құранды бастапқы құрастырушы тек Осман халифа десіп келген. Құран содан көшіріліпті-міс. Сол аңызға қарағанда құрастырған құранын өзі оқып отырғанда Османды дұшпаны қылышпен өлтірген екен.

Халифалыққа таласқан елде оның осылай өлуі де рас болар. Бірақ тарихқа қарағанда ол кезде Құран сүрелерінің басқа тізімдері де болған көрінеді. Демек, Османның қанына боялған құрандар Самарқанда, Мысырда, Стамбұлда және басқа жерлерде сақталыпты-мыс деу мүлде жалған әңгіме. Ол ешбір шындыққа жуыспайды, дін иелерінің жұртты алдау үшін қолданып жүрген амалы.

Бұған дәлел айтылып жүрген «қанды» Құранның жазуы Осман халифаның заманындағы жазуларға тіпті ұқсамайды. Құранның сүрелері мен аяттары үстем таптың мүдделеріне сәйкес бертін келе үнемі өзгертіле бергендігі көрініп тұр. Мысалы көне Құрандардағы аяттардың саны 6204—6236 болса, кәзіргі Құрандардың аяттары 6226—6238. Осыдан құранның «қасиеті» қашқанын көру қиын болмаса керек.

عادل **ғаділ** Әділ — тура, әділ сот.

عريفه **гарифә** Ғарифа — сый, сыйлық тарту.

عارف **ғариф** Ғариф, Ғарип білген, білетін, білгір.

عريف **ғәриф** Ғариф 1) мұғалімнің жәрдемшісі, мұғалимге жәрдем беруші шәкірт; 2) аға, басшы, бастық.

عريف الله **ғәрифұлла** Ғарифұлла — жәрдем беруші, жетектеуші құдай.

عزت **ғіззат** Ғиззат — даңқ, абырой, адамгершілік.

عزيز **ғәзиз** Әзиз, Ғазиз — сүйікімді, сыпайы, жарқын, ізгі, қымбатты, қадірлі, жақсы (адам).

عزيز الله **ғәзизұлла** Ғазизұлла, Әзизұлла — құдайдың сүйіктісі.

عزيمه **ғәзимә** Әзима 1) ниет, ой, ежелгі арман, үміт; 2) батылдық, қайраттылық; 3) шақыру, жалбарыну.

عشان **ғәшан,** Ашан қуаныш, шаттық.

عصمت **ғісмәт** Қысмет — алқа (мойынға тағатын маржандар тізбесі — ожерелье).

عاطف **ғатиф** Ғатиф (жан) 1) септеуші, шапағатты, қайырымды, мархабатты, рақымды; 2) жақсы ниетті, игі ниетті, жақсы тілекті.

عاطفه **ғатифә** Ғатифа — сезім, көңіл ауу, ұнату, ықылас.

عظيم **ғәзим** Әзім 1) ұлы, алып; 2) атақты; 3) маңызды; 4) салмақты; 5) әсем, тамаша, күшті, басым.

عفسلام **ғәфф-сәлам** Әпсәлам — қайырлы бейбітшілік, тыныштық.

عف صمد **ғәфф-сәмәд** Әпсамат — ізгілікті мәңгілік.

عقاب **ғұқаб** Оқап — бүркіт, Мұхаммедтің туының аты.

عاقل **ғақыл** Ақыл, ақылды, есті.

عقيله **гәқила** Ақила 1) зайып; 2) ханым.

عالم **ғалім** Ғалым — оқымысты, ғалым, ғылым қайраткері.

عالمه **ғаліме** Әлима, Ғалима 1) оқымысты, ғалым әйел; 2) әнші әйел.

عليم **гәлим** Әлім 1) білетін, білгір, білімді; 2) барлығын білетін, дана (құдай жөнінде).

عليا **ғұлия** Үлия 1) көтеріңкі, ең биік; 2) жоғары, ұлы.

عاليا **Ғалия** Әлия 1) биік, жоғары, зор, асқар; 2) көрнекті; 3) атақты.

على **Ғали** Әли, Әлі, Қали — биік, жоғары, зор, асқар. Ғали (жалқы есім). Ол қазақ әдебиетінде көбінесе Әзірет-Әлі есімі болып кездеседі. Әлі — 7 ғасырдағы мұсылман арабтардың қолбасшысы, Мұхаммедтің Фатима деген қызының күйеуі, оның әрі жақын досы, әрі немере туысы. «Зарқұм», «Салсал» сияқты қиссалардың негізгі қаһарманы, Мұхаммедтен кейінгі төрт халифалардың ақырғысы. Ол өзінің алдында халифа болған Османды өлтіріп, таққа отырған (656—661). Әлі бақталастықтың салдарынан өзі де саяси дұшпандарының қолынан қаза тапқан. Әлі мен оның балалары (Хасан мен Хүсейін) исламның негізгі екі ағымының (сүнни және шейіттер) бірі — шейіттердің туына айналған. Шейіт (орысша шиит) арабтың шиға (партия) деген сөзінен шыққан. Шейіттердің ұғымынша алғашқы төрт халифалардың ішінде мұсылмандардың халифалық атағына басқалар емес тек Мұхаммедтің жақын туысы Әлі ғана ие болу керек

еді. Осы талас-тартыстың негізінде ислам діні екі жікке бөлінді.

Шейіттер Әліні Мұхаммедтен жоғары санайды. Шейіттердің бір аңызында құдай Мұхаммедке: егер сен болмасаң, мен көкті жасамаған болар едім, ал Әлі болмаса сені жаратпаған болар едім»— депті-міс.

Шейіттер алланың расулы (уәкілі, пайғамбары) Мұхаммед емес, Әлі болу керек еді дейді. Олай болмаған себебі — көктен жіберілген Жебірейіл періште Әлі мен Мұхаммедті шатастырып алған, өйткені, Мұхаммед пен Әлінің бір-бірімен ұқсастығы қара шыбындай екен. Сөйтіп құдайдың кереметін Әліге айтуға келген Жебірейіл Мұхаммедке айтып беріп кетіпті-міс. Мұхаммед мұсылмандарды Әлінің үмбеті етудің орнына, өзіне үмбет етіпті де, ойламаған жерден Мұхаммед алланың нақ сүйер пайғамбары болып кетіпті — дейді шейіттер.

علی اکبر **Ғалиәкбәр** Ғалиәкпар, Ғали (Әли) — аса үлкен, өте ұлы.

عمید **ғәмид** Ғамит, Әмит 1) басшы, бастық, қауым, ру бастығы; 2) декан; 3) капитан, Ғамид (жалқы есім).

عمید الله **ғәмидүлла** Ғамидүлла — басқарушы құдай.

عمر **Ғұмәр, Омар** *(жалқы есім)*. Мұхаммедтен кейінгі төрт халифалардың екіншісі (634—644) бақ талас салдарынан дұшпандарының қолынан ол да қаза тапқан.

عنایت **ғинаят** Инаят — қам, қамқорлық, ілтипат, назар, күту.

عائده **Ғаидә** Аида — пайда, салық, сыйлық. Аида (жалқы есім).

عيسى **Ғиса** Иса (тәуратша Инсус), Гайса (жалқы есім) қиялды есім. Иса — діни ұғымда христиан дінінің негізін салған адам. Бұл тарихта да, ғылымда да анықталған емес.

عياش **гәйяш** Аяш 1) нан сатушы; 2) сауықшыл.

عايشه **Ғайшә** Айша, Ғайша — Мұхаммедтің көп әйелінің бірі (жалқы есім).

عين الحيات **гәйн-ұл-хаяти** Ғайнұлхаят — өмір бұлағы.

عيني **Ғәйни** Ғайни, Айни 1) көз; 2) өте маңызды, елеулі, мәнді.

غ

غريبه **ғәрибә** Ғариба, тамаша, ғажайып.

غزيزه **ғәзизә** Газиза 1) натура, табиғи мінез; 2) талаптану, іздену, сезімнің оянуы; 3) интуиция, сезу.

غفار **ғәффар** Ғаппар, Қапар — кешіруші, барлығын кешіруші (еркек).

غفوره **ғәфурә** Ғафура — кешіруші, барлығын кешіруші (әйел).

غلام **ғұлам** 1) еркек бала, жас жігіт, бозбала; 2) қызметші, малай.

غلمان **ғілман** Ғылман (Ғұламның көпшесі).

غاليه **ғалия** Қалия — хош иіс, жақсы иіс.

غانيه **ғания** Сұлу, әдемі, көрнекті.

غانيات **ғаният** Өте сұлу, өте әдемі, өте көрнекті, Ғаният (ғанияның көпше түрі).

غني **гәни** Ғани — бай, ауқатты, күйлі, «Біздің Ғани» (Ғани Мұратбаев туралы кітаптың аты).

ف

فاتح **фатих** Фатих, Патық, Батық 1) жаулап алушы; 2) ақ құба, ақшыл.

فتان **фэттан** Фаттан 1) қызықтырушы; 2) ғажайып, сүйікті, әдемі, тамаша, ең жақсы, өте әдемі; 3) арбағыш, еліктіргіш, сыйқыршы, азғырушы, өсекші, шағымшы.

فاخر **факір** Фахыр 1) тәкәппар, мақтаншақ; 2) асып түсетін, тамаша.

فارح **фарих** Фарих — ақ жарқын, көңіл ашар.

فرخت **фэрхэт** Фархат — қуаныш, шаттық, «Фархат-Шырын» деген дастанның қаһарманы.

فريده **фэридэ** Фарида 1) інжу моншақ; 2) сирек, теңі жоқ зат, өте сирек, бірден — бір (уникум).

فردوسی **фирдэуси** Фирдоуси — ұжмақ, ұжмақ бағы. Абуль Қасым қазаққа мәлім «Рүстем дастан» (фирдоусидің «Шаһ-Нама» деген тарихи жырынан алынған). Абайдың көп оқыған Шығыс жазушыларының бірі — осы фирдоуси.

فاروق **фаруқ** Жақсылық пен жамандықты айыра білетін, Фаруқ (жалқы есім).

فيصال **фэйсал** Фэйсал 1) судья; 2) мырза; 3) файсал (жалқы есім).

فاضل **фазыл** Өте қадірлі, өте беделді, өте құрметті (ғалымның теңеуі).

فضيله **фэзилэ** Фазила — рақымшыл, аса сапалы, адамгершілігі аса күшті, жақсы қылықты.

فاطمه **фатимэ** Бэтима, Фатима, Пэтима (жалқы есім).

Мұхаммед «пайғамбардың» қызы, Ғалидың үлкен әйелі. Діни ертегіде о дүниеде фатима мұсылман әйелдерді басқарып ұжмаққа алып барады-мыс.

فائز **фаиз** Пайыз 1) жеңімпаз; 2) табысты, жеңісті; 3) жеңуші.

فوزیه **фәузия** Фаузия 1) жеңіс, табыс; 2) триумф, салтанат, асқан жеңіс.

فیض **фәйз** Файыз 1) толу, тасып төгілу, кемерінен шығу, молшылық; 2) жомарттық, мырзалық, қолы ашықтық.

ق

قابل **қабыл** Қабыл — қабылдаушы, қарсы алушы.

قبطان **құбтан** Қапитан (кеменің).

قادر **қадир** 1) күшті, құдіретті; 2) қабілетті, икемді, тәсілқой.

قدیر **қабир** Қадир 1) *діни,* күшті, құдіретті, аса құдіретті (құдайдың теңеуі); 2) қабілетті; 3) әл-Қәдри (Құранның тоқсан жетінші сүресінің аты).

قرم **қарм** Қарым — басшы, бастық, мырза.

قسیم **қәсим** Қасым — әдемі, сұлу, сүйікті, шырайлы, жүзі жылы.

قسیمه **қәсимә** Қасима 1) ант, серт; 2) талон, карточка, ордер.

قطیفه **қәтифә** Қатифа — барқыт, плюш.

قمر **қәмәр** Қамар 1) ай; 2) әл-Қамар (Құранның елу төртінші сүресінің аты).

قهار **кәһһар** Қаһар — өте құдіретті, барлығын білуші, барлығын өз қолында ұстаушы (құдайдың теңеуі).

قوت **қууәт** Қуат — күш, энергия, қуат.

قواس **қәууас** Қауас 1) садақшы, мерген, атқыш; 2) аңшы.

قائف **қаиф** Қайып — бал ашушы, балшы, балгер.

قيم **қәйим** Қайым 1) сенімді адам, уәкіл, сақтаушы (тәртіпті, заңды); 2) қамқоршы; 3) нағыз, ақиқат, дәл, ақ, таза, бағалы, мазмұнды.

قيوم **қәйюм** Қаюм — мәңгілік өмір сүруші (құдайдың теңеуі).

قياس **қияс** 1) өлшеу; 2) салыстыру; 3) үлгі, мөлшер, өлшем; 4) масштаб.

ك

كبير **кәбир** 1) үлкен, зор, ұлы; 2) маңызды, байыпты, салмақты; 3) карт, кәрі, ержеткен.

كريم **кәрим,** Кәрім, 1) жомарт, ақ көңіл, қайырымды, сүйкімді, сыпайы, 2) қымбатты.

كولان **күлан** Күлән — папирос (жылы жақта өсетін қамыс текті өсімдік, оның жапырағын ерте кезде мысырлықтар жазуға пайдаланған).

كمال **кәмал** Кәмал — толықтық, толық аяқталғандық.

كاملة **кәмілә** Кәмила — бойжеткен қыз.

كاهن **Кәһін** Кәкен 1) абыз, дін бастығы; 2) «пайғамбар», алдамшы, болжаушы.

كوكب **кәукәб** Кәукап — жұлдыз, планета, жарық.

ل

لطيف **Лэтиф** Латиф 1) ашық жүзді, жайдары, жылы шырайлы, сыпайы, құрметті, сүйкімді, жұмсақ, рақымды; 2) әсем, көркем, нәзік, жіңішке.

لطيفه **Лэтифа** Латифа 1) жіңішкелік, нәзіктік; 2) өткір сөз, күлкі сөз, әзіл, қалжың; 3) тарту, сыйлық.

لقمان **Лұқман** — көне замандағы дана, ақылды, көп мысалдар жазған адамның есімі. (Құранның отыз бірінші сүресінің аты). Лұқманның есімі құранда бірақ рет айтылады. Ертеректе екі Лұқман болыпты-мыс, оның біреуі — «Лұқман хәким» ол ислам дінінен бұрын да халыққа белгілі екен деседі.

Орта ғасырда Орта Азияда түрік халықтарынан шыққан Лұқман деген дана ғалым өмір сүрген. Одан аспан құдайы: пайғамбарлық керек пе, я ғалымдық керек пе? — деп сұрапты-мыс. Оған Лұқман:

— Пайғамбарлық — әкім ісі, мен ғалым болғым келеді, халыққа ең керегі де, жақыны да осы депті. Лұқманның даналықпен аты шыққан. Ол көп оқып, көп тоқыған адам. Ел арасында Лұқман белгілі дәрігер, емші болыпты деген де аңыз бар.

لوط **Лут** Лұт (тәуратша — Лот) — (Құранның он бірінші «һуд» деген сүресінде аталады). Көне ертек бойынша Лұттың қауымы — Самуд деген халық болыпты-мыс.

ليلى ,ليله **Лэйла** Ляйля — кеш, түн (жалқы есім), Низами, Науаи жазған «Лэйла-Мэжнүн» деген поэмасындағы басты кейіпкерлердің бірі.

م

مبارك **мүбарәк** Мүбәрәк — бата алған, аман-есен, бақытты.

مبروك **мәбрук** 1) бата алған, гүлденген, өркендеген, молшылық; 2) Мәбрук (жалқы есім).

ماجن **Маджін** Мәжен 1) ұялмайтын; 2) жасқанбайтын.

مجان **мәджан** Мажан 1) жеміс жинайтын алаң; 2) бау, бақ.

مجنون **Мәджнун** Мәжнүн 1) жынды, ауысқан; 2) қияли ақылынан адасқан; 3) Мәжнүн (жалқы есім), Низами, Науаи жазған «Ләйла-Мәжнүн» поэмасындағы басты кейіпкерінің бірі.

مجيد **мәджид** Мәжит 1) даңқты, атақты, мақтаулы; 2) құдайдың 99 атының бірі.

محبوب **мәхбуб** Махбуб — қыз жаратқан жігіт.

محبوبه **мәхбубә** Махбуба жігіт жаратқан қыз.

محش **мүхәш** Мұқаш — түсінік беруші, комментатор.

محفوظه **Мәхфузә** Махфуза, Мақпуза 1) сақталған; 2) жадында қалған, есте сақталған.

محمده **мәхмәдә** Махмет — біреудің мақтарлық жақсы жағы; адамгершілік, абырой, ар, намыс.

محمد **Мүхәммәд** Мұхаммед, Мұқамбет, Мақамбет 1) мақталған, мақтаулы; 2) адам есімі; 3) (Құранның қырық жетінші сүресінің аты).

Мұхаммед Ғабдулла ұлы Хашим руы, Құрайыш тайпасынан шыққан сауатсыз араб. Ол Мекке қаласында 570 жылдар шамасында туған. Хадиша деген бай, жесір

саудагер әйелге үйленгеннен кейін Мұхаммедтің тұрмысы жақсарып, беделі арта бастайды. Ата-бабалары ғасырлар бойы табынып келген көп құдайлардан (латманат) безген ол 610 жылдан жаңа дінді, яғни ислам дінін, бір алланы уағыздауға белсене кірісті. Бірақ ол кезде оның әрекеті өрістей алмай қуғынға ұшырады, Меккенің ескі діншілдері Мұхаммедті өлтірмек те болды. Сондықтан ол 622 жылы қашып Меккеден Мединеге барған. Онда исламды жақтаушыларды жинап, өз тобын көбейтеді, 630 жылы Мұхаммедке ерушілер өздерін қабылдауға меккеліктерді мәжбүр етеді, содан былай ислам (толық бағынушылық, көп құдайларға емес, бір құдайға ғана бойсұну деген мағынада) күшіне кіре бастаған.

Ал ислам басшылары: «Егер Мұхаммед болмаса, әлем жасалмаған болар еді» деп уағыздайды. Бұл сөзге ересек адам түгіл, жас бала да сенбес.

Шынында, Мұхаммед кім болған? Оның пайғамбарлық ешбір қасиеті болмаған, хат танымайтын надан адам. Ислам да, басқа діндердей, жұртты құдайдың атымен қорқытып, құранды Мұхаммед жазған деп сендірген.

محمود **Мәхмуд** Махмұт 1) мақталған, мақтаулы, мақтауға тұрарлық; 2) Махмуд (жалқы есім).

مختار **Мұхтар** 1) таңдалған, сұрыпталған, сайлап алынған, ерікті, ықтиярлы.

مدينه **Мәдинә** Мәдина, Медине — Сауд аравиясындағы қаланың аты.

مراد **мұрад** Мұрат — мақсат, тілек, ниет.

مرحبا **мәрхаба** Мәрхаба — хош келдіңіз, келгеніңізге қуанамыз.

مرحمة **мәрхәмәт** Мархамат, Мархабат 1) аяу, жақсылық ету, қайырымдылық, мейірімділік; 2) біреудің қайғысына ортақтасу, көңіл айту.

مرضية **мәрзыя** Марзия — мақұлданған, көпшілік ұнатқан.

مريم **Мәриям** Мария — тәуратша, көне еврей қызы (жалқы есім), (Құранның он тоғызыншы сүресінің аты). Діни аңызда Мариям некесіз бала тауып, қыз күйінде қалыпты-мыс. Оның баласы христиан дінінің пайғамбары — құдайы Иисус-Христос (Иса, Айса, Ғайса) болып, дүниенің ақырына дейін көктегі құдайдың жанында болады-мыс. Бұл аңыз құраннан да орын алған.

مزيد **мәзид** Мәзил — артық, арттырылған, қосылған.

مزية **мәзийя** Мәзия 1) артықшылық, жеңілдік, айырықша хұқық; 2) айырмашылық.

مستحيم **мүстәхим** Мұстахим — еңбегі сіңген, беделді, қадірлі.

مستقيم **мүстәқим** Мұстақим 1) тура, түзу, тегіс; 2) ақиқат, рас, шын; 3) түпкілікті мекені бар (адам); 4) әділ, адал, таза.

مساعد **мүсагід** Мұсағыт жәрдемші, көмекші, ыңғайлы.

مسعود **мәсгуд** Масғұт — бақытты.

مسافر **мүсәфир** Мүсәпір 1) саяхатшы, жиһанкез, жолаушы; 2) қонақ.

مسلم **Мүслім** Мұсылман еркек.

مسلمه **мүслімә** Мүслима — мұсылман әйел.

مشهود **мәшһуд** — ұмытпастық, есте қаларлық, назар аударарлық.

مشهور **мәшһур** 1) белгілі, сүйкімді; 2) атақты.

مصطفى **Мұстафа** Мұстапа, Мұстафа — таңдалған, сайлап алынған (Мұхаммедтің лақап аты).

مطالب **мұтәліб** Мүтәліп 1) ақы даулаушы, өндіріп алушы (заңмен); 2) талапкер, үміткер.

مظفر **мұзәффәр** Мұзафар, Мұзапар — жеңімпаз; өктемдік, үстемдік.

معرفت **мағрифәт** Мағрифат, Мағрипат 1) ғылым, білім, мағлұмат, тану; 2) ағарту, оқу, біліп беру.

معزوم **мәғзум** Мағзум 1) шақырылған; 2) қонақ, мейман.

معاش **мәғаш** Мағаш, Макаш 1) өмір, тұрмыс; 2) өмір сүру үшін қаражат.

معيه **мәгия** Мағия 1) компания, серіктік; 2) нөкер.

معصوم **мәғсум** Мағсум 1) күнәсіз, айыпсыз; 2) қателеспейтін, жаңылыспайтын.

مقصود **мәқсуд** Мақсұт 1) мақсат, тілек, ниет етілген, үміт еткен; 2) қысқаша, әдейі, жорта, қастықпен.

مقام **мәқам** Мақам 1) орын, мекен; 2) қызмет орны, дәрежесі.

مقيم **мұқим** Мұқым 1) тұрушы; 2) резидент (бір мемлекетте ұдайы тұратын екінші мемлекеттің адамы, дипломатиялық уәкілі).

مكرم **мүкәррәм** Мүкәрам 1) сыйлы, қадірлі, құрметті; 2) Мекке қаласының теңеуі.

مالك **Малик** Мәлік 1) ие, қожа, басқарушы, билеуші; 2) өзіне меншікті; 3) патша, қан, король.

ملكه **мәликә** Мәлике — патша әйел, қанша, ханым.

ممشوق **мәмшуқ** Сымбатты, мүсінді.

منبت **мәнбит** Мәнбет 1) өсімдік өсетін жер (көшеттік, көшетхана), питомник; 2) ошақ (бір нәрсенің шығатын көзі); 3) тегі, туысы, шығуы; 4) отан.

منار **мәнар** Манар 1) жарық шығатын жер (белгі, қарақшы); 2) маяк.

منزله **мәнзилә** Мәнзила 1) дәреже, атақ; 2) әлеуметтік жай.

منصور **мәнсур** 1) жеңген, жеңісті тойлаушы; 2) аса артық.

منان **мәннан** Манан — шапағатты, қайырымды, махаббатты, рақымды, жомарт (құдайдың теңеуі).

منور **мүнәууәр** Мұнауар 1) нұр шашушы, нұрлы; 2) Мәдина қаласының теңеуі.

منوره **мүнәууәрә** Мүнәууәрә, Мүнәууәрді қара.

موسى **муса** Мұса тәуратша — Моисей (жалқы есім). Тәураттың ертектерінің бірінде бір ашаршылық кезінде Мысырға ауып барған 66 семьялы еврейлер өсіп-өрбіп, 3 миллионға жетеді. Перғауын (Мысыр патшасы) оларды құлдықта ұстап, ең ауыр жұмыстарға пайдаланады. Олардан қорқа бастаған Перғауын, еврейлердің ұл балаларын туған күні өлтіруге жарлық береді. Оның бұл жарлығы толық орындалмайды. Осымен байланысты, Перғауын ұл балаларды суға тастауға бұйырады.

Қорқыныш күшті болғандықтан, бір еврей әйел бала-

сын үш ай қара маймен майлаған себетке салып, Ніл өзенінің жағасында суда өсіп тұрған камыстың ішіне жасырып сақтайды. Себетті қарап тұруды анасы қызына тапсырады. Сол кезде Нілге шомылуға нөкерлерімен Перғауынның қызы келеді. Себеттегі сәбиді көрген соң оның балаға ракымы түседі, оны қамыстан шығарады. Балаға Моисей (Мұса) «судан шығарылып алынған»— деп ат қояды. Перғауын қанша қатал болса да, баланы өз сарайында тәрбиелеуге рұқсат етеді.

Моисей өзінің сүйкімді қылықтарымен патшаны, оның қызы мен нөкерлерін таң қалдырады. Оны айқын келешек күтуде еді. Бірақ бір күні ол мысырлықтың еврейді ұрып жатқанын көреді де, шыдай алмай, мысырлықты өлтіреді. Сөйтіп, Мысырдан қашып кетеді. Мәдиәм жерінде жеті қыздың әкесі Иофар деген абызбен танысады. Мұса оның Сепфора деген сұлу қызына ғашық болып, үйленеді де, бала-шағалы болады.

Мұса қайын атасының малын бағып жүріп құдайға кездеседі. Құдай оған: «сен Мысырға барасың, Перғауыннан ондағы еврейлерді босатуды талап етесің» дейді. Ол құдайға еврейлердің, әсіресе Перғауынның оған сенбейтінін айтады. Құдай оған керемет жасау әдістерін үйретеді: Мұсаның қолындағы таяғы жыланға, ол жылан қайтадан таяққа айналады. Сол таяқтың күшімен суды қанға, қанды суға айналдыру әдісін де үйреніп алады.

Мұса кекеш екен. Ол құдайға халықты рухтандыру үшін сөйлеуге тілім келмейді, дейді. Бірақ құдай оның тілін жөндемейді, оған жәрдемші етіп оның Мысырдағы

Һарун яғни Харун (тәуратша — Аарон) деген інісін тағайындайды. Перғауын олардың талаптарын орындамайды. Мұса мен Харун мысырлықтарды он рет пәлеге ұшыратады. Одан қорыққан Перғауын еврейлердің өз жеріне қайтуына рұқсат етуге мәжбүр болады.

Қанша керекті күштен айырылған Перғауын өз ісіне наразы болып, еврейлерді қайтаруға әскерін жинап, оларды қуады. Оны сезген Мұса асасының кереметімен Ніл өзенін қақ жарып, өз қауымын аман-есен судан өткізіп алады. Оны қуып келген Перғауын сол жерден өтпекші болып, өзеннің табанына әскерімен түскенде су қайтадан қосылып кетеді де, Перғауын барлық әскерімен суға кетеді. Осылай жауынан құтылған Мұса руластарын Палестинаға алып кетіпті-міс.

ن

نبيل **нәбил** Нәбіл 1) атақты, ақ сүйек; 2) мейірман, асыл.

نبى **нәби** Пайғамбар.

نجيب **Нәджиб** Нәжіп, 1) тегі атақты; 2) асыл тұқымды, қабілетті, икемді, тәсілқой, ақылды, дарынды.

نجم **нәджм** Нәжім 1) жұлдыз; 2) ән-Нәжми (Құранның елу үшінші сүресінің аты).

نجمى **нәджми** Жұлдыз, жұлдызды, жұлдыздық.

نجمى الدين **нәджм-ед-дин** Нәжмеддин — дін жұлдызы.

نجى **нәджи** Нәжі 1) ең жақсы дос, тамыр, он көз, сенімді кісі; 2) құпия, сыр.

نادر **надір** Нәдір 1) сирек; 2) сирек кездесетін, таң каларлық, бұрын-сонды болмаған.

نادره **надірә** Нәдира 1) сиректік, таң ғажайып; 2) қызықты тарих; 3) таң қаларлық оқиға.

نذر **нәзір** Нәзір 1) салтанатты уәде, серт, ант; 2) діни уәде, серт, ант, мысалы, құдайы нәзір.

نزيزه **нәзизә** Нәзиза 1) тірі, жанды, жылжымалы, еті тірі; 2) сезімді, құмар, ынтық, әуесқой.

نسم **нәсм** Нәсім — дем алу, тыныс, лебіз, леп.

نسيمه **нәсимә** Нәсима — самал, лебіз, леп.

نصب **нүсб** Нүсіп 1) статуя, монумент, 2) *діни*, табынатын пұт, жалғыз тұлға.

نصر **нәср** Нәсір 1) жәрдем; 2) жеңіс, табыс; 3) ән-Нәсри (Құранның жүз үшінші сүресінің аты).

نصر الله **нәср-ұл-лаһи** Нәсрулла — құдайдың жәрдемі.

ناصر **насир** Насыр 1) жәрдем беруші; 2) жәрдемші, жақтаушы, біреудің жолын қуушы.

نصير **нәсир** Қорғаушы, сақтаушы, жақтаушы, қамқоршы, қолдаушы, жәрдемші, дем беруші.

نصر الدين **Нәср-ид-дин** Нәсриддин — дін жәрдемшісі.

ناظر **назир** Назыр 1) байқаушы, бақылаушы, қараушы, меңгеруші; 2) көруші, тексеруші, басшы.

نظر **нәзәр** Назар 1) бір нәрсеге көңіл, назар аудару; 2) қарау, көру, көзқарас, жүз аудару, көз тастау, көз тігу; 3) көз өту; 4) елестеу.

نظيفه **Нәзифә** Нәзифа, Нәзипа — таза, саф.

نظم **нәзм** Нәзім 1) өлең жазушылық; 2) өлеңдер, поэзия.

ناظم **Назм** Назим 1) ұйымдасушы; 2) ұйымдастырушы; 3) өлең жазушы, ақын.

نظامی **Низами** Низами 1) мемлекет құрылысына, тәртібіне, системасына тиісті; 2) жүйелі, тәртіпті, тұрақты; 3) Низами (жалқы есім). Низами Гәнжәуи (1141—1203) — Азербайжанның ұлы ақыны. Ол жер жүзіне белгілі «Хамсә» (бес дастан), «Сыр қазынасы», «Хосрау мен Шырын», «Жеті сұлу», «Ләйла мен Мәжнүн», «Іскендер — Нәмә» атты шығармаларды жазған адам. Оның шығармалары терең ойлы, тілі бай, көркемдік жағынан аса шебер жазылған, көп елдердің әдебиетінің өсуіне үлкен әсері тиген. Низамидің есімі қазақ әдебиетінде де көп кездеседі.

ناعمه **нағімә** Нагима 1) жұмсақ, биязы, мейірімді, жарқын, нәзік; 2) майда, ұсақ.

نعمت **нигмәт** Нығмет 1) береке, рақат; 2) бақытты, бақытты өмір.

نعمت الله **негмәт-үл-лаһи** Нығматұлла — *діни,* құдай берген береке, рақат, бақыт.

نعيم **нәғим** Нағым 1) бақытты өмір, амандық, саулық, есендік; 2) рақат, тәттілік, ләззат, бақыт.

نعمان **нұғман** 1) қан; 2) Нұғман (жалқы есім).

نفيسه **нәфисә** Нәфиса, Нәписа — қымбатты, бағалы зат, құндылық бағалылық, қазына, байлық.

نقيب **нәқиб** Нақып — аға, басшы, бастық.

نقيبة **нәқибә** Нақиба 1) жан, ой, ықылас, ақыл; 2) мінез.

نوح **Нух** Тәуратша — Ной (жалқы есім). (Құранның жетпіс бірінші сересінің аты). Діни қанун бойынша адам-атадан кейін төртінші пайғамбар Нух болыпты-мыс.

Нухтың қауымы «бұзық» болғандықтан құдай 40 күн ұдайы нөсер жаңбыр жаудырып, жер жүзіне «топан» суын қаптатыпты-мыс. Нух жануарлардың әр түрінен бір-бірден алып өзінің кемесімен бір жылдай суда қалқып жүріпті. Оның кемесін әр халық өз елінің биік жеріне қайырлатады. Кемені тәурат Арарат тауына әкеліп қайырлатса, арабтар әл-Жудди тауына, кавказдықтар — Қазбекке, түркілер Қазықұртқа қайырлатып тұрғызады. Ол туралы:

Басында Қазыққұрттың кеме қалған.

Болмаса қасиетті неге қалған?» — деген өлеңді тегін айтпаған деседі.

Топаннан кейін, бүкіл адам баласы топан суынан кейін Нухтың Хам, Сам, Яфет дейтін үш баласынан тарапты деген жалған аңыз жайылыпты. Нух жүзім өсіріп, одан шарап жасауды үйреніпті. Бір күні шарап ішіп, мас болып, шатырында жалаңаш жатқан әкесінің денесін кіші баласы Хам көреді де, оны ағаларына айтады. Нух кіші баласының жалаңаш жатқанда үстіне келгенін естіп, ол ағаларының құлы болсын деп теріс батасын береді.

Нух өсиетінде Азияны — Самның, Европаны Яфеттің,

Африканы — Хамның еншісіне бөліп береді. Әкесінің қарғысы тиген Хамнан негрлер, Самнан сары түсті, Яфеттен ақ түсті адамдар өсіп-өнеді. Дін иелері бұл өтірікті негізге алып, Африканың отарға негрлердің құлдыққа айналғанын орынды, құдайдың құдіреті деп бөседі. Бұл әділетсіздік. Әділетті жер үстінде адамның өзі орнатуға керек. Африка отаршылдар уысынан құтылады, бұған соңғы жиырма жылдың тарихы кепіл.

نور **нур** Нұр 1) жарық, сәуле; 2) нұр (Құранның жиырма төртінші сүресінің аты).

نورالدين **нур-үд-дини** Нұруддин — дін нұры.

نورعلى **нурғәли** Нұрәлі, Нұрғали — биік нұр, Ғали нұры.

نورالله **нур-ұл-лаһи** Нұрұлла, Нұрұлда — құдай нұры.

نورمحمد **Нурмухәммәд** Нұрмұхаммед, Нұрмұқамбет — Мұхаммедтің нұры.

و

وحيد **уәхид** Уәхит — жалғыз, жалғыз-ақ, жалғыз ғана.

ورش **уәрәш** Ораш — қызу, көңілді, өткір, еті тірі, пысық, зерек, алғыр.

ورق **уәрәқ** Орақ 1) жапырақ, табақ, бет; 2) қағаз, 3) күміс ақша, теңге, ақша.

وسيله **уәсилә** Уәсила 1) жақындық іздеу; 2) ықыласына, сеніміне жету; 3) құрал, амал, дәрі.

وسيمه **уәсимә** Уәсима — әдемі, сұлу, сүйкімді, жүзі жылы, шырайлы.

ولى **уали** Уәли, Уәлі — әкім, әмір, басқарушы, үкімет, үкімет уәкілі, губернатор.

وهاب **уәhhаб** Уақап 1) жомарт; 2) барлығын жарылқаушы (құдайдың теңеуі).

ه

هابيل **hабил** Әбіл (тәуратша — Авель), (жалқы есім).

هيبة **hібәт** hибат, Ибат — сыйлық, тарту, әкелу, жеткізу.

هيبةالله **hібәт-ұл-лаh** hибатұлла, Ибатұлла — құдайдың бергені, сыйлығы.

هادى **hади** Әди — басшы, жетекші, қолбасшы, басқарушы.

هديه **hәдия** Әдия — сый, сыйлық тарту.

هارون **hарун** (тәуратша — Аарон), (жалқы есім) (алфавиттен бірінші қосымшадағы Мұсаны қара).

هيف **hәйәф** Аяп — сымбатты, мүсінді, жұқа, жіңішке, нәзік.

هيمان **hәйман** Айман — өте ғашық болған.

ي

يعقوب **Яғқуб** (тәуратша — Иаков), Жақып (жалқы есім). *Діни* аңызда Ысқақ Ибраhимның баласы-мыс. Ысқақтың Ясау деген тұңғышы, Жақып деген кенжесі

болыпты. Ясау аңшы болса керек, әкесіне ұнайды. Ысқақ құс етін жақсы көріпті. Ол әбден қартайып, көзі көрмейтін кезінде, Ясауға құс ұстап, тәтті тағам пісіріп беріп, оның батасын алуды тапсырады. Бұл әңгімені оның кемпірі естіп қояды. Ол Жақыбын шақырып алып, оған әлгі әңгімені айтып, оған отардан бір семіз қозыны алдырады. Анасы қозының етін жақсылап пісіреді де, Ясау қайтқанша әкеңе жегізіп, оның өлер алдында амалдап батасын ал дейді. Ясаудың денесі түкті екен. Әкесін алдау үшін Жақып қолын қозының терісіне орап алады. Сөйтіп Жақып әкесінің батасын алып қояды.

Жақыптың алдағанын Ысқақ кейін, Ясау құсымен қайтқанда ғана біледі. Ясау қанша ма жалынып, жылағанмен ол батасын қайтара алмайтынын айтып, Ясауды інісіне құлдыққа көндіреді.

Ясау алдамшы інісі Жақыпты өлтірмекші де болады. Бірақ оны сезген анасы Жақыпты өз інісі Лауанға қашырып жібереді. Жақып түсінде аспанмен тірескен сатыда ары-бері жүрген періштелерді, олардың арасында отырған құдайды көреді. Қарт әкесін де, өзін де алдағаны үшін жазалаудың орнына құдай Жақыпқа батасын береді.

Қуанышы қойнына сыймай келе жатқан Жақып бір құдықтың басында сұлу қызбен кездеседі. Жөн сұрастырса, ол өзінің іздеп келе жатқан нағашысының қызы екен.

Жақып әлгі қызды ұнатқанын нағашысына сездіреді. Лауан қарсылық білдірмейді, бірақ төлейтін қалың мал

орнына жеті жыл қызмет етуді талап етеді. Жақып жеті жылын өтейді. Лауан жақсылап той жасап, Жақыпты үйлендіреді. Лауан Жақыптан да өткен қу екен. Сол замандағы еврейлердің дәстүрінде қыздың бетін неке қиярда жауып қояды екен. Осыны пайдаланып, Лауан Жақыпты сұлу кіші қызы Рахилдың орнына, ажарсыз үлкен қызы Лияға қосады. Ертеңіне Жақып өкпесін айтқанда, апасы тұрғанда сіңлісін күйеуге берген кімді көрдің! Егер Рахилды алғың келсе, тағы жеті жыл жұмыс істейсің дейді. Оған да көнуге мәжбүр болады. Рахилды да алады, одан Жүсіп пен Виннәмин туады. Жақып тағы екі кәнізегіне үйленеді. Сөйтіп, төрт әйелінен 12 ұлы, бір қызы болады.

Мұсаның Мысырдан алып қайтқан көп әйелдері осылардан тарапты-мыс.

يوسف **Юсуф** (тәуратша — Иосиф), Жүсіп (жалқы есім), (Құранның он екінші сүресінің аты). Жүсіп Жақыптың ең жақсы көретін баласы екен. Ол өте сұлу болыпты-мыс. Сондықтан ол «сұлу Жүсіп» атанған. Бұл — еврей еліне тегіс тараған аңыз. Құдай дүние жүзіндегі сұлулықты 100-ге бөліп, оның 99-ын Хауаға (Еваға) беріпті де, қалған біреуін онға бөліп, оның 0,9-ын Жүсіпке, ал 0,1 ғана бүкіл басқа адамдарға үлестіріпті-міс. Бұдан 5—6 мың жыл бұрын белгілі болған осы аңыз, діни көп шығармаларға негіз болған, қазақтардың айтатын «Жүсіп-Зылиқа» қиссасы осыдан алынған.

Бұл аңызда Жүсіп бала кезінен-ақ өзінің зеректігін аңғартқан, түсті керемет жориды екен. Онысын көре ал-

маған ағалары оны керуеншілерге 20 жамаққа (жамақ — 10 тиын) сатады да, киімін қозының қанына бояп, әкесіне алып келеді. Жақып баланы жыртқыш жеп кеткен деп қатты қайғырады.

Керуеншілер Жүсіпті Мысырдағы Перғауынның сарай төресі Потифорға сатады. Оған Жүсіптің қызметі аса ұнап қалады. Сұлу Жүсіпке қожасының әйелі назар аударып, бір күні оны ұстап алып, қасына зорлап жатқызбақшы болады. Ол қашқанда, оның киімі әйелдің қолында қалады. Әйел күйеуіне оның үстінен жалған шағым айтады. Ол Жүсіпті абақтыға қаматады.

Жүсіп абақтының бастығына ұнап, ол өзіне жәрдемші етіп алады. Түрмеде Жатқан Перғауынның бұрынғы шарапшысы онымен дос болады. Жүсіп оның түсін жорып, ол бұрынғы қызметіне қайта баратынын біліп, Перғауынға менің жайымды айт деп жалынады.

Бір күні Перғауын түс көреді, түсінде жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп қояды. Оның мәнін ешкім шеше алмайды. Сонда шарапшының есіне Жүсіп түседі. Перғауын шақырып алған Жүсіп түсін жорып: жеті жыл молшылық, жеті жыл ашаршылық болады екен, осы бастан астық қорын жасау керек депті. Перғауынға Жүсіптің түс жоруы ұнап, оны бас уәзір етіп, Потифардың сұлу қызына үйлендіреді.

Жақыптың Виниэминнен басқа балалары Мысырға астық алуға келген жерде, Жүсіп оларды тани кетеді. Ол ағаларын тыңшысыңдар деп жорта айыптайды. Олар 12 ағайынды Жақыптың балалары екенін, оның біреуі өліп

(Жүсіптің өзін), ең кішісі Винизминнің әкесімен қалғанын түгел айтып береді. Жүсіп ағаларына қайтуға рұқсат етеді, бірақ олардың айтқандарының растығын анықтауым керек деген сылтаумен, олардың біреуін аманатқа алып қалып, Виниэминді (ол өзімен бір анадан туған інісі еді) алып келесіңдер, әйтпесе аманат өлтіріледі дейді. Ол ағаларының қабына астыққа төлеген ақшаларын білдірмей салдырып жібереді.

Балалары Жақыпқа барлық болған оқиғаны баяндап береді. Алғашқыда көнбесе де, Жақып Виниэминді ағаларына қосып Мысырға аттандырады. Виниэминді көріп қуанған Жүсіп ағаларына үлкен құрмет көрсетеді. Сол шаттық үстінде Жүсіп өзінің ең жақсы тостағанын Виниэминнің жүгіне тықтырып қояды. Алыстап кеткен керуеннің артынан Жүсіп атты жасауылдарын жіберіп, қудырады. Олар жақсылыққа жауыздық жасадыңдар, әкімнің бал ашатын қасиетті тостағанын ұрлапсыңдар деп 11 еврейге айып тағады. Жақыптың балалары одан бастартып, егер осы шын болса, олар Мысырға құл болуға әзір екенін білдіреді. Виниэминнің ұрлағанын білгеннен кейін, оларды Мысырға қайтарады. Бірақ Жүсіп ағаларының «кінәсін» кешіреді. Патша оларды Мысырда қалдыруға ризалығын береді, Жақыпты көшіріп алып келу үшін арбаларын жібереді.

Жақсы көретін баласының тірі екеніне қуанған Жақып әулетімен (66 адам) тез Мысырға көшіп келеді. Мұсаның Мысырдан Палестинаға алып келетін 3 миллион еврейлері сол әулеттен тараған екен дейді өтірік аңыз-

да. Еврейлердің Жақыпты бабамыз дейтұғыны сол ертектен қалса керек.

يونس **Юнүс** (тәуратша — Иона, көне еврейше — Ионис), Жүніс (жалқы есім), (Құранның оныншы суресінің аты). Ол Палестина жерінде осыдан 6 мың жыл бұрын шамасында туыпты-мыс дейтін жалған пайғамбарлардың бірі туралы ертек. Бұл ертекте елінен қашқан Жүністі балық жұтыпты-мыс. Бір аңызда ол балықтың қарнында 40 күн, екіншісінде 40 жыл болып, дүниеге қайта келеді. Сондықтан өзінің 20 жасында туған баласынан 20 жас кіші болып шыққан деп ел арасындағы қазақ ақындарының айтыстарында кең тараған діни ертек.

Ирактың Мосул деген қаласындағы Наби Юнус мешітінің жанындағы бір моланы Жүністің қабыры, балықтың қураған сүйегін Жүністі жұтқан балық деп дін иелері надандарды осы уақытқа дейін алдайды екен.



ЖЕР-СУ АТТАРЫ (ТОПАНИМДЕР)

ا

اثيوبيا **Әсиюбия** Эфиопия

اخلاصيه **Ихласия** 1) адалдық, адал ниеттілік, шындық; 2) Берілгендік; 3) «Ихласия»— Мешһед қаласында Науаидың басшылығымен салынған медресенің аты.

اديس ابابا **Әддис-Әбаба.** Аддис-Абеба қаласы.

ارارات **Әрарат** Арарат (Тәуратша Нухтың кемесінің тоқтаған тауының аты).

ارشليم **Үрүшәлим** Иерусалим қаласы.

ارم **Ирәм** Ирем (Құранда көрсетілген қаланың аты). Ирем — Аравияда ертеден аңыз болып кеткен бақтың (баудың) аты. Қазақ әдебиетінде Иранбақ деп аталып кеткен.

استامبول **Истамбул** Стамбұл (тарихи Константинополь», Стамбул — Түркияның ескі астанасы.

استرالى **Үстұрали** Австралиялық.

استراليا **Үстұрали** Австрия.

اسرائيل **Исраил** (орысша Израиль), Ысраиыл — Палестинадағы еврейлер мемлекетінің аты.

اسرائيلي **Исраили** Израилдық, ысрайылдық.

اسنا **Әсна** Асна қаласы.

اسوان **Әсуан** Асуан қаласы.

آسيا **Асия** Азия.

اشور **Әшур** тарихи Ассирия.

اصفهان **Исфаһан** Исфахан қаласы.

اكرا **Әкра** Аккра қаласы.

الاردن **Әл-Урдәнн** Иордания.

الاردنى **Әл-Урдәнни** Иордандық.

البيت الحرم **әл-Бәйт-ил-Хәрәми** бәйтілхәрәм (*діни*: қағбаның теңеуі). Қағбаны қара.

الحبشة **әл-Хәбәшат** — эфиопия.

البصره **әл-Бәсрә** Басра қаласы.

العربية السعودية **әл-Ғәрятбият-үс-Сәғудият** Саудтық Аравия, Саудтық Арабстан.

الاسكندرية **әл-Ескәндәрия,** Ескендария, Іскендерия, Александрия қаласы.

السودان **әс-Судан** (қара, негр), Судан.

السويس **әс-Суәйс** Суэц қаласы.

الشام **әш-Шам** Шам, казіргі Дамаск (Дәмшық) шәһары. Аңыз әңгімелерде сауда-саттық, орталық базар.

الارض المقدسة **әл-Әрз-үл-Мұкәддәсәт** әл-Әрзұлмұқаддәс (касиетті жер, орын, Палестинаның теңеуі), Філәстин, Палестина.

الصومال **әс-Сумал** Сомоли.

العبيد **әл-Ғұбәйд** Убейд қаласы.

العراق **әл-Ғирақ** Ирак.

الفرات **әл-фурат** (тұщы су) фурат — орысша Ефрат. Атақты Алишер Науаидың «Фархад-Шырын» дастанында Фархад осы өзеннің суын бұрды деген.

القاهره **әл-Қаһірә** Каир, Каир қаласы, Мысыр қаласы.

الكنغو **әл-Конғу** Конго.

الكويت **әл-Қуәйт** Қувейт.

المدينة **әл-Мәдинә** Мәдинә, Мәдина, Мәдине, Медине (Мәдинә қаласын қара).

المدينةالمنوره **әл-Мәдинәт-ул-Мүнәууәрә** Мәдинәй-Мүннәуәрә 1) нұрлы Мәдине; 2) Мәдинә қаласының теңеуі.

المشهد **әл-Мәшһәд,** Мешһед, Мешхед қаласы.

المقطم **әл-Мұқәттам** Мұқаттам қаласы.

النوبة **ән-Нубә** Нубия.

النيل **ән-Нил** Көк жасыл, Нил дариясы.

اليمن **әл-йәмән** (оң жақ) Иемен йемендіктердің елінің аты).

امالقرى **үмм-үл-құра** Үмүлқұра (қалалар анасы, көне қала деген мағынада)— Мәккә, Мекке қаласының теңеуі.

انسية **Үнсия** 1) үйірлік; 2) сыпайгершілік, әдептілік; 3) шаттық, қуаныш; 4) «Үнсия»— Мешһед қаласында Науаидың басшылығымен салынған кітапхананың аты.

ايقان **Иқан** Сенушілік, анығын білу, сену, нану — Түркстан қаласынан 20 километр жердегі қыстақтың (ескі бекініс) аты.

ب

بابل **Бабил** Құранда көрсетілген Аравиядағы тарихи Вавилон қаласының ескі аты.

باكستان **Бакістан** Бакистан, Пакистан (пакистандықтардың елінің аты).

بحره **Бәхрә** Бахра қаласы.

بحرالخزر **Бәхр-үл-Хәзәр** Бәхрул-Хазар, Каспий теңізі.

بحرالشريعة **Бәх-үш-Шәриғә** Бахруш-Шариға — Иордан өзені.

بحرالقلزوم **Бәхр-үл-Құлзум** Бахрул-Құлзум — Қызыл теңіз.

بحرلوط **Бәхр-Лут** Өлі теңіз.

بغداد **Бәғдат** Бағдад, Бағдат қаласы.

بورسعيد **Бур-Сәғид** Порт Саид қаласы.

بوليفيا **Булифия** Боливия.

بيت المقدس **Бәйт-үл-Мұқәддес** Иерусалим қаласы.

بيروت **Бәйрут** Бейрут қаласы.

ت

تبريز **Тәбриз** Тавриз қаласы.

تبوك **Тәбук** Табук қаласы.

تل ابيب **Тәлл-Әбиб** Тель-Авив қаласы (Израильдің астанасы).

تونس **Тунис** Тунис елінің астанасы.

تونسى **туниси** Тунистік.

ج

الجزائر **әл-Джәзаир** Алжир.

جزائرى **джәзаири** Алжирлік.

جزائريه **джәзаирия** Алжир әйелі, алжирлік әйел.

جيحون Дҗәйхун Амудария.
جيزان Джизан Джизан қаласы.

ح

حبشي хәбәши Хабаш, эфиопиялық.

حضرموت Хәдрәмәут Хадрамут (Арабстанда болған облыстың аты.

حلب Хәләб Алеппо қаласы.

حلبى хәләби Әләби 1) алеппполық; 2) Алеппо қаласының тұрғыны.

حلفا Хәлфа Хальфа қаласы.

حماة Хәма Хама қаласы.

حمص Хімс Хомс қаласы.

حمير Хімәйр Тарихи Химиар.

حيفا Хәйфа Хайфа қаласы.

د

دار السعادة Дар-үс-Сәғадә Дар-эс-сәғада (Стамбул, тарихи Константинополь қаласының теңеуі, бақытты жай, қала деген мағынада.

دار اسلام Дар-үс-сәлам Дар-эс-салам (Бағдад қаласының теңеуі — бейбіт, тыныш үй, қала деген мағынада).

دجلة Дежлі Тигр өзені.

دمشق Дімәшқ Сирия астанасы, Дамаск, Дәмшық (бұрынғы Шам қаласы).

دهلى Дәһли Дели қаласы.

ر

روم **рум** 1) румдар, гректер; 2) әр-Рум (Құранның отызыншы сүресінің аты). Рум деп көне заманда латын-гректерді атаған да, кейін римдіктерді, Түркияның түріктерін де айтқан.

روما **Рума** Рим шәһары.

رومانی **румани** Римдік.

س

سعودی **сәғуди** Саудтық.

سعودیه **сәғудия** Сауд әйелі, саудтық әйел.

سلانیك **Сәланик** Салоника қаласы.

سنعاء **Сәнға** Сана қаласы

سودان **Судан** Судан

سودانی **судани** Судандық.

سودانیه **судания** Судан әйелі, судандық әйел.

سوریه **сурия** Сирия, Шам.

سوری **сури** Сириялық, шамдық.

سیحون **сәйхун** Сырдария.

سیلان **Сәйлан** Цейлон.

سیناء **Сина** Синай (діни аңызда осы жерде Алла бірінші рет Мұсаға сырын ашыпты, сондықтан ол қасиетті-міс).

ش

شامی **шами** Шамдық, сириялық, сириялық.

شفائیه **Шифаия** Шипалы, ем болатын, «Шифаия»—

Һерат қаласында Науаидың басшылығымен салынған ауруханаың аты.

شرق الاردن **Шәрқ-ұл-Ордонн** Шарқұл-Ордонн (Шығыс Ордания) — Трансордания.

شیراز **Шираз** Шираз қаласы.

ص

صوفیا **Суфия** София қаласы.

صومالی **Сумали** Сомали.

صیدا **Сайда** Сайда қаласы.

ع

عبادان **Ғәбадан** Абадан қаласы.

عجم **Ғәжәм** Ғажам 1) арабтар емес; 2) парсылар.

عدن **Ғәдән** Аден қаласы.

عدنی **Ғәдәни** Әдендік.

عرفه **Ғәрәфә** Ғарафа (ғарафа күні — мұсылмандар мейрамы, қажылардың барып ырым жасайтын Меккенің шығысындағы таудың аты).

عرافات **ғәрафат** ғарафат — (қажылардың қажылық ырымына өткізетін мекенінің шығысындағы Ғарафа тауында бір топ қырқаларының аты (Ғарафаның көпше түрі).

عراقی **ғирақа** Ирактық.

عمان **Ғұман** Оман қаласы.

عمان **Ғәмман** Амман қаласы.

غ

غانا **Ғана** Гана.
غزه **Гәззә** Ғаза, Газа қаласы.
غزنه **Ғәзнә** Ғазна, Газна қаласы.
غويانا **Ғнуияна** Гвиана.

ف

فلسطين **Феләстин** Палестина

ق

قابس **Қабес** Габес қаласы.
قاف **Каф** 1) арабша әріптің аты; 2) Қаф — *діни,* жерді қоршап тұрған таудың аты; 3) Каф (Құранның елуінші сүресінің аты).
قاهره **қаһирә** Каир (Мысыр) қаласы.
قاهرى **қаһіри** Кайырлық мысырлық.

ك

كراتشى **Кәратши** Карачи қаласы.
كربلا **Кәрбәла** Кербела қаласы.
كرد **Күрд** Курд, курдтар.
كردستان **Курдистан** Курдистан.
كعبه **кәғбә** арабша куб деген мағынада, орысша — кааба. Қәғба — Мекке қаласындағы көрініс кубке ұқсаған мұсылмандардың храмы, үлкен мешіті. Оның қабырғасында қара тасы бар. Діни ертекте ол тасты періште ұжмақтан алып келіпті-міс. Оның ешбір кереметі жоқ,

ол кәдімгі метеорит (аспандағы әлемнен жерге түскен тас). Мұсылмандар Кәғбаны құдайдың үйі деп аса құрметтейді, күнәсін жуу үшін оған зиярат етіп кажылыкқа барады. Бұл исламнан бұрын да болған әдет еді. Кәғба осы уақытқа дейін дін иелерінің баю бұлағы болып келеді.

كينيا **киния** Кения (кениялыктардың елі).

ل

لبنان **Лубнан** Ливан.

ليبريا **Либәрия** Либерия.

ليبيا (لوبيا) **Либия** (Лубия) Ливия.

م

مدراس **Мәдрас** Мадрас қаласы.

مدغشقر **Мәдәғәшкәр** Мадагаскар.

مدينه **Мәдина** Қала, шәһар деген сөз. Мәдина, Медине, Сауд арабтарының діни орталығы, ислам дінінің дүниеге тараған орталығы. Мұхаммед Меккеде туып, осы қалада өлген деседі.

مراكش **Мәррәкүш** Марокко.

مرو **Мәру** Мерв қаласы.

مروى **Мәруа** Марва қаласы.

مشهد **мәшһәд** Мешһед, Мешхед қаласы.

مكة **мәккә** Мекке, Мекке-Сауд Аравиясының бас қаласы, Мұхаммед «пайғамбардың» туған қаласы, ислам дінінің алғашкы шыға бастаған жері.

مكة المكرمة **Мәккәт-үл-мүкәррәма** Мәккәи-мүкәррәмә



1) Мекке қаласының теңеуі; 2) кереметті, аса құрметтелетін дін орны деген сөз.

مكى **мәкки** Мекелік.

ن

نجد **Нәджд** Неджд — Сауд Арабстанындағы облыс аты.

نجران **Нәджран** Наджран — облыс.

نهر الاردن **Нәhр-үл-Урдәнн** Иордан өзені.

نهر السلام **Нәhр-үс-Сәлам** (Бейбітшілік, тыныштық өзені), Тигр өзені.

نهر الشريعة **Нәhр-үш-Шәриғә** Шариғат (заң, қасиет) өзені, Иордан өзені.

نيجيريا **Нижәйрия** Нигерия.

نيل **Нил** Ніл (көк, жасыл) дариясы.

ه

هرات **Иhират** Герат — өзбектің ақыны, ғалымы, мемлекет қайраткері Әлишер Науаидың (1441—1501) туып-өскен, тәрбие алған мемлекеттік қызметін атқарған, өнерін тапқан қаласы. Науаидың қабыры сол қалада.

Герат XV ғасырда Орта Азияның мәдени орталығы болған. Оған Науаи үлкен үлес қосқан.

Науаиға дейін үлкен ақындарға шығармаларын, дастандарын парсы мен араб тілдерінде жазу әдет болған. Өйткені, өлеңнің сұлулығын, үнділігін, құдіреттілігін түркі тілі қамти алмайды деп санаған. Бұның олай емес

екенін Науаи бірінші болып іс жүзінде дәлелдеген. Ол ескі өзбек тілінде өзінің үлкен дастанын жазған.

Науаидың шығармалары түркі тілдес елдердің әдебиетінің дамуына көп әсері тиген. Науаидың шығармаларын Абай жақсы білген.

هماﻻيا **һималая** Гималаи (таулар аты).

هندستان **һиндустан** Үндстан, Индия.

هندى **һинди** Үнді.

هندكوش **һиндүкуш** Гиндукуш (тау аты).

ي

يافا **Йафа** Яфа қаласы.

يثرب **Йәсриб** Ясриб (қазіргі Мәдине қаласының ескі аты), тарихи иатриб қаласы.

يمن **Йәмән** Йемен

يمانى **Йамани** ямани, имендік.

يونان **Йунан** Юнан, Греция.

* * *

3-ҚОСЫМША

АРАБТЫҢ ЕКІНШІ ТҮРЛІ ЦИФРЫ МЕН ӘБЖӘД

Араб және кейбір шығыс елдерінде біздің қазіргі қолданып жүрген араб цифрларынан басқа арабтың екінші түрлі цифры пайдаланылады. Оны қосымша түрде төменде беріп отырмыз.

Арабша оқу және жазудың оңнан солға қарай болатындығы баршаға мәлім. Ал цифрлар — оның керісінше, яғни солдан оңға қарай. Сондықтан оны үйрену оңай. Арабтың екі түрлі цифрларының айырмасы тек жазылу түрінде ғана. Оны төменде салыстырма мысалдардан көруге болады.

1 – ١	11 – ١١	30 – ٣٠	400 – ٤٠٠	1479 – ١٤٧٩
2 – ٢	12 – ١٢	40 – ٤٠	500 – ٥٠٠	1583 – ١٥٨٣
3 – ٣	13 – ١٣	50 – ٥٠	600 – ٦٠٠	1614 – ١٦١٤
4 – ٤ (۴)	14 – ١٤	60 – ٦٠	700 – ٧٠٠	1752 – ١٧٥٢
5 – ٥ (۵)	15 – ١٥	70 – ٧٠	800 – ٨٠٠	1833 – ١٨٣٣
6 – ٦	16 – ١٦	80 – ٨٠	900 – ٩٠٠	1965 – ١٩٦٥
7 – ٧	17 – ١٧	90 – ٩٠	1000 – ١٠٠٠	2014 – ٢٠١٤
8 – ٨	18 – ١٨	100 – ١٠٠	1100 – ١١٠٠	3103 – ٣١٠٣
9 – ٩	19 – ١٩	200 – ٢٠٠	1200 – ١٢٠٠	4570 – ٤٥٧٠
10 – ١٠	20 – ٢٠	300 – ٣٠٠	1300 – ١٣٠٠	5555 – ٥٥٥٥

Әбжәд — жиырма сегіз әріптен құралған көне алфавит. Әрбір әріптің өзіне тән сандық мәні бар. Сондықтан әбжәтті есеп шығаруға (көбейту таблицасына), қандай санды болса да әріптермен беруге, сөзді шифрлармен жазуға пайдаланатын. Әріптердің сандық мәні төмендегі.

١ — ا	٦ — و	٢٠ — ك	٧٠ — ع	٣٠٠ — ش	٨٠٠ — ض
٢ — ب	٧ — ز	٣٠ — ل	٨٠ — ف	٤٠٠ — ت	٩٠٠ — ظ
٣ — ج	٨ — ح	٤٠ — م	٩٠ — ص	٥٠٠ — ث	١٠٠٠ — غ
٤ — د	٩ — ط	٥٠ — ن	١٠٠ — ق	٦٠٠ — خ	
٥ — ه,ه	١٠ — ي	٦٠ — س	٢٠٠ — ر	٧٠٠ — ذ	

Әріптердің сандық мәнін пайдаланып, қандай сан болса да жазуға болатындығын төмендегі мысалдардан аңғаруға болады.

١١ — يا	٧٢ — عب	٤٧٨ — تعح	١٢٢٠ — غرك	٤٠٠٠ — دغ
١٥ — يه	٨٣ — فج	٥٥٩ — ثنط	١٣٤٤ — غشمد	٥٠٠٠ — هغ
٢٧ — كز	٩٨ — صح	٦١٣ — خيج	١٤٥٥ — غتنه	١٠٠٠٠ — يغ
٣٩ — لط	١١٠ — قي	٧٠١ — ذا	١٥٢١ — غثكا	١٥٠٠٠ — يهغ
٥٤ — ند	٢٥٠ — رن	٨٨٨ — ضفح	١٩٦٥ — غظسه	٥٠٠٠٠ — نغ
٦٣ — سج	٣١٢ — شيب	٩٧٩ — ظعط	٢٠٠٠ — بغ	٢٠٠٠٠٠ — رغ
		١٠٥٠ — غن	٣٠٠٠ — جغ	٥٠٠٠٠٠ — ثغ

4-ҚОСЫМША

ҚҰРАН СУРЕЛЕРІНІҢ АТТАРЫ*

АРАБША		ҚАЗАҚША
فاتحة الكتاب	.1	Кітаптың беташары
بقره	.2	Сиыр
آل عمران	.3	Ғимран әулеті.
نساء	.4	Әйелдер
مائده	.5	Тамақ
انعام	.6	Мал (хайуандар).
اعراف	.7	Бөгеттер.
انفال	.8	Олжа, табыс.
توبه	.9	Тәубе.
يونس	.10	Юнус (Жүніс).
هود	.11	Һуд.
يوسف	.12	Юсуф (Жүсіп).
رعد	.13	Күн күркіреу.
ابراهيم	.14	Ибраһим.
حجر	.15	Тас.
نحل	.16	Бал ара.
اسراء	.17	Түнгі сапар.
كهف	.18	Үңгір.
مريم	.19	Мәриям.
طه	.20	Таһа.

* Суре аттарына қысқаша түсініктер және олардың қалай оқылуы алфавит бойынша сөздікте және қосымшаларда берілді.

انبياء	.21	Пайғамбарлар.
حج	.22	Қажылық.
مؤمنين	.23	Исламды қабылдағандар.
نور	.24	Нұр (жарық).
فرقان	.25	Құран.
شعراء	.26	Ақындар
نمل	.27	Құмырсқа.
قصص	.28	Әңгімелер (қиссалар).
عنكبوت	.29	Өрмекші.
روم	.30	Румдар (көне гректер).
لقمان	.31	Лұқман.
سجده	.32	Сәжде, бас ию.
احزاب	.33	Топтар, көпшілік.
سبأ	.34	Сәба (жалқы есім)
ملائكة	.35	Періштелер.
يس	.36	Ясин.
صافات	.37	Қатарда тұрушылар.
ص	.38	Сад.
زمر	.39	Жиындар, топтар.
مؤمن	.40	Діншіл, Мүэмін.
فصلت	.41	Түсіндірілген.
شورى	.42	Кеңес.
زخروف	.43	Әшекейлер.
دخان	.44	Түтін.
جاثيه	.45	Тәжім етушілік, тізе бүгушілік
احقاف	.46	Құмдар.
محمد	.47	Мұхаммед.
فتح	.48	Жәніс.

حجرات .49 Бөлмелер
ق .50 Қаф.
ذريات .51 Шашушылар.
طور .52 Тау (Синай тауы).
نجم .53 Жұлдыз.
قمر .54 Ай.
رحمان .55 Рақымды.
واقيعه .56 Оқиға.
حديد .57 Темір
مجادلة .58 Қарысушылық.
حشر .59 Жиналыс
ممتحنه .60 Сыналушы (емтиханнан өтуші).
صف .61 Саптар, қатарлар.
جمعه .62 Жұма, күн.
منافقين .63 Монталылар (екіжүзділер).
تغابن .64 Бірін-бірі алдау.
طلاق .65 Талақ.
تحريم .66 Тыйым.
ملك .67 Үкімет.
قلم .68 Қалам.
حاقه .69 Шәксіз (болатын).
معارج .70 Сатылар.
نوح .71 Нух.
جن .72 Жын.
مزمل .73 Оранған.
مدثر .74 Оранған.
قيامة .75 Киямет.
انسان .76 Адам.

مرسلات	.77	Елшілер.
نبأ	.78	Хабар
نازعات	.79	Жұлушылар.
عبس	.80	Қабағын түйді.
تكوير	.81	Ширатылу.
انفطار	.82	Бүліну.
مطففين	.83	Кем өлшеушілер.
انشقاق	.84	Жарылу.
بروج	.85	Мұнаралар.
طارق	.86	Түн қағушы.
اعلى	.87	Ең ұлы.
غاشيه	.88	Жапқыш.
فجر	.89	Таң сәрі.
بلد	.90	Қала.
شمس	.91	Күннің көзі.
ليل	.92	Түн.
ضحى	.93	Таңертең.
انشراح	.94	Қуаныш.
تين	.95	Інжір.
علق	.96	Ұйысқан қан.
قدر	.97	Құдірет.
بينه	.98	Анық аят.
زلزله	.99	Жер сілкіну.
عاديات	.100	Зымыраушылар.
قارعة	.101	Ұтылғандар (қияметте)
تكاثر	.102	Көбею.
عصر	.103	Кешкі уақыт.
همزة	.104	Өсекші.

فيل	.105	Піл.
قريش	.106	Құрайыш.
ماعون	.107	Қайыр.
كوثر	.108	Молшылық (ұжмақ бұлағы).
كافرين	.109	Кәпірлер.
نصر	.110	Жәрдем.
مسد	.111	Пальма талшығы.
اخلاص	.112	Ықылас.
فلق	.113	Таң
ناس	.114	Адамдар.

* * *

Ш-4

5-ҚОСЫМША

СӨЗДІККЕ ПАЙДАЛАНҒАН НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

Абай (Ибраһим) Құнанбаев, Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1948.

Айбек. «Науаи», Қазақ және өзбек тілдерінде. Алматы, 1949.

Ақназаров Х. Ислам діні және оның реакциялық мәні. Алматы, 1964.

Әуезов М. О. Абай жолы, I-том. Алматы.

Батырлар жыры, II-том. Алматы, 1961.

Бекмұхаметов Е. Б. Қазақ тіліндегі араб және парсы луғаттары (орысша аудармасымен), (қолжазба).

Жансүгіров І. Шығармалары. Алматы, 1960—1963.

«Жұлдыз» журналы. Алматы, 1963—1965 жылдардағы номерлері.

Қазақ әдебиетінің тарихы, II-том. Алматы, 1964—1965.

Қазақ эпосы. Алматы, 1958.

Қазіргі қазақ тілі. Қазақ ғылым Академиясының Тіл білімі институты. Алматы, 1962.

Климович Л. И. Ислам. Алматы, 1965.

Ковалев А. А., Шарбатов К. Ш. Араб тілінің оқу құралы. Алматы, 1960.

Құран (араб тілінде) 1916.

Құран (орыс тілінде) аударған және түсінік берген *Крачковский И. Ю.* Москва, 1963.

Лео Таксиль. Қызықты тәурат (Забавная библия) 1964.

Мұқанов Сәбит. Жұмбақ жалау. Алматы, 1938.

Мың бір түн. Қазақшаға аударған *Әбдіқадыров Қалмақан.* Алматы, 1961—1962.

Сегаль В. С. Араб тілінің бастауыш курсы, 1962.

Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу, шығармаларының VI томдығы. Алматы, 1960—1964.

Социалистік Қазақстан газеті. 1963—1965.

Торайғыров С. Екі томдық шығармалар. Алматы, 1967.

Тәжібаев Ә. Т. II томдық шығармалар. Алматы, 1959—1960.

Жүректілер, 1964., Ақан сері, 1963. Өмір және поэзия. 1960. Кешеден бүгінгіге, 1964.

Уәлиханов Ш. Ш., Шығармаларының I—II томы, 1961.

Арабша-орысша сөздік. Редакциясын басқарған проф. *Х. К. Баранов,* 1962.

Беғалиев Ғ. Б. Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 1942.

Будагов А. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, I—II-томдар, 1869—1871.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Редакциясын басқарған *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.,* Алматы, 1963.

II-томдық казақ тілінің түсіндірме сөздігі. Редакциясын басқарғандар *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.,* Алматы, 1959—1961.

Орысша-арабша сөздік. Құрастырғандар *Иль-фархи Т. А., Красновский Г. Ш.,* 1962.

Орысша-казақша сөздік. Алматы, 1954.

Орысша-казақша терминологиялық сөздік 6 кітапты шығарған Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты, 1959—1961.

Парсыша-орысша сөздік. Құрастырған *Фарзяи А. А.,* 1959.

Радлов В. В. Опыт словаря тюрецких наречий 1893—1911.

Шетел сөздерінің сөздігі (орыс тілінде), Бас редактор *Петров Ф. Н.,* 1942.

* * *

МАЗМҰНЫ

* * *

Оңдасынов Н.

Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Жалпы ред. басқарған Е. Б. Бекмұхаметов. Алматы, «Жазушы», 1969.

266 бет.

Н. Д. ОНДАСЫНОВ

АРАБСКО-КАЗАХСКИЙ ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ

Под общей редакцией *Е. Б. Бекмухаметова*

Редактор *К. Жаксыбаева.* Техн. редактор *Ж. Момунов*
Корректор *Н. Жармухамбетова*

Сдано в набор 5/III 1968 г. Подписано к печати 26/II 1969 г.
Формат $70 \times 108^{1}/_{32}$—8,25=11,55 п. л. (8,6 уч.-изд. л.).
Тираж 7000 экз. Цена 50 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Кирова 122.

Зак. 536. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров Казахской ССР по печати, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 63.